

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 1171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 желтоқсанда № 31067 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 130) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Жауынгерлік даярлық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 20 тамыздағы № 639 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19293 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 639 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 29 маусымдағы № 421 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23378 болып тіркелген).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Р. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 1171 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, әскер тектері мен арнайы әскерлері, оқу-жаттығу орталықтары мен әскери оқу орындары полигондарының қызметі тәртібін айқындайды, олар тұрғындарды хабардар ету, олармен түсіндіру жұмысын жүргізу, полигон (оқу-жаттығу объектісі) аумағын қоршау тәртібін, полигондарды жарылу қаупі бар заттардан тазартуды, медициналық қамтамасыз етуді, әскери бөлімдер мен бөлімшелерді полигондағы сабақтарға жіберуді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін максималды қашықтыққа оқ атуды жүргізу кезінде ұшу кеңістігінің және бүйірлік қорғау аймағының минималды рұқсат етілген шамасын, сондай-ақ далалық шығу кезінде әскери бөлімдер мен бөлімшелерді орналастыруды қамтиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автоайлақ – әскери қызметшілерді автомобильді, шынжыр табанды тартқыш пен транспортерді жүргізуге оқытып-үйрету және дағдыларын жетілдіру үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

2) әскери оқ ату алаңы – бөлімшелер әскери қызметшілерінің атыс қаруынан, қол, станокты және ұңғыасты гранатаатқышынан оқу-жаттығу және бақылау оқ атуы жаттығуын, жауынгерлік қол гранатасын лақтыру бойынша жаттығуды орындауы үшін арналған жергілікті жер учаскесі;

3) әуе авиациялық полигоны – әуеден оқ атуды, "әуе-әуе" сыныбындағы басқарылатын зымырандарды әуеде радиобасқарылатын, парашюттік нысана мен зымыран-нысана бойынша ұшыруды, қарудан оқ атуды жүргізу үшін, сондай-ақ зениттік зымыран бөлімдері мен бөлімшелерінің, зениттік артиллерия бөлімшелері мен бөлімдерінің оқ атуды жүргізуі және әуедегі нысана бойынша зымыранды ұшыруы үшін жабдықталған әуе кеңістігі бар арнайы бөлінген жер учаскесі;

4) әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарының оқ ату қалашығы – экипаж (есептоп) нөмірлерін оқ ату және жауынгерлік жұмыс, винтовка патронымен оқу-жаттығу және жауынгерлік оқ атуды орындаумен зениттік зымыран-артиллериялық батареяны жауынгерлік шоғырландыру және оқ атумен басқару қағидаларына жеке даярлау үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі бар оқу-жаттығу объектісі;

5) барлаушы соқпағы – барлау бөлімшелерін тактикалық-арнайы және арнайы даярлау бойынша, сондай-ақ әскер тектерін барлауға даярлау бойынша оқытып-үйрету үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

6) бастапқы шеп – оқып-үйренушілердің кезекті ауысымын оқ атуға сапқа тұрғызу және даярлау, жаттығуды орындау алдында жауынгерлік машинаны орналастыру және бөлімшелерге міндеттер қою үшін қауіпсіз орынды білдіретін сызық. Жауынгерлік оқ атумен және артиллериядан жауынгерлік оқ атумен тактикалық оқу-жаттығуда әскерлердің жауынгерлік ретінің тереңдігіне байланысты бастапқы қалып оқу-жаттығу объектісінің шекарасынан тыс тағайындалады;

7) жаяу әскер жауынгерлік машинасының оқ ату қалашығы – жаяу әскер жауынгерлік машинасындағы, броньды транспортердағы және броньды дөңгелекті машинадағы мотоатқыштар бөлімшелері әскери қызметшілерінің даярлық жаттығуын орындауы бойынша оқ ату жаттықтыруын өткізу үшін арналған объект;

8) имитациялау – макетті, радиотехникалық, радиоэлектрондық, пиротехникалық, жарық түсіру, дыбыстау, түтін және инженерлік құралдарды қолдану, сондай-ақ әртүрлі құрылысты (басқару пункттерін, жертасаны, траншеяны, бекіністі) орнату арқылы әскерлерге, әскери объектілерге, әскери техника мен қару-жараққа тән жалған объектілер, белгілер жасау;

9) имитациялау алаңы – тактикалық оқу-жаттығу ниеті бойынша арнайы дайындалған және имитациялау құралдарымен жабдықталған нысана алаңының жергілікті жер учаскесі;

10) имитациялау-жарғыш команда – имитациялау және жарылмаған оқ-дәрілерді (снарядты, минаны, авиациялық бомбаны, имитациялау зарядтары мен жарылу қаупі бар затты) жару үшін арналған команда;

11) имитациялау құралдары – әскери қызметшілерде нақты ұрысты көрнекі, дыбыс және жарық түсірумен радиотехникалық, радиоэлектрондық, пиротехникалық, жарық түсіру, дыбыстау, түтін және инженерлік құралдарды қолдану арқылы жасауға ықпал ететін құрылғы (жабдық);

12) инженерлік қалашық – инженерлік әскерлер бөлімшелерін әскер тектерін тактикалық-арнайы, арнайы және инженерлік даярлау бойынша оқытып-үйрету үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

13) кабельдік желі блиндаждары мен тарату құдықтары – бұл электр жетегін, электр қалқаны мен коммутациялық аппаратураны орналастыру үшін қажетті құрылыс;

14) машина айлағы – механик-жүргізушіні, экипаж бен есептопты инженерлік машинаны жүргізуге және инженерлік міндеттерді орындауға оқытып-үйрету үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

15) нысана – нақты нысанаға анағұрлым тән белгіні имитациялайтын жасанды нысана (көлемі, нысаны, түсі, кей кезде материал, қозғалу тәсілі мен жылдамдығы);

16) нысана алаңы – онда оқу-жаттығу, оқ ату және жауынгерлік даярлық бойынша сабақ өткізу үшін арнайы дайындалған және нысана орнымен (оқу-жаттығу ниеті немесе оқ ату жаттығуы шарттары бойынша) жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

17) оқ атуды бастау шебі – оқ атуға рұқсат берілетін сызық;

18) оқ атуды тоқтату шебі – оған жеткен кезде оқ атуға жол берілмейтін сызық. Танк директрисасының, жауынгерлік машина директрисасының оқ атуды тоқтату шебінде оқ ату жаттығуын орындағаннан кейін танкінің, жауынгерлік машинаның және броньды транспортердің оған шығуын белгілеу үшін аспаптар орнатылады. Әскери оқ ату алаңында бастапқы қалып, оқ атуды бастау және тоқтату шебі жергілікті жер заттарымен, ал директриса мен оқ ату қалашығында – көрсеткішпен белгіленеді;

19) оқу-жаттығу объектісі – әскерлерді жауынгерлік даярлау міндеттерін орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери қызметшілердің жауынгерлікке анағұрлым жақындатылған жағдайда психологиялық төзімділігін қалыптастыру үшін жабдықталған арнайы бөлінген жергілікті жер (су, су түбі) учаскесі немесе құрылыс;

20) оқу-жаттығу орталығы – бір немесе бірнеше әскер (күш) тегінің бөлімшесі мен бөлімі (кораблі) әскери қызметшілерінің жауынгерлік даярлық міндеттерін оқытуға және практикалық пысықтауға және жауынгерлік (далалық, әуе және теңіз) машығының деңгейін арттыруға арналған оқу-жаттығу объектілерінің кешені бар әскери бөлім;

21) орталық командалық пункттер, командалық және учаскелік басқару пункттері – нысаналық жағдайды және имитациялауды басқару, жеке құрамға басшылық жасау және қадағалау жүргізу үшін арналған объектілер;

22) полигон – әскерлердің (күштердің) жауынгерлік даярлығы жөніндегі іс-шараларды жүргізу, қару мен әскери техниканы сынақтан өткізу үшін, сондай-ақ әскери зерттеу, әскери техниканың (қару-жарақтың) мүмкіндігін көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тұрақты (уақытша) пайдалану құқығымен бөлінген, үстіндегі әуе кеңістігі бар арнайы бөлінген жер (су) учаскесі және ол мынадай болып бөлінеді:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің, әскер тектері мен арнайы әскерлерінің, оқу-жаттығу орталықтары мен әскери оқу орындарының полигондары;

жерүсті, теңіз, әуе және арнайы болып бөлінетін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің авиациялық полигондары мен авиациялық бағыттары;

23) полигондық жабдық – барлық қару-жарак түрінен оқ ауды жүргізу кезінде әскери қызметшілерді оқытып-үйрету үшін жергілікті жер учаскесінде пайда болатын және жылжымалы нысанасы, имитациялау, жарық және пиротехникалық құралдары бар қажетті нысаналық жағдай жасайтын, сондай-ақ полигондық жабдықтың жеке қондырғылары (аспабы, агрегаты, механизмі), командалық пункттерден (учаскелік басқару пункттерінен) электр тұтынушыларға дейін орналасқан нысана алаңының қуат беру және бақылау кабельдері желісі кіретін техникалық құралдар кешені;

24) полигонның инженерлік-техникалық жабдығы – тактикалық бағдар, техника корпусы, қару-жарак пен жауынгерлік техника макеттері, декоративті және жерге орнатылған құрылыстар, өту жолын және нысаналы қондырғыларды орналастыру орындарын топырақпен үю, жауынгерлік машинаның жүру және қайтып оралу жолы, асфальтталған және жай жолдар, орлар мен траншеялар, сондай-ақ полигонда жасалған топогеодезиялық тірек желісі;

25) полигонды электрмен жабдықтау жабдығы – полигонның ғимараттары мен құрылыстарына дейін тартылған электр тарату желісінің электр-техникалық құралдары, трансформаторлық шағын станциялар, қуат беру кабельдік желісі, сондай-ақ полигон жолдарына, ғимараттары мен құрылыстарына жарық беру желісі;

26) радиациялық, химиялық және бактериологиялық қорғау қалашығы – радиациялық, химиялық және бактериологиялық қорғау әскерлерінің бөлімшелерін әскер тектерін тактикалық-арнайы және арнайы даярлауға және радиациялық, химиялық және бактериологиялық қорғау бойынша даярлауға оқытып-үйрету үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі;

27) тактикалық алаң – бөлімшелермен тактикалық оқу-жаттығуды және тактикалық-саптық сабақты өткізу, сондай-ақ әскери қызметшіні жеке даярлау үшін арналған жергілікті жер учаскесі;

28) танк айлағы – әскери қызметшілерді танкіні, өздігінен жүретін артиллериялық және зениттік қондырғыларды, жаяу әскер жауынгерлік машинасын, дөңгелекті, шынжыр табанды броньды транспортерды және олардың базасындағы машинады жүргізуге оқытып-үйрету және дағдыларын жетілдіру үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі бар оқу-жаттығу объектісі;

29) танк директрисасы (жаяу әскер жауынгерлік машинасы директрисасы, броньды транспортер директрисасы, аралас директриса) – танкіден (жаяу әскер жауынгерлік машинасынан, броньды транспортерден, броньдалған дөңгелекті машинадан), оқу-жаттығу және бақылау оқ атуы жаттығуын орындау және взвод құрамында оқ ауды басқаруға оқытып-үйрету үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі бар оқу-жаттығу объектісі;

30) танкіден оқ ату қалашығы – танк бөлімшелерінің даярлық жаттығуының жаттықтыруын жүргізуі үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі бар оқу-жаттығу объектісі;

31) танкіге қарсы басқарылатын зымыраннан және артиллериядан оқ ату үшін директриса – артиллериялық және танкіге қарсы бөлімшелердің жауынгерлік оқ ату жаттықтыруын, сынақ, имитациялау оқ атуын және тактикалық оқу-жаттығуды жүргізу үшін жабдықталған жергілікті жер учаскесі бар оқу-жаттығу объектісі;

32) танк-оқ ату жаттықтыруы – танкистерді танкіден оқ атуды жүргізуге оқытып-үйретудің негізгі нысаны. Танк ротасы немесе оқу-жаттығу танк взводы құрамында танкіден оқ ату қалашығында өткізіледі. Оқу-жаттығу орындары шайқалмалы рамамен, оқу-жаттығу мұнарасымен, тренажермен, көздегіші бар станокпен жабдықталады. Оқ ату қалашығы алдында нысана алаңы жасалады;

33) теңіз авиациялық полигоны – авиациялық бөлімдер әуе кемелері экипажының теңіз, жылжымалы және жылжымайтын, суүсті және жерүсті нысанасы бойынша жауынгерлік қолдануды пысықтауы үшін жабдықталған, теңіз түбі және оған іргелес жағалаудың бір бөлігі, үстіндегі әуе кеңістігі бар арнайы бөлінген теңіз акваториясы;

34) тыл ауданы – оқу-жаттығу объектісінің бастапқы қалпы мен тылдық шекарасы арасында орналасқан аудан, сабаққа (оқ атуға және жүргізуге) келетін бөлімшелерді шоғырландыру, материалдық бөлікті сабаққа дайындау, әртүрлі сабақ пен жаттықтыруды өткізу үшін жабдықталады;

35) ұшуды басқару тобы – авиациялық полигонда және оның әуе кеңістігінде әуе кемесі экипажының ұшу тапсырмаларын толық, уақтылы және қауіпсіз орындауын қамтамасыз етуге арналған топ.

3. Әскери бөлім әрбір полигонға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша полигон формулярын толтырады, оған жер учаскесі бойынша, қолда бар жабдық және полигон ғимараттары бойынша деректер енгізіледі.

4. Полигон ғимаратын, командалық және қадағалау пункттерін, радиотехникалық құралдарды, электрлендірілген нысаналарды электрмен қуаттандыру өнеркәсіп желісінен және тасымалданатын (стационарлық) электр станцияларынан жүзеге асырылады. Электр энергиясының баламалы көздері (аккумулятор батареялары, күн сәулесі панельдері, желді-электр генераторлы қондырғылар) қосымша немесе резервтегі электрмен қуаттандыру көзі ретінде пайдаланылады.

5. Полигонда жауынгерлік даярлық іс-шараларын жоспарлау, есепке алу және ұйымдастыру мақсатында осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген полигонда жүргізілетін құжаттама кестесіне сәйкес құжаттама жүргізіледі.

2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері, әскер тектері мен арнайы әскерлері, оқу-жаттығу орталықтары мен әскери оқу орындары полигондарының қызметін ұйымдастыру

1-тарау. Полигондардың жіктемесі

6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің, әскер тектері мен арнайы әскерлерінің, оқу-жаттығу орталықтары мен әскери оқу орындарының полигондары әскерлердің жедел, жауынгерлік даярлығы (оқу процесі) іс-шараларын қамтамасыз ету бойынша мүмкіндігі мен жүктелген міндеттерге байланысты, сондай-ақ өздерінің нысаналы мақсаты бойынша төрт санатқа бөлінеді:

1) бірінші санат – зақымдау құралдарын қолдана отырып, жедел, жедел-тактикалық және тактикалық оқу-жаттығу өткізуді қамтамасыз етеді;

2) екінші санат – жауынгерлік оқ аруды күшейту құралдарымен полкке (батальонға, дивизионға) дейін тактикалық оқу-жаттығу өткізуді қамтамасыз етеді;

3) үшінші санат – жауынгерлік оқ аруды күшейту құралдарымен ротаға дейін тактикалық оқу-жаттығу өткізуді қамтамасыз етеді;

4) төртінші санат – взводқа дейін жауынгерлік оқ аруды өткізуді қамтамасыз етеді.

7. Полигонда оқ ату (бомба лақтыру) мен оқу-жаттығуды өткізу үшін қару-жарак жүйесі және оқ-дәрі (снаряд, авиациялық зақымдау құралдары) түрлері:

1) қарамағында полигондар тікелей болатын өңірлік қолбасшылықтар әскерлері мен әскер тектері қолбасшыларының бұйрықтарымен;

2) қарамағында полигондар болатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың құрылымдық бөлімшелеріне және Қарулы Күштері түрлері бас қолбасшыларының басқармаларына тікелей бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) командирлерінің бұйрықтарымен айқындалады.

2-тарау. Оқу-жаттығу объектілері, олардың арналуы және жабдықталуы

8. Полигонның оқу-жаттығу объектілеріне тактикалық алаңдар, әскери оқ ату алаңдары, оқ ату қалашықтары (танк, жаяу әскер жауынгерлік машинасы, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары), директрисалар (танк, жаяу әскер жауынгерлік машинасы, броньды транспортер, біріктірілген, теңіз жаяу әскерінің (жағалық күзеттің) оқ атуы үшін, танкіге қарсы басқарылатын зымырандар және артиллерия), танк айлағы, машина айлағы, автоайлақ, әскерлерді тауда және арнайы даярлау үшін жабдықталған объектілер, инженерлік, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қалашығы, барлаушы соқпағы жатады.

9. Арнайы алаңдар бөлімшелерді қарсыластың оқ атумен қолдау танкілеріне, ұшақтарына, тікұшақтарына, танкіге қарсы құралдарына және басқа да жауынгерлік техникасына қарсы күрес, сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қарудан және өртегіш құралдардан қорғану тәсілдеріне оқытып-үйрету үшін жабдықталады. Полигонды (оқу-жаттығу орталығын) орналастыру жағдайына және жер учаскелерінің бар болуына байланысты арнайы алаңдарды жеке немесе оқу-жаттығу тактикалық алаңы ауданында орналастыруға жол беріледі.

10. Полигонда (оқу-жаттығу орталығында) оқу-жаттығу объектілері оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік шарасы сақталатындай және тактикалық оқу-жаттығу өткізу кезінде әскерлердің маневр жасауы мүмкін болатындай орналастырылады.

11. Оқу-жаттығу және жауынгерлік оқ ату жүргізілетін оқу-жаттығу объектілері командалық және учаскелік пункттермен, жауынгерлік қуаттандыру пункттерімен, бастапқы шептермен, оқ атуды бастау және оқ атуды тоқтату шептерімен (оқ ату бекіністері аудандарымен), нысаналар аудандарымен (нысана алаңымен), тыл ауданымен және сыныптармен жабдықталады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ұшу кеңістігінің және бүйірлік қорғау аймағының минималды рұқсат етілген шамасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады, ал көрсеткіштер мен белгілер осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген сигналдық және ескерту жалауларының, белгілердің, көрсеткіштердің, тақташалар мен олардың сипаттамаларының үлгілеріне сәйкес белгіленеді.

Ұшу кеңістігі артиллериялық қару-жарақтан оқ ату қауіпсіздігін толық қамтамасыз етпейтін полигондарда (оқу-жаттығу орталықтарында) олардың көтерілу және бұрылу бұрыштарын шектейтін, ұшу кеңістігінің тереңдігінен асатын қондырғыда оқ атуды болдырмайтын айла-бұйым пайдаланылуы мүмкін.

12. Оқ ату даярлығы оқу-жаттығу объектісінің командалық пункті оқу-жаттығу объектісінің ортасында оқ атуды бастау шебіне дейін 50 – 150 метр қашықтықта орналасады. Қалған оқу-жаттығу объектілерінің командалық пункттері жергілікті жердің жағдайына және объектінің жабдықталуына сүйене отырып, объектінің учаскесінде орналастырылады.

Командалық пункт оқу-жаттығу объектісін басқару пунктімен және электр қалқанымен жабдықталады. Басқару пунктінде учаскеде оқ ату (сабақ) жетекшісі және оқу-жаттығу объектісінің операторы үшін жұмыс орындары жабдықталады. Басқару пункттері ішінде пульттік аппаратура, байланыс құралдары және дабылдама орнатылады. Электр қалқандарында (жертөледе қуат беру) коммутациялық аппаратура (электр және тарату қалқаны), электр қуатын беру агрегаттары (трансформаторлар, түзеткіштер, түрлендіргіштер) орнатылады. Командалық пункт ғимаратының көлемі мен оның қабаттылығы басқару пунктінің үй-жайынан оқу-жаттығу объектісінің барлық аумағын көзбен шолуды қамтамасыз етуді ескере отырып есептеледі. Оқу-жаттығу объектісінің аумағы шектеулі көрінген кезде (өсімдік, жергілікті жер бедері) оқу-жаттығу орындарын, кедергілер мен оқу-жаттығу объектілеріне іргелес жерлерді (аландарды, оқу-жаттығу орындарын) бейнебақылаумен жабдықтауға жол беріледі. Командалық пункт ішінде оқу-жаттығу сыныптары, қоймалық және жөндеу үй-жайлары, сондай-ақ қосалқы үй-жайлар жабдықталады. Оқу-жаттығу объектісінің командалық пункті және учаскелік басқару пункттері жанында күндіз және түнде сабақ өткізу кезінде оқ атуды бастауға және тоқтатуға көрнекі сигнал беру үшін тутұғыры жабдықталады.

13. Орталық командалық пунктте байқаушылар үшін алаң (балкон), оқу-жаттығуды (сабақты) өткізуді қамтамасыз ететін наряд үшін үй-жай, әкімшілік лауазымды адамдарына оқ атуға (оқу-жаттығуға, жүргізуге) нұсқау беру сыныбы қосымша жабдықталады.

14. Орталық командалық пункт болмаған жағдайда барлық полигонды толық шолуды және бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу-жаттығу объектісінің бар командалық пункттерінің біреуі орталық командалық пункт ретінде пайдаланылады.

15. Учаскелік басқару пункттері командалық пункттер алдында (оқ атуды бастау шебіне дейін 30 – 100 метр) оқу-жаттығу объектісі учаскесінің ортасына орналастырылады. Учаскелік басқару пунктінде учаскеде оқ ату (сабақ) жетекшісі және оқу-жаттығу объектісінің операторы үшін жұмыс орындары жабдықталады. Учаскелік басқару пункттері ішінде пульттік және коммутациялық аппаратура, байланыс құралдары мен дабылдама орнатылады. Электр қалқанында (қуат беру жертөлесінде) коммутациялық аппаратура (электр және тарату қалқаны), электр қуат беру агрегаты (трансформаторлар, түзеткіштер, түрлендіргіштер) орнатылады. Учаскелік пункттің биіктігі басқару пунктінің үй-жайынан жаттығуды орындаудың немесе оқ ататын машина қозғалысының барлық уақытында нысана алаңының барлық аумағын көрнекі шолуды және оқ ататын ауысымды бақылауды қамтамасыз етеді. Жауынгерлік гранатаны лақтыру бойынша сабақ өткізу үшін учаскелерде (оның ішінде жауынгерлік машинадан және танкіден) учаскелік басқару пункттері жабдықталмайды.

16. Жауынгерлік қуаттандыру пункттері оқ ату кезеңінде оқ-дәрілерді дайындау және сақтау үшін әрбір оқ ату учаскесіне бір-бірден (әскери оқ ату алаңында және оқ ату қалашығында 1 – 2 учаскеге бір жауынгерлік қуаттандыру пункті, директрисада әрбір учаскеге бір-бірден) салынады, оқу-жаттығу объектілерінің командалық пункттері мен учаскелік басқару пункттері арасында орналастырылады және оқ-дәрілерді қауіпсіз сақтауды және оларды ұрлауды болдырмауды қамтамасыз етуді ескере отырып жабдықталады. Полигонда стационарлық жауынгерлік қуаттандыру пункттері болмаған кезде далалық немесе жылжымалы (жүк автомобилінде) жауынгерлік қуаттандыру пункттерін жабдықтауға және пайдалануға жол беріледі.

17. Бастапқы шеп жергілікті жерде учаскелік басқару пункті мен оқ атуды бастау шебі арасында жабдықталған, оқ ату жаттығуын орындау алдында оқ ататындардың кезекті ауысымын сапқа тұрғызу, танк пен жауынгерлік машинаны орналастыру үшін арналған екі көрсеткішпен және оның арасындағы сызықпен (көрсеткіштер арасындағы арақашықтық 10 – 40 метр) белгіленеді. Осы Қағидаларға 4-қосымшаның 2-суретінде көрсетілген үлгіге сәйкес бастапқы шеп көрсеткіші орнатылады.

Бастапқы шеп оқ атуды бастау (граната лақтыру) шебінен:

атыс қаруынан, пистолеттен оқ ату кезінде – 10 метрге;

жауынгерлік машинаның және танкінің қару-жарағынан оқ ату кезінде – 25 метрге;

қол және станокты гранатаатқыштан оқ ату кезінде – 30 метрге;
жаяу әскер реактивті отшашардан оқ ату кезінде – 50 метрге;
танкіге қарсы кешеннен оқ ату кезінде – 80 метрге;
шабуылдау қол гранатасын лақтыру кезінде – 100 метрге;
қорғаныс қол гранатасын лақтыру кезінде – 300 метрге алыс жабдықталады.

18. Жергілікті жерде екі көрсеткішпен және оның арасы сызықпен (көрсеткіштер арасындағы арақашықтық 10 – 40 метр) белгіленген оқ атуды бастау шебіне жеткен кезде оқ атуды бастауға және жүргізуге жол беріледі, оқ атуды бастау шебінің көрсеткіші осы Қағидаларға 4-қосымшаның 3-суретінде көрсетілген үлгіге сәйкес орнатылады.

Жауынгерлік қол гранатасын лақтыру жаттығуын орындау кезінде гранатаны лақтыру шебі және нысана шабуылдау гранатасын лақтыру кезінде нысанадан 100 метр радиуста (қорғаныс және танкіге қарсы гранатасын лақтыру кезінде 300 метр) бөгде объектілер болмайтындай есеппен орналастырылады.

19. Жергілікті жерде екі нұсқармен және оның арасы сызықпен (нұсқар арасындағы арақашықтық 10 – 40 метр) белгіленген оқ атуды тоқтату шебіне жеткен кезде барлық қару түрінен оқ атуға жол берілмейді. Жауынгерлік оқ атумен тактикалық оқу-жаттығуда оқ атуды тоқтату шебі жауынгерлік міндеттің мазмұнына сәйкес, ал оқ ату жаттығуын орындау кезінде жаттығу шартына сәйкес белгіленеді (жалаушамен белгіленеді). Оқ атуды тоқтату шебінің нұсқары осы Қағидаларға 4-қосымшаның 4-суретінде көрсетілген үлгіге сәйкес орнатылады.

Танк директрисасынан (жаяу әскер жауынгерлік машинасынан, броньды транспортерден) оқ атуды тоқтату шебінде моторесурс шығысымен жауынгерлік машинаның және танкінің қару-жарағынан оқ ату жаттығуын орындау кезінде әрбір оқ ататын экипаждың жаттығуды орындауына жұмсалған уақытты айқындау үшін шептен өтуді белгілеу аспабы (құрылғысы) орнатылады.

20. Танкіден (жаяу әскер жауынгерлік машинасынан, броньды транспортерден, артиллериялық жүйеден) оқ ату жаттығуы орындалатын оқ ату бекінісі (негізгі, уақытша және қосалқы) жертасадан оңға қарай көрсеткіш жиегі бойынша 1 – 3 метрге дейін орнатылатын оқ ату бекінісінің көрсеткішімен белгіленеді.

21. Бастапқы шептің (оқ атуды бастау және тоқтату) көрсеткіші айқын көрінетін көрсеткішпен, ақ-қара, қызыл-ақ және көк-ақ түске боялған әрбір оқ ату бағыты үшін екі көрсеткіштен белгіленеді. Түнгі уақытта шепті белгілеу үшін көрсеткіш тиісінше ақ, қызыл және көк түсті жарықпен жабдықталады. Оқ ату бекінісінің көрсеткіші оқ атуды бастау шебінің көрсеткішіне ұқсас.

22. Жауынгерлік оқ атумен тактикалық оқу-жаттығуды өткізу үшін тактикалық алаңда оқ атуды бастау және тоқтату шебі әрбір 50 – 100 метр сайын шеп бойынша ақ және қызыл түсті жалаумен белгіленеді. Шепті белгілеу жалауының нысаны мен көлемі осы Қағидаларға 4-қосымшаның 5-суретінде көрсетілген. Жергілікті жер

жағдайына (қалың өсімдік, кедір-бұдырлы) байланысты шептердегі жалау арасындағы арақашықтықты олардың көрнекі көрінуін қамтамасыз ету үшін 20 метрге дейін қысқартуға жол беріледі. Түнгі уақытта шепті белгілеу үшін ақ және қызыл түсті шаммен жабдықталады.

23. Нысана алаңында:

1) нысананы көрсету және қарсыластың оқ атуын имитациялау үшін нысана қондырғылары;

2) нысананың қозғалуы үшін өту жолы;

3) қару-жарақ пен әскери техника макеттері мен үлгілері;

4) нысананы түнде жарықтандыру үшін шамдар немесе айла-бұйым;

5) полигондық жабдықтың кабельдік желісі;

6) электрмен қуаттандырудың және байланыстың кабельдік желісі;

7) негізгі оқ ату бағытының және бүйірдегі қорғаныс аймағының белгілері;

8) блиндаж бен тарату құдығы;

9) қуат беру агрегаттарына және операторларға арналған тасалар;

10) бағдар орналастырылады.

24. Имитациялау алаңдарында зарядтарды және пиротехникалық құралдарды орнатуды тек оқытып-үйретуден өткен және имитациялау құралдарымен жұмыс істеуге рұқсат етілген мамандар жүргізеді.

25. Имитациялау зарядтарын жаруға дайындалған орындар қоршалады және оларды күзету ұйымдастырылады, ал от шашу жасалатын жергілікті жер учаскелерінде ені кемінде 2 метр болатын жолақ қазылады.

26. Блиндаждар мен электр желісін тарату құдықтарының көлемі оларға қызмет көрсету бойынша жұмысты жүргізу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауды, сондай-ақ оларға топырақ араласқан судың түсуін болдырмаумен табиғи ауаның кіруін және шығуын қамтамасыз етуді ескере отырып, олардың тағайындалуына және орнатылған жабдыққа сүйене отырып есептеледі.

Топырақ араласқан су деңгей жоғары және су (оның ішінде еріген және жаңбыр суы) басуға ұшырайтын аудандарда орналасқан полигондардың нысана алаңдарында блиндаждар мен тарату құдықтары жерге жартылай терендікке немесе жер үстінде орнатылады.

27. Бүркемелер мен брустверлер (топырақ үйіндісі) нысана алаңында ашық орналастырылатын тарату құдығын, қуат беру қалқанын, электр жетегін, темір жолды және арбашаны, нысана қондырғысын, электр қалқанын және коммутациялық аппаратураны қорғау үшін жабдықталады. Бүркемелер мен брустверлердің (топырақ үйіндісінің) көлемі, беріктігі оларды салу кезінде осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген полигонның нысана алаңында брустверлерді жабдықтау схемасына сәйкес осы объектіде оқ ату үшін рұқсат етілген оларды қару жүйесінің барынша үлкен калибрінің снаряды (мина) тікелей түскен кезде жерүсті және авиациялық қару-жарақ

құралдарымен зақымдаудан жабдықты сенімді қорғауды қамтамасыз ету шартымен есептеледі. Полигонды пайдалану процесінде бүркемелер мен брустверлер (топырақ үйіндісі) кезең-кезеңімен қалпына келтіріледі.

28. Нысана алаңында полигондық жабдыктан басқа қару-жарак, оқ-дәрілер, жауынгерлік және әскери техника макеттері орналастырылады, олар оқ ату немесе тактикалық оқу-жаттығу жүргізу кезінде тиісті жағдай жасау үшін, сондай-ақ ықтимал қарсыластың қару-жарағы мен техникасының үлгілерін, оларға қарсы күресу тәсілдерін зерделеу үшін арналған.

Макеттер каркасты-үрлемелі, металл, ағаш немесе құрылыс материалынан жасалады, қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың есептен шығарылған үлгілерінің корпустары және габариттік бөліктері (кабина, рама, шина) пайдаланылады.

29. Бір-біріне іргелес орналасқан бірнеше оқу-жаттығу объектісі қатар тұрған кезде негізгі оқ ату бағытының белгілерін және қауіпті бағыт шекараларын тану кезінде қателесуді болғызбау мақсатында әрбір объекті үшін әртүрлі айқын көрінетін бағдарлар, ал түнде объектінің реттік нөмірін көрсететін жарықтандырылатын цифрлар орнатылады.

30. Әрбір оқу-жаттығу объектісінің тыл ауданында қару-жарак пен жауынгерлік техниканың материалдық бөлігін, оқ ату негіздері мен қағидаларын, шынжыр табанды және дөңгелекті техниканы жүргізу негіздерін зерделеу, қарулану кезінде (қарумен) әрекет етудегі және техникалық даярлық бойынша нормативтерді пысықтау, әуедегі нысаналар бойынша оқ ату, граната лақтыру және тренажерлық құралдардағы жаттықтыруды жүргізу бойынша кешенді сабақты ұйымдастыру, сондай-ақ жауынгерлік даярлық бағдарламаларында көзделген сабақты өткізу үшін қажетті оқу-жаттығу орындары жасалады.

Оқу-жаттығу орындары үй-жайларда (сыныптарда), сонымен қатар ашық алаңдарда (қалқа астында) жасалады.

31. Командалық пункттер желісі бойында, тыл ауданында жаяу тәртіппен және жеңіл автомобильде жүру үшін арналған асфальтталған (бетондалған) жол жабдықталады. Шынжыр табанды техниканың жолдан жүріп өтуі үшін осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген шынжыр табанды техника үшін өтпежолды жабдықтау схемасына сәйкес 2 – 5 өтпежол жабдықталады. Егер жергілікті жердің жағдайы мүмкіндік берсе, жолға қосымша жабынды сақтау мақсатында жүк автомобильдерінің жүруі үшін топырақты жол жабдықталады. Жеңіл және жүк автомобильдері үшін әрбір командалық пунктке (учаскелік басқару пунктіне) қарама-қарсы автомобиль тұрағы жабдықталады, ол жол белгісімен және кедергілермен белгіленеді.

32. Оқ ату қалашығының ғимараттары танк-оқ ату жаттықтыруын жүргізу үшін арналған және оқ ату қалашығының командалық пункттерін, жауынгерлік қуаттандыру пункттерін, оқу-жаттығу сыныптарын, жауынгерлік техника мен тренажерларға

арналған сақтау орындарын, сондай-ақ бірқатар қосалқы үй-жайды (электр қалқандарын орналастыру үшін, оқу-жаттығу құралдарын, аспаптарды және полигондық жабдықты сақтау үшін, жеке құрамды жылыту пункттерін) қамтитын кешенді құрылыстар болып табылады. Оқ ату қалашығының ғимараттары бөлінген жер учаскесінің ортасында бастапқы шеп немесе іргелес оқу-жаттығу объектілері оқ атуды бастау шебі деңгейінде орналастырылады.

Оқ ату қалашықтары жауынгерлік машинаның (танкінің) борттық жүйесін электрмен қуаттандырумен, ойлы-қырлы жергілікті жер бойынша қозғалысты имитациялау бойынша жабдықтың жұмысын (раманың теңселуі мен ауытқуы) және нысана алаңы жабдығының жұмысын қамтамасыз ету үшін жеке ажыратқыштармен жабдықталады.

33. Басқару пункттері (орталық командалық пункт, командалық пункт, учаскелік басқару пункті) оқу-жаттығу объектілері, қоршау, полигон бойынша кезекші, сондай-ақ оқ ататын экипаждар мен артиллерия бекіністері арасында байланысты ұйымдастыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

34. Оқу-жаттығу объектілері полигонның әкімшілік-шаруашылық аймағынан алыс қашықтықта орналасқан кезде оларды күзетуді және патрульдің демалуын ұйымдастыру үшін патруль бөлмелері жасалады (бөлінеді) және жабдықталады.

35. Полигон жер учаскесінің шекарасынан тыс оқ ату мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында жергілікті жерде осы Қағидаларға 4-қосымшаның 6 және 7-суреттерінде көрсетілген үлгілерге сәйкес негізгі оқ ату бағытын және бүйірдегі қорғаныс қауіпсіздік аймағының ішкі шекараларын білдіретін бағдарлар мен белгілер орнатылады.

36. Оқу-жаттығу объектілерінде (әскери оқ ату алаңы, танк директрисасы, жаяу әскер жауынгерлік машинасы, броньды транспортер, жауынгерлік дөңгелекті машина директрисасы, танкіден оқ ату қалашығы, жаяу әскер жауынгерлік машинасы, броньды транспортер, жауынгерлік дөңгелекті машина оқ ату қалашығы, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары мен тактикалық алаң) нысана алаңының тереңдігіне полигондық жабдықты және нысана алаңын дайындау және оларға қызмет көрсету кезінде дөңгелекті көлік құралдарының жүруі үшін арналған топырақты жол жабдықталады.

37. Далалық инженерлік құрылыс, жертаса, траншея, шұңқыр, сымды қоршау, бағана, тосқауыл, шектеулі өтпе жол, мина алаңы, жолтабан көпір және әскери қызметшілер мен техникаға арналған таса тактикалық оқу-жаттығу алаңында қарсыластың қорғаныс элементтерін белгілеу, сондай-ақ өз әскерлерінің бастапқы қалыптағы бекінісін жабдықтау үшін жасалады. Кедергілер танк айлағында, машина айлағында, автоайлақта жеке құрамды жауынгерлік (арнайы) машинаны және автомобильді жүргізуге оқытып-үйрету үшін жасалады.

Әскерлерді қирату мен кедергі аймақтарынан өтуге оқытып-үйрету үшін тактикалық оқу-жаттығу алаңында кедергілер тораптары, үйінділер, қирату аудандары

(жолақтары) және оқу-жаттығу зақымданған жергілікті жер учаскелері, елді мекендер мен қалалық объектілер уческелері жасалады.

38. Нысаналық жағдай жасау үшін оқу-жаттығу объектілерінде жеке құрамды сабаққа қызмет көрсету (оқ ату, жауынгерлік машинаны жүргізу) үшін барынша аз қол үздіруді қамтамасыз ететін қашықтықтан басқару және ақпарат жинау жүйесі бар автоматтандырылған құрылғыларды білдіретін полигондық жабдықтың жиынтығы пайдаланылады.

39. Оқ ату өткізілетін оқу-жаттығу объектілері нысана ауданының тереңдігінде негізгі оқ ату бағытының айқын көрінетін белгілері және бүйірдегі қорғаныс қауіпсіздік аймағының ішкі шекарасы белгіленеді, тактикалық алаңдарда шабуылдау тақырыбы бойынша жауынгерлік оқ атумен оқу-жаттығу өткізу кезінде көрсетілген белгілер нысана алаңының барлық тереңдігіне (шептер бойынша әрбір 2 – 3 км сайын), оқ ататындар үшін 1 км² 2 – 3 есебінен көрінетін бағдарлар орнатылады.

40. Оқ атуды өткізу үшін арналған оқу-жаттығу объектілерінде нысана алаңының оң немесе сол жақ қапталына соңғы нысана шебіне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-суретінде көрсетілген үлгіге сәйкес қашықтық көрсеткіштері орнатылады.

1-параграф. Оқу-жаттығу тактикалық алаңы

41. Сарбаздың ұрыста, қорғанысқа (шабуылдауға) дайындалуда және ұрыс жүргізуде әрекет ету амалдары мен тәсілдеріне, сондай-ақ елді мекенде және жерасты тоннелінде жауынгерлік іс-қимылды жүргізуге, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күресті ұйымдастыруға, радиациялық, химиялық және биологиялық залалдану жағдайында әрекет ету амалдары мен тәсілдеріне, қарсыласқа қадағалау мен барлау жүргізуге және су кедергісінен өту (соғыса өту) тәсілдеріне оқытып-үйрету мақсатында көлемі әртүрлі учаскелерде (оқу-жаттығу орындарында) батальонның барлық бөлімшесімен бір уақытта сабақ өткізуге мүмкіндік беретін тактикалық алаңдар жабдықталады.

42. Тактикалық алаң:

1) батальонның (ротаның) орналасу ауданымен (күту ауданымен немесе бастапқы ауданмен);

2) батальонның (ротаның) қорғаныс ауданымен, қарсылас армиясының (ротасының, взводының) 2-3 тірек пунктімен;

3) қорғаныс тереңдігінде қарсылас армиясының (ротасының, взводының) 2-3 тірек пунктімен;

4) қарсылас резервінің бекіністерімен;

5) елді мекен құрылымымен (қала үлгісіндегі, 2-3 орам);

6) жергілікті жердегі бағдарлармен;

7) инженерлік бөгеттермен;

8) су кедергісінен соғыса өту учаскесімен;

9) батальон (рота) командирінің командалық қадағалау пунктімен;

10) бригаданың командалық және тылдық басқару пункттерімен жабдықталады.

43. Бөлімшелердің әрекет етуін ұйымдастыру және оған қадағалау жүргізу үшін, сондай-ақ нысаналық жағдайды және имитациялауды басқару үшін тактикалық алаңда тактикалық алаңның командалық пункті жабдықталады.

Теңіз жағалауы бағытында орналасатын бөлімдердің тактикалық алаңы бөлімшені десантқа қарсы қорғанысқа және қарсыластың теңіз десантын түсіруге тойтарыс беруге, десанттық корабльдерге отырғызуға және қарсылас қорғайтын жағалауға түсу тәсіліне оқытып-үйретуді ұйымдастыру үшін жабдықталады.

44. Жауынгерлік оқ атумен тактикалық оқу-жаттығуда танк, мотоатқыштар және артиллериялық бөлімшелер үшін оқ атуды бастау және тоқтату шептері, негізгі оқ ату бағыттары, бүйірдегі қауіпсіздік аймағының шекаралары, әуедегі нысаналарды ұшыру орындары, секторлары және қойылған нысаналар бойынша шабуыл жасау үшін ұшақтардың (тікұшақтардың) кіру бағыттары айқындалады.

Тактикалық оқу-жаттығу өткізу үшін жергілікті жер учаскесі әскерлер орналасқан бастапқы ауданды, оқ ату бекінісі ауданын, қарсыластың бекініс ауданын, нысаналармен, жауынгерлік техника мен қару-жарақ макетімен белгіленген қарсыластың бекініс ауданын, жауынгерлік іс-қимылдарды ойнатып көрсету үшін басшылықтың жабдықталған басқару пункттерін, жылжымалы мотошығыр үшін бүркемелерді, бағдарлар мен декоративті құрылыстарды қамтиды, жеңіл автомобильдің жол жүруі үшін жақсартылған топырақты жолдар салынады.

Нысаналық жағдай жасау үшін полигондық жабдықтың тасымалданатын жиынтығы, сондай-ақ жылжымалы және стационарлық мотошығыр пайдаланылады.

45. Полигонда бригадалық немесе батальондық (роталық) тактикалық оқу-жаттығу (оның ішінде жауынгерлік оқ атумен) жүргізуге мүмкіндік беретін штаттық тактикалық алаң болмаған кезде полигон аумағында күшейту құралдарымен танк (мотоатқыштар) бөлімдерімен және бөлімшелерімен оқу-жаттығу ниетінде және жоспарында көзделген барлық оқу-жаттығу мәселелерін пысықтауға мүмкіндік беретін учаске таңдалады.

2-параграф. Әскери оқ ату алаңы

46. Бөлімшелердің әскери қызметшілерімен оқ ату даярлығы бойынша сабақ және взводтың мотоатқыштар бөлімшесі құрамында жауынгерлік оқ атуды өткізу үшін полигондарда гарнизон бөлімдері мен бөлімшелерінде қарулануда тұрған атыс қаруының барлық түрінен оқ ату жүргізу мүмкіндігі бар әскери оқ ату алаңдары жабдықталады.

47. Әскери оқ ату алаңында:

1) атыс қаруынан оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындау үшін учаске;

2) атыс қаруынан бақылау оқ атуы жаттығуын орындау үшін учаске;

3) барлау бөлімшелері үшін қысқа қашықтыққа оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындау үшін учаске;

4) взвод құрамында оқ ату жаттығуын орындау үшін учаске;

5) төмен ұшатын нысана бойынша атыс қаруынан оқ атуға оқытып-үйрету үшін учаске;

6) жаяу әскер жауынгерлік машинасының, броньды транспортердің және квадроциклдің оқ ату саңылауы арқылы атыс қаруынан оқ ату үшін учаске;

7) 25 метр пистолеттен оқ ату үшін оқ ату тирі;

8) 100 метр атыс қаруынан оқ ату үшін оқ ату тирі;

9) оқу-жаттығу имитациялау қол гранатасын лақтыру үшін учаскелер;

10) жауынгерлік қол гранатасын лақтыру үшін учаске;

11) оқу-жаттығу мәселелерін пысықтау үшін оқу-жаттығу орындары жабдықталады.

48. Әскери оқ ату алаңы:

1) бастапқы шепті;

2) оқ атуды бастау шебін;

3) оқ атуды тоқтату шебін;

4) нысана алаңын;

5) оқ ату алаңының тылын қамтиды.

49. Бастапқы шеп және оқ атуды бастау шебі осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

50. Оқ ату жаттығуын қамтамасыз ету және орындау үшін:

1) оқ атуды бастау шебінде әртүрлі қалыпта таса (жертаса, траншея, шұңқыр, түбір, қабырға) жабдықталады;

2) жүріс кезінде оқ атуды тоқтату шебі (әрбір нысана бойынша) жетекшінің учаскеде өзі бейімделуі мақсатында жергілікті заттармен (ағаш, діңгек, бұта, түбір, дөңес) белгіленеді.

51. Әскери оқ ату алаңында командалық және учаскелік басқару пункттері, оқ ату тирлері, жауынгерлік қуаттандыру пункттері, нысаналарды, оқу-жаттығу аспаптарын, құралдарды және тренажер қондырғыларын, қуат беру блиндажын сақтау үшін үй-жайлар салынады.

Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті нысаналар ауданы, тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 12 – 20, 24 – 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

Тікұшақтардан атыс қаруынан оқ ату үшін тікұшақ директрисасы жабдықталады немесе тактикалық алаң учаскесі пайдаланылады.

3-параграф. Жаяу әскер жауынгерлік машинасының оқ ату қалашығы

52. Жаяу әскер жауынгерлік машинасындағы мотоатқыштар бөлімшелерінің әскери қызметшілерімен даярлық жаттығуын орындау бойынша танкіден оқ ату

жаттықтыруын жүргізу үшін мотоатқыштар ротасының жаттықтыруын бір уақытта жүргізуге мүмкіндік беретін жаяу әскер жауынгерлік машинасының оқ ату қалашығы жабдықталады.

53. Оқ ату қалашығының көлемі және жабдықталуы:

- 1) нысананы қадағалаумен барлауға, нысаналарға дейінгі және нысана көрсету қашықтығын айқындауға;
- 2) жаяу әскер жауынгерлік машинасын қаруландыру кезінде (қарумен) әрекет етуге және оқ ату қағидаларын қолдануға оқытып-үйретуге;
- 3) орнынан және қозғалыста орнатылған машинаның шайқалту рамасында жаяу әскер жауынгерлік машинасынан дайындық жаттығуын орындауға;
- 4) автоматтан бақылау оқ атуы және пистолеттен оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындауға;
- 5) оқу-жаттығу имитациялау гранатасын лақтыру бойынша жаттығуды орындауға;
- 6) жауынгерлік машинаның және взводтың оқ атуын басқаруға;
- 7) оқ ату міндеттерін шешуге;
- 8) жаяу әскер жауынгерлік машинасы қару-жарағының материалдық бөлігін зерделеуге;
- 9) оқ ату даярлығы бойынша нормативтерді орындауға мүмкіндік береді.

54. Оқ ату қалашығы оқ ату қалашығы ғимаратынан, нысана алаңынан және тыл ауданынан тұрады.

Оқ ату қалашығының ғимаратында командалық пункт, оқу-жаттығу сыныптары үшін үй-жайлар, оқу-жаттығу құралдары мен аспаптарын, тренажерларды сақтау, жауынгерлік қуаттандыру пункті, электр қалқаны, жаяу әскер жауынгерлік машинасы үшін машинаның шайқалу рамаларын сақтау үшін үй-жайлар жабдықталады. Бастапқы қалыпта қалашықтың оң немесе сол жақ қапталында 100 метр (АК-74-тен ату үшін) және 25 метр (МП-дан ату үшін) оқ ату тирі, жауынгерлік қуаттандыру пункті жабдықталады.

Нысаналар ауданы оқ ату даярлығы жаттығуын орындауды, қадағалаумен нысаналарды барлауды және бөлімшелердің оқ атуын басқаруды қамтамасыз ететін тереңдікте жасалады және осы Қағидалардың 12 – 20, 24 – 30-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 31, 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

4-параграф. Танкіден оқ ату қалашығы

55. Танк бөлімшелерінің даярлық жаттығуын орындауы бойынша танкіден оқ ату жаттықтыруын өткізу үшін сыйымдылығы танк ротасының жаттықтыруын бір уақытта жүргізуге мүмкіндік беретін танкіден оқ ату қалашығы жабдықталады.

56. Оқ ату қалашығының көлемі және жабдықталуы:

- 1) нысананы қадағалаумен барлауға, нысаналарға дейінгі және нысана көрсету қашықтығын айқындауға;
- 2) танкіні қаруландыру кезінде әрекет етуге және оқ ату қағидаларын қолдануға оқытып-үйретуге;
- 3) орнында және қозғалыста танкіден даярлық жаттығуын орындауға;
- 4) автоматтан бақылау оқ атуы және пистолеттен оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындауға;
- 5) зениттік оқшашардан оқ ату жаттығуын орындауға;
- 6) оқу-жаттығу имитациялау гранатасын лақтыру бойынша жаттығуды орындауға;
- 7) танкінің оқ атуын және взводты басқаруға;
- 8) оқ ату міндеттерін шешуге;
- 9) танк қару-жарағының материалдық бөлігін зерделеуге;
- 10) оқ ату даярлығы бойынша нормативтерді орындауға мүмкіндік береді.

57. Оқ ату қалашығы оқ ату қалашығы ғимаратынан, нысана алаңынан және тыл ауданынан тұрады.

Танкіден оқ ату қалашығы ғимаратында командалық пункт, оқу-жаттығу сыныптары үшін үй-жайлар, оқу-жаттығу құралдары мен аспаптарын, тренажерларды сақтау, жауынгерлік қуаттандыру пункті, электр қалқаны, танкілердің шайқалу рамаларын сақтау үшін үй-жайлар жабдықталады. Бастапқы қалыпта қалашықтың оң немесе сол жақ қапталында 100 метр (АК-74-тен ату үшін) және 25 метр (МП-дан ату үшін) оқ ату тирі, жауынгерлік қуаттандыру пункті, сондай-ақ зениттік танк оқшашарынан оқ ату жаттығуын орындау (Т-72 танкісінің оқу-жаттығу мұнарасын немесе Т-72 танкісінің броньды корпусын пайдаланумен) үшін алаң жабдықталады.

Нысаналар ауданы оқ ату даярлығы жаттығуын орындауды, қадағалаумен нысаналарды барлауды және бөлімшенің оқ атуын басқаруды қамтамасыз ететін тереңдікте жасалады және осы Қағидалардың 12 – 20, 24 – 30-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 31, 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

5-параграф. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарының оқ ату қалашығы

58. Экипаж нөмірлерінің (есептоптарының) әскери қызметшілерін оқ ату қағидаларына және жауынгерлік жұмысқа, оқу-жаттығу және жауынгерлік оқ атуды орындаумен жауынгерлік шоғырландыруды жүргізуге және зениттік зымыран-артиллериялық батареяның оқ атуын басқаруға даярлау үшін әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарының оқ ату қалашығы жасалады.

59. Оқ ату қалашығының көлемі және жабдықталуы:

1) зениттік зымыран-артиллериялық батареяның оқ атуын басқару, зениттік бөлімшелерді жауынгерлік шоғырландыру, әуе шабуылына қарсы қорғаныс

бастығының, батарея командирінің және взвод командирлерінің іс жүзінде әрекет етуін жаттықтыру мәселелерін пысықтауға;

2) взвод экипаждарының, батарея командирінің және взвод командирлерінің әрекет етуін объективті түрде бақылауға;

3) әуе шабуылына қарсы қорғаныс бастығының, батарея командирінің және взвод командирлерінің әуедегі жағдайды бағалау, сондай-ақ нысаналар іздеу, олармен бірге ұшу және экипаждардың оқу-жаттығу оқ атуын жүргізуі жөніндегі жұмысын қамтамасыз ететін әуедегі нысаналарды, радиолокациялық және жылу кедергілерін имитациялауға;

4) моторесурсты жұмсамай зениттік қондырғыларда жауынгерлік жұмыс істеуге;

5) винтовка патронымен жауынгерлік оқ атуды орындауға мүмкіндік береді.

60. Оқ ату қалашығында ғимарат салынады, онда командалық пункт, басқару пункті, зениттік зымыран-артиллериялық батареяның жауынгерлік техникасын орналастыру үшін үй-жай, тренажер аппаратурасы бар оқу-жаттығу сыныптары, оқу-жаттығу аспаптары мен құралдарын сақтау үшін үй-жай, агрегаттық жабдықталады. Оқу-жаттығу және жауынгерлік оқ атуды орындау үшін нысана алаңы жабдықталады.

Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті нысаналар ауданы, тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 12 – 20, 24 – 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

6-параграф. Танк директрисасы (жаяу әскер жауынгерлік машинасының директрисасы, броньды транспортер директрисасы, жауынгерлік дөңгелекті машинаның директрисасы, танк пен жаяу әскер жауынгерлік машинасының біріктірілген директрисасы)

61. Танкіден (жаяу әскер жауынгерлік машинасынан, броньды транспортерден, жауынгерлік дөңгелекті машинадан) оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындау және взвод құрамында оқ атуды басқаруға оқытып-үйрету үшін көлемі мен жабдықталуы танкіден (жаяу әскер жауынгерлік машинасынан (бұдан әрі – ЖӘЖМ), броньды транспортерден (бұдан әрі – БТР), жауынгерлік дөңгелекті машинадан (бұдан әрі – ЖДМ) оқ ату жаттығуын орындауды қамтамасыз ететін директриса жасалады.

62. Оқ ату қалашығының көлемі және жабдықталуы:

1) нысананы қадағалаумен барлауға, нысаналарға дейінгі және нысана көрсету қашықтығын айқындауға;

2) оқ ату нәтижесін қадағалауға және оқ ату қағидаларын қолдану жөніндегі оқ ату міндеттерін шешуге;

3) оқ-дәрілерді атуға дайындауға;

4) танкіні (жауынгерлік машинаны) қаруландыру кезінде әрекет етуге және оқ ату қағидаларын қолдануға оқытып-үйретуге;

5) орнынан және қозғалыста танкіден (жауынгерлік машинадан) бақылау және оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындауға;

- 6) оқу-жаттығу имитациялау гранатасын лақтыру бойынша жаттығуды орындауға;
- 7) танкіден, жауынгерлік машинадан жауынгерлік граната лақтыру бойынша жаттығуды орындауға;
- 8) танкінің (жауынгерлік машинаның) және взводтың оқ атуын басқаруға;
- 9) оқ ату міндеттерін шешуге;
- 10) танк (жауынгерлік машина) қару-жарағының материалдық бөлігін зерделеуге;
- 11) оқ ату даярлығы бойынша нормативтерді орындауға;
- 12) танк (жауынгерлік машина) қару-жарағын қалыпты ұрысқа келтіруге мүмкіндік береді.

63. Маңдайшеп бойынша директриса көлемі жабдықталған учаскелер санына байланысты. Маңдайшеп бойынша директрисаның әрбір учаскесі кемінде 300 метр және үш танкіден (жауынгерлік машинадан) оқ атуды бір уақытта жүргізуді қамтамасыз етеді. Учаскелер арасында кемінде 100 метр аралық белгіленеді.

64. Директриса бастапқы қалыппен, оқ атуды бастау және тоқтату шебімен, нысаналар ауданымен және тыл ауданымен жабдықталады. Бастапқы қалып оқ атуды бастау шебінен 25 метрге алыс тағайындалады. Оқ атуды тоқтату шебі орындалатын оқ ату жаттығуының шарттарына сәйкес белгіленеді.

Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті нысаналар ауданы, тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 12 – 22, 24 – 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

65. Директриса ғимаратында командалық пункт, учаскелік басқару пункті (2 және одан көп учаске бар болған кезде) үшін үй-жайлар, оқу-жаттығу аспаптары мен құралдарын сақтау үшін үй-жайлар, жауынгерлік қуаттандыру пункті, қысқы және жазғы оқу-жаттығу сыныптары жабдықталады.

66. Әрбір жауынгерлік машина (танк) үшін:

бастапқы шепте оң жақта оқ-дәрілерге арналған үстел-сөрелер;

оқ атуды бастау шебі деңгейінде оң немесе сол жақтан көздеуішті салыстырып тексеру және қаруды қалыпты ұрысқа келтіру үшін алаң жабдықталады.

67. Танктен (жауынгерлік машиналардан) директрисаларда, командалық пункт (учаскелік басқару пункті) пен бастапқы шеп арасында оқ ату кезінде қауіпсіздік шараларын бұзу жағдайларын болдырмау үшін қауіпсіздік тосқауылы жабдықталады, ол оқ ату учаскесінің оң жақ шекарасынан солға қарай орнатылған және танктердің (жауынгерлік машиналардың) оқ атудан кейін қайтқан кезде объектінің тылдағы ауданынан оқ ату учаскесіне шығуына кедергі келтіретін металл (бетон) қоршау болып табылады. Қауіпсіздікті ауданы атыстан кейін ба 7-қосымшаның 1-суретінде көрсетілген тосқауылды орнату, полигондық жабдықты таңбалау үлгісіне және олардың сипаттамасына сәйкес белгіленеді.

7-параграф. Теңіз жаяу әскері (жағалық күзет) әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің оқ атуы үшін директриса

68. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің теңіз жаяу әскері (жағалық күзет) бөлімдерінің полигондарында жалпыәскери оқу-жаттығу объектілеріне қосымша:

1) жауынгерлік машинаның жүзуде жерүсті нысаналары бойынша оқ ату директрисасы;

2) жауынгерлік машинаның жағалаудан суүсті және жерүсті нысаналары бойынша оқ ату директрисасы жабдықталады.

69. Теңіз десанттық даярлығы бойынша сабақты қамтамасыз ету үшін теңіз жаяу әскері (жағалық күзет) бөлімдерінің полигондарында құрамында тренажерлар (десанттық корабль (катер) твиндектері, палубааралық басқышпен жоғарғы палуба, десанттық трюм және десант кораблінің аппарелиі) бар суайлақтары, десант түсіру пункттері және десант айлақтары жабдықталады.

Нысаналар ауданы даярлық оқ ату жаттығуын орындауды, нысананы қадағалаумен барлауды және бөлімшенің оқ атуын басқаруды қамтамасыз ететін тереңдікте жасалады және осы Қағидалардың 12 – 22, 24 – 32-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

70. Су бетінде бастапқы шепті орналастырған кезде шеп буйлармен белгіленеді, ал машинаға оқ-дәрілер тиеу және жаттығуды орындау алдында экипаждарды сапқа тұрғызу үшін жағалауда өткелдер жабдықталады.

Су тоғанының тереңдігіне байланысты оқ атуды бастау шебі бастапқы шептен 25 – 100 метр орналастырылады.

71. Нысана алаңы су беті бойынша жауынгерлік машинаның барлық қозғалу жолында кез келген нүктеден нысаналық жағдайды толық шолуды қамтамасыз ету шартымен су тоғанының жағалауындағы бастапқы шепке қарама-қарсы жабдықталады.

72. Оқ атуды бастау және тоқтату шептерінде машина арасындағы аралық және буйлар арасындағы арақашықтық кемінде 50 метр.

73. Шептердегі буйлар күндіз және түнде айқын көрінетін оңнан солға қарай реттік нөмірлермен белгіленеді және: бастапқы шеп – ақ түске, оқ атуды бастау шебі – қызыл (қызғылт сары) түске, оқ атуды тоқтату шебі – көк (көгілдір) түске боялады. Түнгі уақытта шептер бояу түсіне сәйкес шамдармен жарықтандырылады.

74. Теңіз жаяу әскері (жағалық күзет) бөлімшелері мен бөлімдерін жағалаудан суүсті және жерүсті нысаналары бойынша (оның ішінде үлкен қашықтыққа) оқ атуға оқытып-үйрету үшін арналған жауынгерлік машинаның суүсті және жерүсті нысаналары бойынша оқ ату директрисасы құрлықта жабдықталады және тыйым салынған аймақ болып табылатын қауіпсіздік талаптарында белгіленген көлемдегі

акваториясы болады. Жерүсті объектілеріне қосымша директриса құрамына нысаналар (құрлықтағы және акваториядағы) және маневр жасау ауданы, суүсті нысаналары бар жүзу құралдарының жүзу маршруттары және жабдықталған айлақтар жатады.

75. Оқ ату бекіністері аудандарын және командалық-қадағалау пункттерін таңдау және жабдықтау мыналардың ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) суүсті нысаналары бойынша тікелей көздеумен оқ ату үшін оқ ату бекіністері су жағасына барынша жақын, ал жабық оқ ату бекіністерінен оқ ату үшін – әртүрлі бағыт бұрыштарынан жылжитын нысаналар бойынша оқ ату бағытына сәйкес оқ атуды қамтамасыз етуді ескере отырып таңдалады;

2) басқару пункттері акватория шегінде орналасқан жағалық бөліктегі нысаналарды қадағалауды қамтамасыз ету шартымен орналастырылады.

76. Директриса акваториясы зәкірлерге орнатылған буйлар мен қадалар түріндегі қауіпті бағыттардың жасанды бағдарларымен және белгілерімен жабдықталады. Жүзу құралдарының маневр жасау және жүзу, сүйретілетін нысаналардың маршруттары белгіленеді.

Теңіз нысаналары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің жүзу құралдарымен сүйретіледі, жеңіл теңіз нысаналары жағалауда қауіпсіз жерде орналасқан жылжымалы мотошығырмен сүйретіледі.

Жүзу құралдарының және теңіз нысаналарының айлақтарын жабдықтау үшін директриса аумағында және оның шекарасынан тыс жерде бухтадағы оқ атумен маневр жасауды бұғаттамайтын қауіпсіз жер таңдалады.

8-параграф. Танкіге қарсы басқарылатын зымыраннан және артиллериядан оқ ату үшін директриса

77. Артиллериялық және танкіге қарсы бөлімшелердің жауынгерлік оқ атумен жаттықтыру, сынақ, имитациялау оқ атуын және тактикалық оқу-жаттығу өткізу үшін танкіге қарсы басқарылатын зымыраннан және артиллериядан оқ ату директрисасы жасалады, оның көлемі маңдайшеп бойынша және тереңдікте оқ ату міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Директриса: шоғырлану аудандарымен (бастапқы қалып), оқ ату бекінісі аудандарымен, нысана аудандарымен және тыл ауданымен жабдықталады.

78. Бөлімшелерді шоғырландыру үшін аудан оқу-жаттығу алдында жергілікті жер жағдайына байланысты директриса шегінде де, сонымен қатар оның шекарасынан тыс болады.

79. Оқ ату бекінісі аудандары деп шегінде оқ атуды жүргізу үшін бөлімшелерді өрістету шебі тағайындалатын директриса учаскелері түсініледі.

80. Нысана аудандары жылжымалы және стационарлық мотошығыр директрисасының жиынтықтары көмегімен құрылады.

Нысаналардың қозғалуы трассаларында (артиллерия үшін оқ ату бекіністерінен кемінде 300 метр немесе танкіге қарсы басқарылатын зымырандар үшін зақымдалмайтын аймақтың ауқымында) оқ атуды тоқтату шебіне нысаналардың жылжуы туралы ескертетін оқ атуды тоқтатудың жақсы көрінетін белгілері (түнде шамдар) орнатылады.

81. Директрисада командалық басқару пункті, стационарлық және жылжымалы мотошығыр, нысана қондырғылары үшін тасалар, жауынгерлік қуаттандыру пункті, тарату құдықтары және оқу-жаттығу аспаптары мен құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар жабдықталады.

82. Кешенді сабақты ұйымдастыру үшін қажетті нысаналар ауданы, тыл ауданы мен оқу-жаттығу орындары осы Қағидалардың 21, 22, 25 – 31-тармақтарына сәйкес жабдықталады.

9-параграф. Танк айлағы

83. Танк айлағын жабдықтау үшін полигонда (оқу-жаттығу орталығында) учаскелер мен маршруттардың қажетті санын құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бедерлі жергілікті жер таңдалады.

84. Танк айлағында:

- 1) жүргізудің (маршруттардың) барлық немесе көп учаскесін қадағалауды қамтамасыз ететін командалық пункт;
- 2) жүргізу учаскелері мен маршруттары;
- 3) кедергілерден өту амалдарын пысықтау үшін жеке оқу-жаттығу орындары;
- 4) жүргізу маршруттарындағы есепке алушы күркесі (есепке алушы бекеттері);
- 5) қозғалыс негіздерін және жүргізу қағидаларын зерделеу үшін сынып;
- 6) тренажерларда жаттықтыру сыныбы;
- 7) оқу-жаттығу құралдары мен аспаптарын сақтауға арналған үй-жай;
- 8) құралдарды және қосалқы жабдықты сақтауға арналған үй-жай;
- 9) оқу-жауынгерлік топ техникасына арналған сақтау орны;
- 10) жылыту пункті жабдықталады.

85. Су кедергілерінен өту (кешіп өту, жүзіп өту немесе су астында) бойынша жаттығуды пысықтау үшін танк айлағында немесе жеке учаскеде су айлақтары жабдықталады. Оларды жабдықтау үшін табиғи су кедергісінде (өзен, көл) учаске таңдалады немесе жасанды су тоғандары салынады.

86. Танк айлағында кешенді сабақ өткізуді қамтамасыз ету үшін техниканы тиеу және түсіру элементтері, тәсілдері бойынша кедергілерден өту техникасын пысықтау үшін оқу-жаттығу орындары (жіңішке көпір макеті, мина-жарғыш бөгеттегі жіңішке жол, танкіге қарсы ор, ирек жол), теміржол платформасының макеті, үлкен жүкті тіркеме макеті, танк үшін жертаса жабдықталады.

Танк айлағындағы учаскелер саны онда бірнеше бөлімшенің бір уақытта сабақ өткізуі үшін әскери бөлімдердің қажеттілігі негізге алынып айқындалады.

87. Танк айлағының аумағында елді мекеннің, тас, топырақ жолдың (командалық пунктке және кедергілерге баратын жолдан басқа), сондай-ақ байланыс және электр тарату желісі тірегінің болуына жол берілмейді.

10-параграф. Машина айлағы

88. Механик-жүргізушілерді, экипаждар мен есептоптарды инженерлік машинаны жүргізуге және инженерлік міндеттерді орындауға оқытып-үйрету үшін полигонда инженерлік машинаның жұмысы үшін трассалардың, маршруттар мен учаскелердің қажетті санын жасауды қамтамасыз ететін жергілікті жерде машина айлағы жасалады.

89. Машина айлағында:

1) барлық немесе негізгі жүргізу трассаларын (маршруттарын) қадағалауды қамтамасыз ететін командалық пункт;

2) құрлықтағы және судағы учаскелер, маршруттар мен трасса;

3) есепке алушы күркелері (бекеттері);

4) инженерлік машина тренажерларындағы сабаққа арналған сыныптар;

5) оқу-жауынгерлік топ техникасына арналған сақтау орны;

6) оқу-жаттығу аспаптары мен құралдарын сақтауға арналған үй-жай;

7) құралдар мен қосалқы жабдықты сақтауға арналған үй-жай жабдықталады.

90. Жүзетін машинада су кедергісінен өту және суда инженерлік міндеттерді орындау бойынша жаттығуды пысықтау үшін табиғи су кедергісіндегі (өзен, көл) немесе жасанды су тоғаны жасалған учаске таңдалады.

Машина айлағындағы учаскелер, маршруттар мен оқу-жаттығу орындарының саны бірнеше бөлімшемен әртүрлі типтегі инженерлік машинада сабақты бір уақытта өткізуді ескере отырып, әскери бөлімдердің қажеттілігі негізге алынып айқындалады.

91. Машина айлағының аумағында елді мекеннің, тас, топырақ жолдың (командалық пунктке және кедергіге баратын жолдан басқа), сондай-ақ байланыс және электр тарату желісі тірегінің болуына жол берілмейді.

11-параграф. Автоайлақ

92. Автоайлақ аумағы учаскелерге бөлінеді. Олардың әрқайсысында кедергімен, бағдаршаммен, жол белгілерімен жабдықталатын дөңгелекті және шынжыр табанды машиналар үшін маршруттар мен жолдар жасалады.

93. Автоайлақта:

1) барлық немесе негізгі жүргізу трассаларын (маршруттарын) қадағалауды қамтамасыз ететін командалық пункт;

2) автомобильдер, шынжыр табанды тартқыштар мен транспортерлер үшін учаскелер, маршруттар мен трассалар;

3) есепке алушы күркелері (бекеттері);

4) оқу-жаттығу тренажерларындағы сабаққа арналған сыныптар;

5) автомобильдерге арналған сақтау орны;

6) оқу-жаттығу аспаптары мен құралдарын сақтауға арналған үй-жай;

7) құралдар мен қосалқы жабдықты сақтауға арналған үй-жай жабдықталады.

94. Әскерлерді оқытып-үйрету үшін элементтер бойынша кедергілерден өту техникасын пысықтау үшін оқу-жаттығу орындары жүргізу бойынша сабаққа кедергі келтірмейтін жерде жабдықталады.

95. Автоайлақтағы учаскелер саны жауынгерлік даярлық бағдарламалары және онда бірнеше бөлімшенің сабақты бір уақытта өткізуі үшін әскери бөлімнің қажеттілігі негізге алынып айқындалады.

Жүргізу үшін бастапқы сызық командалық пунктке жақын жерде әрбір учаске (маршрут) үшін жабдықталады.

96. Автоайлақ аумағында елді мекеннің, тас, топырақ жолдың (командалық пунктке және кедергіге баратын жолдан басқа), сондай-ақ байланыс және электр тарату желісі тірегінің болуына жол берілмейді.

12-параграф. Әскерлерді тауда және арнайы даярлау объектілері

97. Бөлімшелермен таулы ауданда әрекет етуге оқытып-үйрету бойынша сабақ өткізу үшін тауда және арнайы даярлау объектілері құрылады.

Учаскелер айналып өтетін жасақтар мен топтардың әрекет етуі, таулы асулардан өту және бұғаттау, тактикалық әуе десанттарын тауда түсіру, тау өзенінен өту, құзға шығу, барлық қару түрінен оқ атуды жүргізу және тауда жауынгерлік техниканы жүргізу бойынша тактикалық сабақты (оқу-жаттығуды) жүргізуге мүмкіндік беретін таулы жерде таңдалады.

98. Тауда және арнайы даярлау объектілері:

1) тактикалық алаңмен;

2) әскери оқ ату алаңымен және танк (артиллериялық) директрисасымен;

3) танк айлағымен және автоайлақпен;

4) тау өзендерінен және каньондардан өту учаскесімен;

5) құзға шығу учаскесімен (құз айлағымен) жабдықталады.

99. Таудағы тактикалық алаң бұрышы 10° – 30° болған кезде атыс және басқа да қарудан оқ атуды жүргізуге мүмкіндік беретін және бөлімшелерді биік таулы ауданда жауынгерлік іс-қимылды жүргізуге даярлау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жергілікті жер учаскесінде 10 километрге дейінгі тереңдікте жабдықталады.

100. Тактикалық алаң әскерлердің әрекет етуі үшін бірнеше қол жетімді оқшауланған бағыттардан, айналып өтетін жасақтарда әрекет ететін бөлімшелер үшін

эртүрлі дәрежедегі қиындық маршруттарынан, табиғи таулы кедергілерден, асулардан, каньондардан және өтпелері бар шатқалдардан, тау өзенінен және басқа да тауға тән бедер элементтерінен тұрады.

101. Тактикалық алаңда мотоатқыштар, танк, минаатқыштар взводтарының және танкіге қарсы құралдар бекіністері, бөлімше командирлерінің командалық-қадағалау пункттері, жауынгерлік машина үшін жертасалар, ал қажет болған кезде оқ-дәрілерді тасымалдау, эртүрлі жүкті жеткізу және жараланғандарды эвакуациялауға оқытып-үйрету үшін жеңіл арқан жолдары бар роталық тірек пункті жабдықталады.

Тактикалық алаңды жабдықтау бөлімшелерді тауда қорғанатын қарсыласқа шабуылдау жүргізуге, тауда айнала қорғанысты жасауға, мина-жарғыш бөгеттермен үйлесімділікте көп қабатты, айқасқан және ойлата оқ ату жүйесін ұйымдастыруға оқытып-үйретуді қамтамасыз етеді.

102. Әскери оқ ату алаңы оқ атуды үстінен астына қарай және астынан үстіне қарай, нысана орнының бұрышы $5^{\circ} - 15^{\circ}$, жауынгерлік машинаның бүйірдегі крені $- 3^{\circ} - 5^{\circ}$ және көтерілу (түсу) бұрышы $5^{\circ} - 15^{\circ}$ болған кезде жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, әскери қызметшілерді атыс қаруынан атуға және олардың тауда оқу-жаттығу оқ атуын орындауына оқытып-үйрету үшін жабдықталады.

103. Танк директрисасы, жаяу әскер жауынгерлік машинасының, броньды транспортер директрисасы экипаждарды тауда танк, жауынгерлік машина қару-жарағынан оқ атуға, тауда оқ атуды үстінен астына қарай немесе астынан үстіне қарай жүргізу мүмкіндігімен оқу-жаттығу оқ ату жаттығуын орындауға оқытып-үйрету үшін жабдықталады, бұл ретте нысана орындарының бұрышы $5^{\circ} - 15^{\circ}$, бүйірдегі крені $3^{\circ} - 5^{\circ}$ және көтерілу (түсу) бұрышы $5^{\circ} - 15^{\circ}$ шегінде болуға тиіс.

104. Артиллериялық директриса (артиллерияның және минаатқыштың оқ ату бекінісі) таулы жағдайда батальондық және бригадалық (полк) артиллериядан сынақ оқ атуын орындау үшін жабдықталады.

105. Танк айлағы, машина айлағы және автоайлақ таулы учаскелер мен маршруттар бойынша танкілерді, жауынгерлік машинаны, инженерлік машина мен автомобильді, құралдары мен тіркемелері бар тартқышты жүргізуге оқытып-үйрету үшін жабдықталады. Машинаның жүру трассасындағы көтерілу және түсу шекті беткейлі, асулар мен кедір-бұдыры бар, оның ішінде бұрылыстың бір радиусында төмендемейтін, разъездерге арналған алаңдар, кертпештер, қия беткейлер, тау өзені арқылы өткелдер, каньон мен шатқал арқылы өтпелер, таулы жерге тән элементтер таңдалады (жасалады).

106. Әскери қызметшілерді тау өзенінен эртүрлі тәсілмен (кешіп өту, аспалы және жиналмалы көпір, арқан жол) өтуге оқытып-үйрету үшін учаскелер ені, тереңдігі, ағу жылдамдығы эртүрлі, түбіндегі топырағы және жағалау сипаты эртүрлі тау өзенінде таңдалады.

107. Құз айлағы (әскери қызметшілерді құзға шығуға оқытып-үйретуге арналған учаскелер) әртүрлі қиындықтағы жартаста таңдалады немесе полигонның арнайы бөлінген учаскесінде жабдықталады.

13-параграф. Инженерлік қалашық

108. Инженерлік әскерлер бөлімшелерін тактикалық-арнайы, арнайы және инженерлік даярлық бойынша оқытып-үйрету үшін полигонда инженерлік қалашық құрылады, онда:

- 1) роталық тірек пункттері;
- 2) взводтық тірек пункттері;
- 3) блок-бекет;
- 4) әртүрлі материалдан жасалған үлгілік ғимараттардың макеттері;
- 5) су айдау мұнарасының макеті;
- 6) жанар-жағармай материалдары және мұнай құбыры қоймасының макеті;
- 7) электр тарату желісі;
- 8) инженерлік бөгеттер мен мина-жарғыш құралдар;
- 9) шетел армиясының инженерлік бөгеттері мен мина-жарғыш құралдары;
- 10) мина-жарғыш (жарылмайтын) бөгеттерден өту құралдары;
- 11) әскери қызметшілерге, бөлімшелерге, техника мен қару-жараққа арналған траншеялар, жертасалар, тасалар;
- 12) фортификациялық құрылыс элементтері мен конструкциялары;
- 13) әскери жолдар мен көпірлердің әртүрлі типтері мен түрлері;
- 14) суды өндіру және тазарту құралдары;
- 15) практикалық сабақты өткізу үшін жабдықталған алаңдар;
- 16) мина-жарғыш бөгеттерден өту құралдары (табанды мина тралдары);
- 17) мина-жарғыш бөгеттерде өтпелер жасау құралдары (оқу-жаттығу зарядтарымен минаясыздандыруды орнату);
- 18) миналауды механикаландыру құралдары (ПМЗ-4 тартқышы жоқ тіркемелі мина бөгейіші);
- 19) жеке құрамға, қару-жарақ пен әскери техникаға арналған траншеяның, жертасаның, тасаның үлгілері;
- 20) әртүрлі типтегі және түрдегі әскери жол макеттері;
- 21) әртүрлі типтегі және түрдегі көпір конструкциясының макеттері (темір-бетонды көпірлер үшін жарылғыш заттардың оқу-жаттығу зарядтарын, салуға арналған түбі бар) ;
- 22) далалық сумен қамтамасыз ету пунктін өрістету бойынша оқу-жаттығу орны;
- 23) инженерлік бөгеттерді орнату және одан өту бойынша практикалық сабақты өткізу үшін жабдықталған алаңдар;

24) ені 20 метр және тереңдігі 3 метр кедергіден (траншеядан, жырадан, арнасы тар өзеннен) өту бойынша сабақты өткізуге арналған оқу-жаттығу орны (механикаландырылған көпірді пайдалана отырып);

25) жару ісі бойынша сабақты өткізуге арналған оқу-жаттығу орны жабдықталады.

14-параграф. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қалашығы

109. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің бөлімшелерін полигонда оқытып-үйрету үшін радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қалашығы жабдықталады, онда мыналар:

- 1) броньды танк және автомобиль техникасының макеті;
- 2) жеке қорғану құралдарының әртүрлі үлгідегі манекені;
- 3) ұжымдық қорғану құралдарымен жабдықталған паналардың үлгісі;
- 4) радиациялық, химиялық және биологиялық қадағалау бекеті;
- 5) жеке құрамға, техника мен қару-жаракқа арналған траншея, жертаса, таса;
- 6) ядролық және химиялық оқ-дәрі макеті;
- 7) жаппай қырып-жоятын қаруды қолдану және одан қорғану тәсілінің (суреттері бар плакат, қалқан) макеті;
- 8) жеке қорғану құралдарын пайдалануға оқытып-үйретуге және нормативтерді орындауға арналған алаң;
- 9) қорғау құралдарына, атыс қаруы мен техникаға арнайы өңдеу жүргізуге оқытып-үйретуге арналған алаң;
- 10) аэрозольдік бүркемелеу құралдарын зерделеуге және қолдануға арналған алаң;
- 11) өртегіш қарудан қорғау тәсілдерін зерделеуге арналған алаң;
- 12) радиациялық және химиялық барлау жүргізуге оқытып-үйретуге арналған алаң жабдықталады.

15-параграф. Барлаушы соқпағы

110. Барлау бөлімшелерін оқытып-үйрету үшін полигонда әртүрлі кедергісі бар ұзындығы 600 метрден 10 километр дейін маршрутта жабдықталатын барлаушы соқпағы салынады.

Барлаушы соқпағын жетілдіру және қиындату мақсатында қосымша кедергілерді әзірлеуге және жабдықтауға жол беріледі. Барлаушы соқпағы барлау топтарын жаттықтыру және бағалау үшін және барлау бөлімшелерінің әскери қызметшілерін жеке бағалау мақсатында пайдаланылады. Барлаушы соқпағын жабдықтау әскер күштерімен немесе күрделі құрылыс жоспары бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте соқпақта жабдықталатын кедергілер саны шектеусіз.

3-тарау. Полигондар қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

1-параграф. Полигондарды пайдалануды жоспарлау

111. Полигондарды әскери бөлімдер мен бөлімшелер жауынгерлік даярлық міндеттерін орындау үшін пайдаланады. Полигонда практикалық сабақтарды (ату, оқу-жаттығу, жүргізу) жоспарлау сабақ басталғанға дейін 5 жұмыс күні бұрын жүргізіледі.

Өз штатында полигондары жоқ әскери бөлімдер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша полигон бағынысты әскери бөлімнің (мекеменің) жауынгерлік даярлық бөліміне (оқу-жаттығу бөліміне) оқ атуға (оқу-жаттығу, жүргізу) өтінім береді.

112. Әскери бөлімнің жауынгерлік даярлық бөлімшесі (ӘОО-ның, оқу-жаттығу орталығының оқу бөлімі немесе оқу-әдістемелік бөлімі) сабақ басталғанға дейін күнтізбелік 4 күн бұрын алдағы аптаға сабақ кестесін жасайды. Әскери бөлім командирі бекіткен кесте осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік 3 күн бұрын полигон бастығына жеткізіледі, оның негізінде оқу-жаттығу объектілерін алдағы сабаққа дайындау бойынша полигон жеке құрамының жұмысын жоспарлайды.

113. Полигонның оқу-жаттығу объектілері сабақты қамтамасыз етуге ұдайы әзірлікте ұсталады. Оқу-жаттығу объектілерін дайындау үшін әскери бөлімдерден командаларды немесе бөлімшелерді тартуға жол беріледі.

114. Бөлімшелердің, взводтардың жауынгерлік оқ атуын өткізуге немесе роталармен, батальондармен, бригадамен тактикалық оқу-жаттығуға дайындық кезінде жауынгерлік оқ ату (тактикалық оқу-жаттығу) жетекшісі болып табылатын әскери бөлім (бөлімше) командирі нысана жағдайын дайындауда көмек көрсету үшін полигонға жеке құрам бөледі. Жауынгерлік оқ ату немесе тактикалық оқу-жаттығу өткізу жоспарланған бөлімшелер нысана алаңын жабдықтауға тартылмайды.

115. Әскери бөлім (бөлімше) командирі жауынгерлік оқ атумен тактикалық оқу-жаттығу басталғанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей және взводтың (бөлімшенің) жауынгерлік оқ атуы басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей полигон бастығына әскери бөлім бойынша оқ атуды жүргізу және нарядтың лауазымды адамдарын тағайындау жөніндегі бұйрықтан үзіндіні, нысана жағдайының схемасын, сондай-ақ нысананы жасауға және нысана алаңын жабуға өтінім ұсынады.

116. Роталармен, батальондармен, бригадамен тактикалық оқу-жаттығулардың практикалық кезеңі басталғаннан бастап тактикалық оқу-жаттығулар аяқталғанға дейін полигон бастығы басшының жанында байланыста болады және оқу-жаттығуға қызмет көрсететін жеке құрамның жұмысына басшылық жасайды. Қауіпсіздік шараларын бұзған жағдайда оқу-жаттығу басшысына жеткізеді және оқ атуды тоқтату туралы сигнал береді.

117. Оқу-жаттығу, оқ ату (сабақ) аяқталғаннан кейін оқу-жаттығу объектісінің аумағы тәртіпке келтіріледі, ал полигондық жабдыққа қызмет көрсетіледі және ол бар болуына, жиынтықталуына және ақаусыздығына тексеріледі.

118. Тактикалық оқу-жаттығуды (оқ атуды) өткізу кезінде полигондық жабдық бүлінген немесе жоғалған жағдайда полигон бастығы баянатпен әскери бөлім командиріне баяндайды, оның негізінде кінәлі адамдарды айқындаумен қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді. Жүргізілген тергеп-тексеру нәтижесі және қабылданған шаралар туралы командирге (бастыққа) және жабдықтылым органына баяндалады.

3-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері полигондарының қызметін ұйымдастыру (авиациялық полигондар)

1-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының басқару пункттерін жабдықтау

119. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигонының басқару пунктінде ұшуға басшылық жасау тобының үй-жайы:

1) радиолокациялық станцияның, радиопеленгатордың (олар бар болған кезде) алып шығарылатын индикаторымен;

2) ұшу жетекшісі мен әуе кемесінің экипажы арасында радиоалмасуды дыбысты жазу құралымен, сондай-ақ әуе кемесі экипажының маневр жасау және жерүсті нысанаға шабуылдауды бақылауды бейнежазба құралымен;

3) автономды қоректендіру көзімен авариялық радиобайланыс құралымен;

4) электрондық-есептеу техникасының операторымен, қадағалау пунктімен, ұшуды радиолокациялық және радиотехникалық қамтамасыз ету станциясымен байланыс құралымен;

5) жылжымалы нысананы басқару пультімен (егер олар полигонда болса);

6) радиобасқарылатын нысананы басқару жөніндегі офицерлердің жұмыс орындарымен – әуе полигонында (егер олар жеке үй-жайда жабдықталмаған болса);

7) қоршау бекетімен және авиациялық полигон бөлімшелерімен байланыс құралымен;

8) авиациялық полигонда ұшуды жүргізетін авиациялық бөлімнің командалық пунктімен (командалық-диспетчерлік пункт) полигонды басқару пунктінің байланыс құралымен;

9) жерде жел бағыты мен жылдамдығы көрсеткішімен;

10) жұмысқа рұқсат етуге немесе тыйым салуға қайталайтын дабылдама құралымен (зымыраны бар ракетницамен, түтіндеткіш құтымен, пиротехникалық факелмен);

11) нысана алаңын, сағатты, навигациялық және масштабты сызғыштар мен басқа да мүлікті көзбен шолып бақылау аспабымен жабдыкталады.

2-параграф. Теңіз авиациялық полигондарының қызметін ұйымдастыру ерекшелігі

120. Теңіз полигонының құрамы:

1) жеке құрамға, қызметтерге және техникаға арналған қызметтік және тұрғын үй-жайды, қоймалық үй-жайды және жүзу құралының тұрағы, оларға жанармай құю және жөндеу үшін жабдықталған айлақты (пирсті) қамтитын жағалық база;

2) бомба тастауды, оқ ату мен зымырандарды ұшыруды пысықтауға арналған су ауданы;

3) жағалау қорғаныс объектілерін имитациялауға арналған құрлық учаскесі;

4) авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану нәтижесін бақылау бекеттері мен құралдарын орналастыруға арналған жағалау маңындағы учаскелер.

121. Полигонда теңіз нысаналары ретінде мыналар пайдаланылады:

1) қашықтықтан басқарылатын катер-нысаналар (корабль-нысаналар);

2) жүзетін нысана құралдары, жүзу құралдарындағы стационарлық (қозғалмайтын) радиолокациялық қалқандар, сондай-ақ қалқымалы немесе жартылай бататын корабль-нысаналар;

3) нысана жабдығы және жағалық қорғаныс бөлімшелерінің ұрыс алаңының объектілері.

122. Теңіз полигондары авиациялық зақымдау құралдарын тәулік бойы барлық биіктіктен, әуе кемелерінің жеке экипаждарымен және ұшқыштар эскадрильясы құрамында әртүрлі бағыттардан, жылжымайтын, маневр жасайтын жылжымалы суүсті және жерүсті нысаналары бойынша қарапайым және күрделі метеорологиялық жағдайда жауынгерлік қолдануды қамтамасыз етеді.

123. Теңіз полигондарын пайдалану уақытында бомба тастауды, оқ атуды және зымырандар ұшыруды қамтамасыз етуге байланысты емес барлық теңіз кемесінің жүзуі үшін жауынгерлік қолдану ауданы жабылады.

124. Зымырандарды ұшыру акваториясында оларға стационарлық радиолокациялық қалқандарды, телебасқарылатын авиациялық зақымдау құралдары мен радиолокациялық маркерлерге арналған нысаналарды орнату үшін кемінде 3 арқандап байлау бөшкесі қойылады.

125. Полигонда байланыс құралдарымен және радиолокациялық станциялармен жабдықталған ұшуға басшылық жасауды қамтамасыз ететін теңіз кемесі бөлінеді. Полигондағы ұшу жетекшісінің басқару пункті, бұл жағдайда қамтамасыз ететін теңіз кемесінде орналастырылады.

126. Теңіз полигонының басқару пункті қамтамасыз ететін теңіз кемесінде, теңіз кемесі – тіркеп сүйрегіште, телебасқарылатын нысананы жүргізетін катерде, арнайы жабдықталған катерде орналастырылады.

Егер ұшу жетекшісінің басқару пункті полигонда және полигонның басқару пункті бір теңіз кемесінде орналастырылмаса, онда бұл жағдайда олардың арасында байланыс ұйымдастырылады.

127. Теңіз полигонының басқару пункті орналастырылған теңіз кемесі оларды сенімді қадағалауды және жауынгерлік қолдануды орындайтын экипаждардың әуе кемелерін тануды қамтамасыз ететін сигнал құралдарымен жабдықталады.

128. Авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдануға ұшу басталар алдында полигон аудандарын және оған іргелес аумақтарды айналып өту (аралап ұшу) жүргізіледі. Ауданда бөгде жүзу құралдары болған кезде оларды аумақтан әкетуге (эвакуациялауға) шаралар қабылданады.

Теңіз полигонын пайдалану уақытында су ауданын күзетуді қамтамасыз ету катерлер мен жүзу құралдары жүзеге асырады.

129. Әуе кемесі бомба тастауға, оқ атуға және зымырандар ұшыруға қайта кірген кезде полигондағы ұшу жетекшісі ол туралы полигонның басқару пунктін және барлық қамтамасыз ету теңіз кемесінің командирлерін хабардар етеді.

130. Жарылмаған авиациялық зақымдау құралдары суға батқан жерлері нақты белгіленбеген жағдайда полигон бастығы оларды іздеу үшін тралдауды ұйымдастырады. Тралдық жұмыс уақытында полигон жабылады.

Тралдау орындары буйкалармен белгіленеді, ал тралданған аудандар картаға түсіріледі.

131. Авиациялық зақымдау құралдарын қолдану нәтижесі өңделеді және авиациялық бөлім өкіліне беріледі.

3-параграф. Әуе полигондарының қызметін ұйымдастыру ерекшелігі

132. Әуе полигондары:

- 1) полигонды басқару пунктімен;
- 2) алып жүрілетін бағыттау пунктімен;
- 3) басқарылатын нысананың старттық алаңымен;

4) авиациялық іздеу-құтқару қызметінің тікұшақтарына арналған алаңдармен жабдықталады.

133. Басқарылатын және басқарылмайтын зымырандарды ұшыру, нысаналарға зеңбіректен оқ ату, сондай-ақ әуе кемесінен зымыран-артиллериялық қару-жарақтан оқ ату әуе полигонының аэронавигациялық паспортына сәйкес орындалады.

134. Әуе полигонын пайдалануды ретке келтіру үшін авиациялық бөлімдердің жауынгерлік даярлық жоспары негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы бекітетін оқу жылына (кезеңге) арналған оларды пайдалану жоспар-кестесі жасалады.

135. Әуе полигонын жоспарлы пайдалануға дейін күнтізбелік 3 күн ішінде авиациялық бөлімдер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері қолбасшысының басқармасына өтінім береді, онда:

- 1) авиациялық бөлімнің шартты атауын;
- 2) орналасу әуеайлағын және оның шақыру белгісін;

3) әуе полигонын пайдалану күнін, оны пайдалануды бастаған және аяқтаған уақытын;

4) басқарылатын, басқарылмайтын нысана, жарқырайтын авиабомба санын;

5) әуе кемесі экипажының (жетекші топтың) олардың әуе полигонына келу тәртібінде шақыру белгілері мен индекстерін, ұшқыштар құрамының минимумдарын (күндіз және түнде);

6) жойғыштар мен нысана-әуе кемесінің ұшу маршруты мен бейіндерін (кезеңдер бойынша биіктігін);

7) орындалатын жаттығулардың нөмірлерін;

8) басқаруды беру шептерін;

9) полигондағы ұшу жетекшісінің және жауынгерлік басқару офицерінің тегін және инициалдарын көрсетеді.

136. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері әскери-әуе күштері қолбасшысының басқармасы кімнің жауапкершілік аймағында полигон орналасқан авиациялық бөлімдерге іздеу-құтқару тікұшағын бөлуді ұйымдастырады. Іздеу-құтқаруды қамтамасыз етусіз әуе полигонын пайдалануға жол берілмейді.

4-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары

137. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары жерүсті (теңіз) нысанасы бойынша әуе кемесі экипаждарының, авиациялық бөлімшелер мен бөлімдердің оқ ату және тактикалық машығын пысықтау және жетілдіру үшін құрылады.

138. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары тұрақты (штаттық), уақытша (штаттан тыс), жылжымалы және интерактивті (электрондық) болып бөлінеді:

1) тұрақты полигондарға оларды ұзақ уақыт пайдалану үшін ұйымдастырылатын полигон жатады, жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары штаттық болып табылады және авиациялық бөлімдердің штаттарына кіретін авиациялық полигонның арнайы әскери бөлімшелері қызмет көрсетеді;

2) уақытша полигондарға қысқа уақыт кезеңіне (оқу-жаттығу, жиындар кезеңіне) авиациялық бөлімдердің күшімен ұйымдастырылатын штаттық емес полигондар жатады, жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарына бөлінген штаттық емес командалар мен құралдар қызмет көрсетеді.

139. Авиациялық бөлімшелер мен әскери бөлімдер орындайтын міндеттердің ауқымы мен сипаты бойынша жерүсті (теңіз) полигондары үш санатқа бөлінеді.

Бірінші санаттағы жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары авиациялық бөлімшелер мен бөлімдердің жауынгерлік машығының қол жеткізілген деңгейін жетілдіру және ұстау, ұшқыштар құрамының авиациялық кешендерді жауынгерлік қолданудың жаңа түрлерін меңгеруі, тәжірибелік (зерттеу) және көрнекі оқу-жаттығуды өткізу үшін құрылады және оның көлемі кемінде 10х15 километр болады.

Екінші санаттағы жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары әуе кемесі экипаждарының, бомбалаушы майдан авиациясының авиациялық бөлімшелері мен бөлімдерінің оқ ату және тактикалық даярлығын пысықтау және жетілдіру үшін құрылады және оның көлемі кемінде 10х10 км болады.

Үшінші санаттағы жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары әуе кемесі экипаждарының, негізінен жойғыш, жойғыш-бомбалаушы, шабуылдау, барлау және армиялық авиацияның авиациялық бөлімшелері мен бөлімдерінің оқ ату және тактикалық даярлығын пысықтау және жетілдіру үшін құрылады және оның көлемі кемінде 5х5 километр болады.

140. Жауынгерлік даярлық іс-шараларын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері бөлімшелерінің авиациялық полигондарды пайдалануына жол беріледі, бұл ретте орындарды (учаскелерді) ұйымдастыру, жоспарлау және жабдықтау осы Қағидалардың 6, 8, 11, 12, 17 – 22-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

141. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары мыналарға бөлінеді:

1) тұрақты штаттық полигон – оларды ұзақ уақыт пайдалану үшін ұйымдастырылатын полигондар, штаттық болып табылады және оларға авиациялық бөлімдердің штаттарына кіретін авиациялық полигонның арнайы әскери бөлімшелері қызмет көрсетеді;

2) уақытша штаттық емес полигон – қысқа уақыт кезеңіне (оқу-жаттығу, жиындар кезеңіне) авиациялық бөлімдердің күшімен ұйымдастырылатын штаттық емес полигондар, оларға бөлінген штаттық емес командалар мен құралдар қызмет көрсетеді;

3) интерактивті (электрондық) жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары әуе кемесінің экипаждарын авиациялық зақымдау құралдарын жерүсті нысаналар бойынша жауынгерлік қолдану міндеттерін орындауға даярлау үшін құрылады.

5-тарау. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының ерекшелігі

1-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының құрамы

142. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондар бөлімше санымен және құрамымен жасақталады:

1) тұрақты штаттық жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарында штаттық жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарындағы бөлімшелер саны мен құрамы олардың нормативтік жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігіне, сондай-ақ авиацияны жауынгерлік дайындау мүддесінде оларды пайдалану ауқымына және қарқынына негізделеді;

2) уақытша штаттық емес жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарында штаттық емес жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарын әскери қызметшілермен жасақтау, әуеде әуе кемелерінің экипаждарын басқару және бақылау құралдарымен жабдықтау

басқару органы басшысының шешімімен авиациялық бөлімдер есебінен жүзеге асырылады.

143. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарына:

- 1) жер учаскесі (акватория);
- 2) авиациялық полигон ауданы үстіндегі әуе кеңістігі;
- 3) нысана, күрделі және арнайы жабдық;
- 4) жауынгерлік қолдануға ұшуды басқару және қамтамасыз ету құралдары;
- 5) ұшуды, авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану нәтижесін және соққы берген кезде әуе кемесі экипаждарының іс-қимылдарын объективті бақылау құралдары кіреді.

144. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондары үшін бөлінетін жер учаскесі:

1) ірі елді мекендерден (қалалардан, теміржол тораптарынан, электр станцияларынан, кәсіпорындарынан) 10 километрге жақын емес және авиациялық зақымдау құралдары сынықтарының жан-жаққа ұшу радиусы ауыл типіндегі елді мекеннен, тасжол және темір жолдан, кеме жүзетін өзеннен, теңіз коммуникациясынан 2 километрге жақын емес;

2) осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген авиациялық полигон шекарасын айқындау схемасына сәйкес әуе трассалары мен әуеайлақтардан 30 километр жақын емес орналастырылады.

145. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарында:

1) қарапайым және күрделі метеорологиялық жағдайда барлық тәсілмен бомба тастау;

2) "әуе-жер беті" және "әуе-радиолокациялық станция" санатындағы зымырандарды ұшыру;

3) авиациялық қарудың барлық түрінен жылжымалы және жылжымайтын жерүсті (теңіз) нысанасы бойынша оқ ату;

4) жерүсті (теңіз) нысанасына соққы беру бойынша тактикалық тәсілдерді пысықтау;

5) радиоэлектрондық күрес құралдарын қолдана отырып, қарсыластың әуе шабуылына қарсы қорғанысын жеңу тәсілдері мен практикалық амалдарын пысықтау;

6) ұшу-тактикалық оқу-жаттығуды өткізу кезінде жауынгерлік қолданудың әртүрлі түрі;

7) әуе кемесінің бомбалаушы, зымыран және оқ ату-зеңбірек қару-жарағын және авиациялық зақымдау құралдарын, радиоэлектрондық күрес құралдары мен кешендерін сынау;

8) авиациялық қарудан атқылау орындалады.

2-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының аумағын аймақтарға бөлу

146. Бомба тастау, зымырандарды ұшыру және әуеде оқ ату қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін авиациялық полигонның барлық ауданы нысаналық жағдай орналасқан жұмыс аймағына және полигонның барлық қалған объектілері орналасқан қауіпсіздік аймағына бөлінеді, жабдықты орналастыру схемасы осы Қағидаларға 11-қосымшада авиациялық полигонда жабдықты орналастыру схемасында көрсетілген.

147. Авиациялық полигон жұмыс аймағының шекарасы:

1) полигон шекарасынан – полигонда қолданылатын авиациялық зақымдау құралы жарықшағының жан-жаққа ұшу радиусы 200 метр жақын емес;

2) жақын жердегі елді мекеннен, темір және тасжолдан, кемеде жүзетін өзеннен – қолданылатын авиациялық зақымдау құралдары жарықшағының жан-жаққа ұшу радиусы 2 километрге жақын емес.

148. Авиациялық полигонның жұмыс аймағында:

1) зеңбіректен (жылжымалы зеңбірек қондырғысынан) оқ атуға және басқарылмайтын зымырандарды ұшыруға арналған атыс алаңы;

2) көзбен шолып және радиолокациялық көздеудің көмегімен көздеу арқылы күндіз және түнде бомба тастау үшін жабдықталған бомбалау алаңы;

3) ұрыс алаңында, тактикалық және жедел тереңдікте әскери объектілерді имитациялайтын нысаналарға бомба тастауға және оқ атуға арналған тактикалық алаң (объектілердің көлемі, саны мен конфигурациясы нақты объектілерге сәйкес келеді);

4) "әуе-жер беті" және "әуе-радиолокациялық станция" типіндегі басқарылатын зымырандарды ұшыруға, сондай-ақ түзетілетін авиациялық бомбалармен бомба тастауға арналған нысаналар (әуе кемесіне, ұшу-қону жолағына, теміржол және автомобиль көпіріне, ірі өнеркәсіптік объектіге, электр станциясына, радиолокациялық станцияға арналған темір-бетон тасалар имитаторы);

5) көздеу-навигациялық жүйелерінің дәлдік сипаттамасын жеткізуге арналған нысана (авиациялық қару-жарақтан ату) орналастырылады.

149. Авиациялық полигонның қауіпсіздік аймағында басқару пункттері, қадағалау пункттері, арнайы ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарында ұшуды қамтамасыз ету құралдары орналастырылады.

150. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының қауіпсіздік аймағында:

1) жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының жеке құрамы үшін қызметтік және тұрғын объектілер;

2) полигонның тұрғын аймағы периметрін тікенекті сыммен, полигонның жалпы периметрін ормен қоршау құрылыстары және кіреберіс жолдардағы шлагбаумдар;

3) әуеде әуе кемесінің экипаждарын басқару және бақылау үшін арнайы құрылыстар;

4) байланыс және ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары;

5) жауынгерлік қолдану нәтижесін, авиациялық зақымдау құралдарын және соққы беру кезінде әуе кемесі экипаждарының іс-қимылдарын бақылау құралдары орналастырылады.

3-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарының нысана алаңын жабдықтау

151. Нысана жабдығына жерүсті нысана алаңында, су акваториясында орнатылатын , жерүсті және теңіз нысанасы түрінде пайдаланылатын нысаналар мен макеттер жатады.

152. Нысана жабдығы жерүсті (теңіз), әуе және интерактивті (электрондық) болып бөлінеді:

1) жерүсті (теңіз) нысанасы жазық, жартылай көлемді және көлемді фигура түрінде (оның ішінде қаңқа не үйінді типінде);

2) әуе нысанасы – нысана-әуе кемесі, парашюттік нысана, зымыран- нысана түрінде жасалады;

3) интерактивті (электрондық) нысана – тез тұрғызылатын (әдетте, қару-жарак пен әскери техниканың көп рет пайдаланылатын пневматикалық резеңке-мата макеттері мен басқа да нысаналар) (жарық-түтінді сигнал бергіш). Нысаналар ағымдағы 2 жағдайда болады: "оқ тиген жоқ" және "оқ тиді".

Авиациялық полигондардағы нысаналар мен арнайы объектілердің тізбесі және олардың шартты белгісі осы Қағидаларға 12-қосымшада келтірілген.

153. Өткізу қабілетін арттыру мақсатында авиациялық полигондарда бірнеше нысана алаңы құрылады. Олардың саны полигон көлеміне және авиациялық бөлімдерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің ауқымына байланысты және оның қарамағында полигон тұрған әскери бөлім командирінің шешімімен айқындалады.

154. Нысана алаңдарының көлемі мынадай болып белгіленеді:

1) оқ ату алаңы үшін – басқарылмайтын зымырандардан оқ ату кезінде кемінде 4х4 километр және зеңбіректен оқ ату кезінде кемінде 1х1 километр;

2) бомбалау алаңы үшін – маневрдің қарапайым түрінен практикалық авиациялық бомбамен бомба тастау кезінде кемінде 2х2 километр және маневрдің күрделі түрінен практикалық және жауынгерлік бомбамен бомба тастау кезінде кемінде 4х4 километр.

155. Оқ ату алаңының нысанасы ұшу әскери оқу орындарының курсанттарын, авиациялық бөлімдердің ұшқыштар құрамын оқытып-үйрету кезінде оқ атуды орындау және зымырандарды ұшыру және жауынгерлік қолдануға ұшудағы үзілісте дағдыларды қалпына келтіру үшін арналған. Нысанаға дейінгі қашықтық нысана бойынша көздеуді орындау кезінде көруді және сенімді тануды қамтамасыз ететін есеппен таңдалады.

156. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарда оқ ату нысанасының орналасқан орнын таңдау кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) серіппелі снарядтың оқ ату бағытынан барынша ауытқуы солға 25 және оңға 55 3 – 4 километр дейін жетуі мүмкін;

2) маңдайшебі және тереңдігі бойынша нысаналар арасындағы қашықтық кемінде 100 метр.

Жерүсті нысаналарына оқ ату кезінде серіппелі снарядтың шашырау схемасы, полигонда оқ ату үшін кіру секторын айқындау схемасы осы Қағидаларға 13-қосымшада.

157. Бомбалау алаңының нысаналары мынадай болып бөлінеді:

1) бомбалау нысаналары жерүсті (теңіз) авиациялық полигоны жеке құрамының және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полигондағы жұмыс аймағының шекарасынан қолданылатын авиациялық бомбалар сынықтарының шашырау радиусымен кемінде 5 орта шаршы ауытқу қашықтығымен жұмыс аймағында орналастырылады. Нысаналар арасындағы қашықтық оларды әуеден нақты, жеке бақылау шартына сүйене отырып таңдалады және кемінде 1 километр болуға тиіс. Әрбір нысананың ортасында әр метр сайын:

жазда – ақ және қара түске;

қыста – ақ және қызыл түске;

2) радиолокациялық нысаналар бұрыштық шағылыстырғышпен, әрекеттегі радиолокациялық станциямен, импульстік радиомаякпен және техникалық құралдармен белгіленеді. Бұрыштық шағылыстырғыштардың көмегімен күрделі радиолокациялық нысаналар құрылады, олардың экрандағы бейнеленуі ірі өнеркәсіптік объектілердің бейнеленуіне ұқсайды.

158. Радиотехникалық жүйелерді пайдаланумен бомба тастауға арналған нысана бомбалау алаңында бомба тастау қауіпсіздігін және оны орындау нәтижесін бақылауды қамтамасыз ететін орында жабдықталады.

159. Радиолокациялық станция-нысана "әуе-радиолокациялық станция" сыныбындағы зымыранды ұшыру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орындарда бомбалау алаңында орнатылады.

160. Ұрыс даласындағы объектілерді имитациялайтын тактикалық алаң нысанасы тактикалық немесе жедел тереңдікте жерүсті нысаналары бойынша соққы берудің тактикалық тәсілдерін пысықтау үшін арналған.

Нысаналар полигонда тактикалық ниетке сәйкес қарсыластың жауынгерлік реттілігі және бүркемелеу ерекшелігін ескере отырып орналастырылады.

161. "Әуе-жер беті", "әуе-радиолокациялық станция" типіндегі басқарылатын зымырандарды ұшыруға арналған нысаналар олардың тактикалық-техникалық деректерін және басқару жүйесі істен шыққан кезде жауынгерлік қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, бомбалау алаңында орнатылады.

162. Нысана алаңдарынан тыс қосалқы көздеу нүктесі, радиолокациялық нысаналар маркерлері, нысаналар мен полигонның бағдарлары және тану құралдары орналастырылады.

163. Қосалқы көздеу нүктелері төрт бұрыштық шағылыстырғышпен жабдықталады, олар маркерсіз болуы мүмкін. Қосалқы көздеу нүктелері қосымша бұрыштық шағылыстырғышпен таңбаланады. Қосалқы көздеу нүктелерін таңбалау радиолокациялық нысананы таңбалаудан ерекшеленеді. Қосалқы көздеу нүктелері полигонның жұмыс аймағының басында, ал нысана (репер) – бомбалау алаңының ортасында орнатылады.

164. Оқу-жаттығу бомба тастауды орындаудың басталуы жетекті радиостанциялармен, жарық маяктарымен, бұрыштық шағылыстырғышпен не қосалқы бағдармен белгіленеді, оның ішінде:

1) бағдарлық шамдар – нысанаға тік шүйілу кезінде жауынгерлік бағытты ұстау үшін;

2) жанама (қосалқы) шамдар;

3) көмескі жарық беру жарық маркерлері және нысаналардың белгіленуі;

4) жасанды жиек шамдары – жауынгерлік жолдың сызығына перпендикулярлы нысанадан 2-4 километр қашықтықта тік шүйілуден шыққан (кірген) кезде ұшқышқа кеңістікте бағдар беруді қамтамасыз ету үшін.

Майдандық және армиялық авиация (тікұшақтар) үшін қараңғы уақытта және түнде бомба тастау және оқ ату үшін полигонды жабдықтау схемалары осы Қағидаларға 14, 15-қосымшаларда көрсетілген.

4-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигонының арнайы объектілері

165. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигонында мынадай арнайы объектілер жабдықталады:

1) командалық-қадағалау пункті;

2) тікұшақтарға арналған қону алаңдары;

3) қоршау бекеттері.

Авиациялық полигондардағы нысаналар мен арнайы объектілердің тізбесі және олардың шартты белгіленуі осы Қағидаларға 12-қосымшада келтірілген.

5-параграф. Ұшуды басқару пункті

166. Авиациялық полигонның ұшуды басқару пункті тұрақты, уақытша және жылжымалы болып бөлінеді.

167. Тұрақты басқару пунктінің орналасқан орнын таңдау оның орналасу қауіпсіздігін, полигонның жұмыс аймағын еркін бақылау мүмкіндігін, оның жанында ұшуды қамтамасыз етудің радиолокациялық және радиотехникалық құралдарын орналастыру үшін қажетті алаңдардың бар болуын, полигонның барлық бөлімшелерімен және авиациялық бөлімнің командалық пунктімен байланыс желілерін жабдықтау мүмкіндігін, кіреберіс жолдардың және тікұшақтарға арналған қону

алаңдарының бар болуын ескере отырып жүзеге асырылады. Тұрақты басқару пункттері қызметтік қалашық орналасқан жерде немесе полигонның қауіпсіздік аймағында орналастырылады.

168. Уақытша басқару пункттері қажет болған кезде бомба тастау, зымырандарды ұшыру және қадағалау пункттерінің біреуінде оқ ату кезеңіне немесе нысана алаңына жақын жерде оқ ату нысаналарынан кемінде 1000 метр және бомбалау нысаналарынан қолданылатын авиациялық бомбалар сынықтарының шашырау радиусымен кемінде 5 орта шаршы ауытқумен қашықтықта өрістетіледі.

169. Ұшу-тактикалық оқу-жаттығуды өткізу немесе зерттеу жүргізу уақытында жылжымалы басқару пункттерін (автомобильде, броньды транспортерде, танкіде немесе тікұшақта), сондай-ақ авиациялық көздеушілердің басқару пункттерін өрістетуге жол беріледі.

170. Авиациялық көздеушінің басқару пункті нысана көрсету және әуе кемесінің экипаждарын жерүсті нысаналарына көзбен шолып бағыттауға арналған және нысана алаңдарынан қауіпсіз қашықтықта орналасады.

Авиациялық көздеушілердің басқару пункті стационарлық (ашық немесе жабық түрдегі) не жылжымалы нұсқаларда орындалады.

171. Авиациялық полигондардағы қадағалау пункттері мен қарайтын алаңдар ашық (қадағалау мұнаралары түрінде) және жабық (айнала және секторлы шолумен блиндаждар түрінде) болуы мүмкін. Қадағалау пункттері мен қарайтын алаңдардың саны полигонның көлеміне, жергілікті жердің сипатына, нысаналар санына байланысты.

172. Ашық қадағалау пункттері авиациялық полигонның қауіпсіздік аймағында салынады. Қадағалау пункттерін жұмыс аймағында орналастырған кезде олардың бомбалау нысаналарынан қашықтығы авиациялық бомбалар сынықтарының шашырау радиусымен кемінде 5 орта шаршы ауытқумен және оқ ату алаңынан кемінде 1000 метр болуға тиіс.

173. Жабық қадағалау пункттері (блиндаждар) бомбалау нысанасынан 1 километрге жақын емес және оқ ату нысанасынан 200 метр жақын емес жұмыс аймағының аумағында орналастырылады.

174. Қарайтын алаң оқу-жаттығу кезеңінде немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану нәтижесін бақылау және авиация іс-қимылдары нәтижесін тікелей көрсету үшін арналған. Қарайтын алаң нысаналардан авиациялық зақымдау құралдарын қолдану кезінде сенімді қауіпсіздікті және әуе кеңістігіне және нысана алаңына қажетті шолуды қамтамасыз ететін қашықтыққа орнатылады. Кемінде 5 орта шаршы ауытқу және қолданылатын авиациялық зақымдау құралдары сынықтарының шашырау радиусының сомасы сенімді қауіпсіз қашықтықты құрайды (авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану шарттары бойынша).

175. Қосалқы объектілерге:

- 1) байланыс және ұшу радиотехникалық жабдық құралдары;
- 2) соққы берген кезде әуе кемесі экипажының іс-қимылдарын бақылау құралдары (оның ішінде ұшқышсыз ұшу аппаратын басқару құралдарын орналастыру үшін);
- 3) көздеу-навигациялық және радиобайланыс жүйелеріне кедергі қою құралдары;
- 4) әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары – қарсылас құралдары немесе олардың имитаторлары (бұл штат бойынша көзделген жерде) жатады.

Полигондағы радиолокациялық станциялар бекіністері полигонның басқару пунктімен тікелей телефон (селекторлық) байланыс орнатумен полигон ауданында орналасқан әуе кемелерін үздіксіз радиолокациялық бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып таңдалады.

176. Тікұшақтарға арналған қону алаңдары, ұшқышсыз ұшу аппаратына арналған қону алаңдары авиациялық полигондардың қауіпсіздік аймағында орналасады.

177. Байланыс желілері авиациялық полигонның басқару пунктімен авиациялық бөлімнің байланыс торабымен және полигон объектілері өзара біріктіріледі. Сымды байланыс арналарын қолдану мүмкін болмаған немесе істен шыққан кезде жерүсті радиобайланыс құралдары пайдаланылады.

Сигналдық зымырандарды (пиротехникалық факелдерді, түрлі-түсті түтіндеткіш құтыларды) және қадағалау пункттерінде және блиндаждарда ілінетін жалауды (қолшамды) пайдаланумен сигналдық байланыс қайталайтын басқару құралы болып табылады. Қайталайтын құралдар негізгі радиобайланыс істен шыққан жағдайда қолданылады.

6-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигонында ұшуды қамтамасыз ету

178. Авиациялық полигонды жауынгерлік қолдануға ұшуды қамтамасыз етуге дайындау үшін жоғары тұрған қолбасшылық бекітетін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштерін және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің Әскери-әуе күштерін жауынгерлік даярлау іс-шараларының жоспары, авиациялық полигоны бар авиациялық бөлім бағынатын басқару органының ұйымдастыру нұсқаулары және оны пайдалануды жоспарлап отырған авиациялық бөлімнің өтінімі негіз болып табылады.

179. Авиациялық бөлім командирі авиациялық полигонды жұмысқа уақтылы және жан-жақты дайындауды ұйымдастырады.

7-параграф. Жерүсті (теңіз) авиациялық полигонын жұмысқа дайындау

180. Полигонды жұмысқа дайындау:

- 1) нысаналарды, байланыс және ұшуды радиотехникалық жабдықтау құралдарын, объективті бақылау және есептеу техникасы құралдарын дайындауды;

2) қоршау бекеттері бойынша бөлуді;

3) жауынгерлік қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтиды.

181. Байқаушылар теодолиттерді, қашықтық өлшегіштерді, ұшқышсыз ұшу аппараттарын және техникалық құралдарды оптикалық барлау құралдарын қолдана отырып, белгілеу деректері бойынша авиациялық бомбалар мен зымырандардың жарылу орындарын айқындау үшін тағайындалады. Байқаушылар белгілеу деректерін полигондағы ұшу жетекшісінің көмекшісіне береді.

182. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс кешендерінің және кедергілер станциясының есептоптары (штатта олар көзделген жерүсті (теңіз) авиациялық полигондарында) көздеу-навигациялау жүйелерне және радиостанцияларға кедергі қою үшін тағайындалады.

Алдын ала даярлық кезеңінде көрсетілген есептоптар полигонда авиациялық бөлімдер пысықтайтын міндеттерге сәйкес техниканы дайындайды, басуға жатпайтын жиілік арналарының тізбесін, кедергілер қоюды тоқтатуға және қайта бастауға сигналдарды нақтылайды.

183. Авиациялық полигон алаңдарында нысана жабдығын орнату және нысаналарды қалпына келтіру бойынша жұмыстар әуеде ауа райын барлауды бастағанға дейін тоқтатылады. Ұшу басталар алдында полигон аумағы мұқият қарап тексеріледі және бөгде адамдардан және жануарлардан босатылады, қоршау бекеттері қойылады және барлық кіреберіс жолдар жабылады.

184. Ұшу басталғанға дейін бір сағат бұрын жерүсті (теңіз) авиациялық полигонының бастығы полигондағы ұшу жетекшісіне полигонның жұмысқа әзірлігі туралы баяндайды. Полигондағы ұшу жетекшісі ұшып шығу әуеайлағындағы ұшу жетекшісіне және құрамына авиациялық полигон кіретін авиациялық бөлімнің командалық пунктіне өтінімге (жоспарлы кестеге) сәйкес полигонның жауынгерлік қолдануды қамтамасыз етуге әзірлігі туралы баяндайды. Полигонды пайдалануға растауды алып, полигондағы ұшу жетекшісі осы Қағидаларға 16 және 17-қосымшаларда көрсетілген нысан бойынша ұшу жетекшісінің және авиациялық полигон кезекші нарядының журналдарында жұмыстың басталуы туралы жазбаны жасай отырып, ұшуға полигонды ашу жөнінде өкім береді.

Осы команда бойынша полигон басқару пунктінің сигналдық дінгегінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түріне, әскер тегіне тиесілілігін білдіретін ту, ал қадағалау пункттерінде – қызыл ту (түнде қызыл сигналдық шам қосылады) көтеріледі.

185. Авиациялық полигондарда жауынгерлік қолдану нәтижесін бақылау мен өндеудің негізгі құралдары ретінде оптикалық өлшеу құралдарын (дүрбіні, қашықтық өлшегішті) пайдалана отырып, көзбен шолып бақылау әдісі қолданылады.

8-параграф. Жауынгерлік қолдану нәтижесін есептеу

186. Нысана бойынша оқ тиюді есептеу және белгілеу полигонда ұшу аяқталғаннан кейін немесе жоспарлы кестеде көзделген ұшу арасындағы үзілістерде жүргізіледі.

Өлшеуді даярланған адамдар орындайды.

Көлемді нысанаға оқ тиюді (саңылауды) белгілеу түсті бояумен (немесе түсті ұнтақпен) жүргізіледі, топырақты нысанаға тиген жер топырақпен көміледі және түзетіледі. Оқ тиюді (саңылауды) белгілеуге жол берілмейді.

187. Өлшеу (белгілеу) аяқталғаннан кейін полигон бастығы оның нәтижесін тексереді, табылған жарылыс нүктелерінің санын лақтырылған авиациялық зақымдау құралдарының санымен салыстырады және жетіспегендерді іздеуге шаралар қабылдайды.

188. Бомбаның (зымыранның) құлау (жарылу) нүктесінің координаталары нысана ортасынан (R) метрде радиалдық ауытқумен және градустардағы азимутпен (A) немесе ұшып өту қашықтығы бойынша (+X) ауытқумен, ұшып жетпеумен – (–X), (+Y) – оңға, (–Y) – солға кіру бағытына қатысты бағыт бойынша сипатталады.

Бомбалар (зымыран) жарылысының есептелген (өлшенген) координаталарының максималды кателігі мыналардан аспайды:

1) жауынгерлік қолдану нәтижесін автоматтандырылған айқындау кезінде қашықтығы бойынша ± 5 м және бағыты бойынша 2;

2) белгілеу тәсілімен айқындау кезінде қашықтығы бойынша ± 10 м және азимуты бойынша ± 3 ;

3) өлшеу тәсілімен айқындау кезінде арақашықтықты өлшеу 1 % және азимуты бойынша ± 10 ;

189. Ұшу аяқталғаннан және оқ тиюді белгіленнен кейін ұшу жетекшісі полигонда ұшу үшін полигонды жабу туралы өкім береді. Осы команда бойынша полигонның басқару пунктінде сигнал беру діңгегінде ҚР ҚК түріне, әскер тегіне тиесілілікті білдіретін жалау түсіріледі, ал қадағалау пункттерінде – қызыл жалау түсіріледі (сигнал беретін қызыл шамы өшіріледі).

4-бөлім. Полигондарда (авиациялық полигондарда) қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру

6-тарау. Тұрғындарды хабардар ету және түсіндіру жұмысын жүргізу

190. Полигонға (авиациялық полигонға) жақын елді мекендердің тұрғындарын ескерту мақсатында полигон бастығы түсіндіру жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді.

191. Полигонның лауазымды адамдары және бағынысында полигондар (авиациялық полигондар) бар командирлерлер (бастықтар) оқу кезеңінде (даярлық кезеңінің соңында) бір рет мектептерде, клубтарда жиналыстарда сөз сөйлеу, жергілікті радио

тарату және теледидар арқылы тұрғындарға қауіпсіздік талаптарын орындау қажеттілігі, адамдардың оқу-жаттығу полигонының аумағына рұқсатсыз кіруіне жол бермеу туралы түсіндіреді.

Жүргізілген іс-шаралар осы Қағидаларға 18-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес полигон аумағындағы қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы жергілікті тұрғындармен жүргізілетін іс-шараларды есепке алу журналында есепке алынады.

192. Жауынгерлік оқ атумен әрбір тактикалық оқу-жаттығуды өткізу және оқу-жаттығу объектілерінде оқу-жаттығу кезеңі (оқ ату, бомба лақтыру, зымыранды ұшыру) алдында күнтізбелік 7 күн бұрын оқу-жаттығу объектілерінде полигон бастығы полигон шекарасына жақын орналасқан жергілікті тұрғындарды, ұйымдар мен фирмаларды жүргізілетін іс-шаралардың мерзімдері мен ұзақтығы туралы хабардар етуді ұйымдастырады және жүргізеді.

193. Полигон (авиациялық полигон) аумағына кіруге және оның аумағына өтуге жол бермеу туралы хабардар ету жергілікті мемлекеттік билік органдары, ұйым мен фирма басшылары арқылы осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті басқару органдарын, мемлекеттік мекемелердің және жеке шаруашылық басшыларын хабардар ету парағында полигон объектілерінде оқу-жаттығу мен оқ ату полигонда жауынгерлік оқ атумен іс-шаралар жүргізу уақыты туралы белгі жасаумен жазбаша жүргізіледі.

194. Полигонға (авиациялық полигонға) жақын елді мекендерде полигон аумағына кіруге және өтуге жол бермеу, сондай-ақ полигон аумағында металл сынығын, жидек, саңырауқұлақ жинауға, аң аулауға, балық аулауға және өз бетімен шөп шабуға жол бермеу туралы қазақ және орыс тілдерінде хабарламалар ілінеді.

195. Полигон (авиациялық полигон) аумағына бөгде адамдардың кіруіне (өтуіне), үй малын бағуға, автомобильдің өтуіне тыйым салу туралы талаптар бұзылған жағдайда полигон бастығы осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша полигон аумағының шекарасын бұзушыны анықтау актісін жасайды және бұзушыны шақырту бойынша келген әскери полиция нарядына тапсырады. Әскери полиция органдарының өкілдері белгіленген тәртіппен бұзушыларды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жергілікті бөлімшесінің өкілдеріне тапсырады.

7-тарау. Полигон (оқу-жаттығу объектісінің) аумағын қоршау

196. Полигонның (авиациялық полигонның) қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аумағына бөгде адамдардың, көліктің және малдың кіруіне тыйым салу үшін әрбір оқ ату немесе оқу-жаттығу алдында полигон аумағын қоршау жүргізіледі. Барлық қоршау бекеті оқ ату (жүргізу) басталғанға дейін 30 минут бұрын және оқу-жаттығу басталғанға дейін 1 сағат бұрын белгіленген орындарға қойылады.

197. Қоршау қоршау бекеттерін қою арқылы ұйымдастырылады. Стационарлық қоршау бекеттері үй-жаймен (бекеттік күркемен), жол болған кезде шлагбауммен

жабдықталады және қадағалау секторы тағайындалады, қоршаудың жылжымалы бекеті көлікпен қамтамасыз етіледі және патрульдеу бағыты айқындалады.

198. Полигон (авиациялық полигон) аумағына бөгде адамдардың, көлік пен малдың кіруін болғызбауды қамтамасыз ететін жылжымалы бекеттер үшін шекара бойындағы бекеттер және маршруттар санын полигон бастығы айқындайды.

199. Полигон бастығы белгілеген қоршау бекеттері орналасқан орындар және қоршау нарядының құрамы әскери бөлім командирі (полигон бағынатын) бекітетін осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес полигонды қоршау схемасында (авиациялық полигонды) сипатталады. Қоршау схемасында сонымен қатар қоршау бекеттерімен байланысты ұйымдастыру сипатталады. Әрбір қоршау бекеті 2 және одан да көп әскери қызметшілер құрамында қоршау және байланыс схемасы бойынша қойылады.

200. Әскери қызметшілерді, қоршау бекеттерін автокөлікпен, тамақтандырумен, ауызсумен, байланыс және дабылдама құралдарымен (сигнал беру зымырандарымен) қамтамасыз ету қоршау тағайындалатын әскери бөлімдердің командирлеріне жүктеледі.

201. Полигон (авиациялық полигон) аумағына бөгде адамдардың, автомобиль мен үй жануарының рұқсатсыз кіруін (өтуін) болғызбау мақсатында полигон (авиациялық полигон) шекарасында аумақ периметрі бойынша ені 2 метр, тереңдігі кемінде 1,5 метр траншея және/ немесе биіктігі кемінде 1,2 метр қоршау қазылады. Траншеяны жабдықтау кезінде алынған топырақ полигон шекарасының ішкі жағына төселеді. Төселген топырақ үймесі бойынша бір-бірінен 200 метрден аспайтын қашықтықта тікелей көріністе "Токта, атады! Жүруге және өтуге тыйым салынған!" деген қазақ және орыс тілдерінде жазылған ескерту белгілері орнатылады. Ескерту белгісі осы Қағидаларға 22-қосымшаның 1-суретінде көрсетілген ескерту белгісі мен көрсеткішінің сипаттамасына сәйкес нөмірленеді.

202. Қазуға қиын жергілікті жер учаскесі (таулы, тасты немесе жартасты учаскелер) көліктің өтуін және үй малын айдап өтуді болдырмайтын тұйық шлагбауммен және басқа да қоршаумен жабылады. Полигон шекарасы бойынша қазылмаған өтпе жолдар (полигон командасы, бөлім пайдаланатын) жұмыс шлагбаумымен жабдықталады, бұл ретте жұмыс шлагбаумы бұзуға қарсы құрылғымен жабдықталады және құлыпқа жабылады. Шлагбаумның кілті полигон бастығында сақталады.

203. Штатында полигон (авиациялық полигон) бар гарнизон штабының бастығы және әскери бөлім командирі полигонның барлық периметрі бойынша ескерту белгісінің, шлагбаум мен траншеяның бар болуына және күтіп-ұстауға бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады. Полигон (авиациялық полигон) периметрі бойынша траншеяның, ескерту белгісі мен шлагбаумның жай-күйін тексеру бір айда бір реттен сиретпей жүргізіледі, тексеру нәтижесі туралы гарнизон бастығының атына баянатпен баяндалады.

204. Егер ол талап етілсе, теңіз полигонында қоршау катерлер мен шлюпкаларда қойылады. Жүзу құралдары авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдануды қамтамасыз ету үшін жүзу құралдарын бөлумен бір уақытта бөлінеді. Жағалауда ауданды, теңіз полигонын қадағалау және полигондағы жүзу жетекшісін полигон акваториясында бөгде жүзу құралдарының пайда болуы туралы уақтылы хабардар ету үшін бекет қойылады.

205. Авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану кезінде полигон аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ кезекші нарядтың ұшу алдында міндеттерін білуін тексеруді авиациялық полигон бастығы ұйымдастырады, полигон ауданында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді полигондағы ұшу жеткшісі ұйымдастырады, ҰБТ адамдарының әзірлігі және олардың өз міндеттерін білуін ұшуды ұйымдастыратын авиациялық бөлім командирі тексереді.

206. Қолданыстағы қадағалау пункттері мен блиндаждар ұшу кезінде қызыл тутұғыр көтерілген, ал ұшу арасындағы үзілістерде (нысаналардың түсуі, өлшеу немесе жөндеу уақытында) – ақ жалаумен (түнде тиісінше қызыл және ақ шаммен) белгіленеді.

207. Авиациялық зақымдау құралдарын жауынгерлік қолдану кезінде әуе кемесі экипажының тапсырманы орындауын тоқтатуға сигнал беру авиациялық полигон бастығының сигналы (командасы) бойынша жүзеге асырылады. Сигнал (команда) бойынша ұшу пунктінің жетекшісі әуе кемесі (топ) экипажына тапсырманы тоқтатуға береді.

208. Әуе кемесі экипажының командирі авиациялық зақымдау құралдарын берілген полигон шекарасынан немесе берілген нысанадан тыс қолдануға жол бермеуге шаралар қабылдайды, жауынгерлік жолда экипаж жұмысын бақылауды полигондағы ұшу жеткшісі жүзеге асырады.

209. Авиациялық полигон ауданында және (немесе) оның аумағында әуе кемесі қонуға немесе әуе кемесінің экипажы одан кетуге мәжбүр болған жағдайда ұшу жетекшісі кезекші іздеу-құтқару күштері мен құралдарын көтеруге шұғыл команда береді.

8-тарау. Полигондарды жарылу қаупі бар заттардан тазарту

210. Полигон (авиациялық полигон, оқу-жаттығу объектісі) аумағының жарылмаған оқ-дәрілермен ластануын болғызбау мақсатында полигонды (авиациялық полигонды, оқу-жаттығу объектісін) жарылу қаупі бар заттардан тазарту ұйымдастырылады және жүргізіледі. Тазартуды ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 109 қбпү бұйрығымен бекітілген Оқ-дәрілерді жою және жергілікті жерді (объектілерді) жарылу қаупі бар заттардан тазарту қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 166548 болып тіркелген) регламенттеледі.

211. Жарылу қаупі бар заттарды іздеу және оларды қатерсіздендіру (жою) жөніндегі жұмысқа қатысу үшін тағайындалмаған бөлімшелерге (жеке құрамға) тазарту ауданында болуға жол берілмейді.

Полигон аумағын жарылмаған оқ-дәрілерден тазарту тек тәуліктің жарык уақытында жүргізіледі.

212. Полигонды тазартуды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шаралар:

оқ ату (оқу-жаттығу) жүргізу кезінде жарылмаған оқ-дәрілерді іздеу, анықтау және белгілеу оқ ату (оқу-жаттығу) аяқталғаннан кейін бірден жүргізіледі;

оқ ату (оқу-жаттығу) жүргізу кезінде жарылмаған оқ-дәрілерді жою белгіленген тәртіппен мерзімдерде жүргізіледі;

оқу-жаттығу жүргізу ауданын тазарту әрбір оқу-жаттығуды жүргізу алдында және аяқталғаннан кейін жүргізіледі;

полигондарды жарылмаған оқ-дәрілерден және басқа да жарылу қаупі бар заттардан тазарту бір жылда екі рет (көктемде және күзде жергілікті жердің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып) жүргізіледі.

213. Тазарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін жету қиын (сортаң, батпақ, қалың орман, бұта және ұқсас учаскелерді) нысана алаңдарының жеке учаскелері тыйым салынған аймақтар болып саналады, олар қауіпсіздік шаралары бойынша картаға енгізіледі және осы Қағидаларға 22-қосымшаның 2-суретіндегі ескерту белгілеріне, нұсқарға және олардың сипаттамасына сәйкес "Тыйым салынған аймақ" деген жазуы бар жергілікті жерде нұсқармен белгіленеді.

214. Полигон аумағын жарылмаған оқ-дәрілерден және басқа да жарылу қаупі бар заттардан тазарту жұмыстары басталар алдында минасыздандыру топтарымен, жару (имитациялау-жару) және іздеу командаларымен жарылмаған гранатамен, снарядпен, минамен, авиабомбамен және басқа да жарылу қаупі бар заттарды іздеу және жұмыс істеу қағидалары және қауіпсіздік шараларын орындау бойынша сабақ өткізіледі.

215. Жарылу қаупі бар заттарды іздеуге, анықтауға және қатерсіздендіруге (жоюға) жататын әрбір объектінің аумағы 50-150 метр жолаққа бөлінеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаның 9-суретінде көрсетілген сигнал беру және ескерту жалауының, белгінің, көрсеткіш пен тақтайшаның үлгілеріне сәйкес айқын көрінетін көрсеткішпен белгіленеді (көрсеткіш биіктігі 100 сантиметр болат шыбықтан, сымнан немесе ұшы үшкірлеген ағаш бөренеден жасалады). Жолақтар ені іздеу командасындағы әскери қызметшілер санына байланысты. Ашық жергілікті жерді тазарту кезінде тізбектегі әскери қызметшілер арасындағы арақашықтық 5 метрден аспайды, жергілікті жерді қалың шөп басқан кезде 2 метрден аспайды. Жолақтың барлық тереңдігіне бөлімшелер қозғалысын реттеу жүргізілетін бастапқы, аралық (әрбір 100-200 метр сайын) және соңғы шеп белгіленеді. Жолақ пен шеп көрсеткішіне ақ түсті жалауша (40 см x 20 см), ал анықталған жарылу қаупі бар заттарды белгілеу үшін көрсеткіштерге қызыл түсті жалауша бекітіледі. Жергілікті жерді мұқият қарап шығу және жарылу қаупі бар

заттарды іздеу учаскенің оң немесе сол қапталынан басталады. Іздеу тізбегінің қозғалыс жылдамдығы – 2-3 км/сағ. Бастапқы шептен қозғалу үлкен команданың сигналы бойынша басталады, ол аралық шептегі тізбектерді теңестіріп, қозғалысты реттеп отырады. Іздеу кезінде анықталған гранатаны, снарядты, зымыранды, минаны, авиабомбаны және басқа да жарылу қаупі бар заттарды, сондай-ақ олардың топырақта болуы болжанған жерді қозғауға (тиісуге, орнын ауыстыруға) жол берілмейді.

Әскери қызметші жарылмаған оқ-дәрілерді, жарылу қаупі бар заттарды немесе топырақта оқ-дәріден қалған саңылауды анықтаған кезде оң қолын көтереді және дауыстап команда бастығына хабардар етеді.

Команда бастығының командасы бойынша іздеу тізбегінің қозғалысы тоқтатылады. Іздеу командасының бастығы көзбен шолып тексергеннен кейін анықталған жарылу қаупі бар заттар көрсеткішпен белгіленеді (көрсеткіш 0,5 метр қашықтықта орнатылады) және команда бастығының командасы бойынша қозғалыс басталады. Барлық анықталған жарылмаған және басқа да жарылу қаупі бар заттар оқу-жаттығу объектісінің нысана алаңын тазарту схемасында көрсетіледі.

Жолақ көрсеткіштері жолақ бойынша іздеу тізбегі өткеннен кейін тазартылған аумақ жағынан алынады, ал жарылу қаупі бар заттардың көрсеткіштері оқ-дәрілер немесе жарылу қаупі бар заттар жойылғаннан кейін алынады.

Дәрігермен санитариялық машина 200-300 метр артта іздеу тізбегінің соңында жүреді.

Минасыздандыру тобы (жару командасы) тізбектен кейін 100-200 метр қашықтықта жүріп, қызыл жалаушамен көрсеткіш қойылған әрбір затты қарап тексереді, оның қауіптілік дәрежесін айқындайды және оны қатерсіздендіру бойынша шаралар қабылдайды (жарады). Бұл ретте минасыздандыру тобының (жару командасының) жетекшісі есептік құжаттарды ресімдеу үшін жаруға дейін және одан кейін әрбір затты суретке түсіреді.

216. Егер жарылмаған оқ-дәріні (мина, авиабомба) немесе басқа да жарылу қаупі бар затты тазарту барысында қандай-да бір себеппен жоюға болмайтын болса, ол орналасқан жер қоршауға алынады және бір-бірінен кемінде 1 метр қашықтықта жарылу қаупі бар заттарды белгілеу үшін полигонды тазарту кезінде пайдаланылатын 4 көрсеткіш орнатылады.

217. Қолдануға қауіпсіз заттардың қауіпсіздігін мамандар қайта тексергеннен кейін және әскери бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалған комиссия тиісті актіні жасайды және кейіннен металл сынығына тапсыру үшін нысана алаңынан әкетуге рұқсат береді, ал жарылу қаупі бар заттар олардың қауіптілігі дәрежесіне байланысты белгіленген тәртіппен жойылады.

Снаряд, граната, зымыран, практикалық снаряд фрагменттері (сынықтары) және басқа да металл қоқыстары тексерістен кейін және рұқсат берілгеннен кейін әскери бөлім, бөлімше (команда) күштерімен жинастырылады және тиеу-түсіру жұмыстарын

жүргізуге, көлікке маневр жасаумен кіру жолдары мен қақпасы бар, қатты төсемі бар металл сынықтары мен түрлі түсті және қара металл сынықтарын сақтау үшін жабдықталған қоршаулы алаңдарға жиналады.

218. Полигон (авиациялық полигон) аумағын тазарту аяқталғаннан кейін полигон бастығы тазарту тобының жетекшісі ресімдеген есеп беру құжаттарына:

осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес оқу-жаттығу полигоны аумағын жарылу қаупі бар заттардан тазартудың қабылдау-тапсыру актісіне;

полигон оқу-жаттығу объектілерінің нысана алаңдарын тазарту схемасына қол қояды.

219. Полигонды (авиациялық полигонды) тазарту аяқталғаннан кейін полигон бастығы полигон бағынатын әскери бөлімнің командиріне тазартуды аяқтау туралы баянатпен баяндайды. Егер жүргізілген тазарту нәтижесінде жарылмаған оқ-дәрілердің бір бөлігі анықталмаса (сондай-ақ полигон бастығы тазарту жүргізу сапасына күмән келтірсе), онда полигон бастығының баянаты бойынша қайта тазарту тағайындалады, бұл ретте бұрын жасалған жарылу қаупі бар заттардан тазартудың қабылдау-тапсыру актісіне олар қол қоймайды (жойылғанға дейін).

9-тарау. Медициналық қамтамасыз ету

220. Медициналық пункт полигон үй-жайында жабдықталады және алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

221. Оқу-жаттығуға, оқ атуға, жүргізуге және басқа да сабаққа қызмет көрсететін жеке құрамға, сондай-ақ полигондағы әскерлердің (бөлімшелердің) жеке құрамына алғашқы медициналық көмек көрсету мақсатында оқ атуға (оқу-жаттығуға, жүргізуге) келген әрбір әскердің (бөлімшенің) жеке құрамында өзінің кезекші фельдшері (дәрігері) бар жылжымалы медициналық пункт өрістетіледі.

222. Авиациялық полигондарда полигонның жеке құрамын медициналық қамтамасыз ету алғашқы медициналық көмек көрсету және профилактикалық іс-шаралар жүргізу авиациялық полигон бекітілген әскери бөлімнің штаттық құралдарымен жүзеге асырылады.

10-тарау. Әскери бөлімдер мен бөлімшелерді полигондағы сабаққа жіберу

223. Оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) күні келген әскери бөлімнің (бөлімшенің) оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) үлкен жетекшісі белгіленген уақытта полигон бастығына оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) әкімшілігін, әскери бөлім командирінің оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) жүргізуге бұйрығынан үзіндіні және қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау берілген әскери бөлім (бөлімше) әскери қызметшілерінің тізімін ұсынады.

Оқ ату (көлік жүргізу, оқу-жаттығу) үшін әкімшіліктің лауазымды адамдарының тізбесі осы Қағидаларға 25-қосымшада көрсетілген оқ ату және көлік жүргізу үшін

әскери бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалатын әкімшілік лауазымды адамдарының тізбесінде, ал полигон бастығы оқ ату (оқу-жаттығу, көлік жүргізу) әкімшілігінде тексеретін мәселелердің тізбесі осы Қағидалардың 26-қосымшасында көрсетілген.

224. Тексерудің қанағаттанарлық нәтижесі кезінде полигон бастығы әкімшіліктің лауазымды адамдарына нұсқау береді және бұл туралы бұйрықтан ұсынылған үзіндіге жазба жасай отырып (мысалы – әскери оқ ату орнының бастығына – оқ атуға рұқсат етемін. Полигон бастығы, қолы және күні) оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) өткізуге рұқсат береді.

225. Оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) әкімшілігін немесе әскери бөлімдерді (бөлімшелерді) оқ атуға (оқу-жаттығуға, жүргізуге) даярлауда кемшіліктер анықталған кезде полигон бастығы олар толық жойылғанға дейін оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) өткізуге жібермейді.

11-тарау. Далалық шығуда әскери бөлімдер мен бөлімшелерді орналастыру

226. Полигонға әскерлерді шығару тәртібі өңірлік қолбасшылық әскерлері және әскер тектері қолбасшыларының, әскери бөлімдер командирлерінің жоспарларымен, оқу жылына арналған ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулармен және жауынгерлік даярлық бағдарламаларымен айқындалады.

227. Әскери бөлімдер мен бөлімшелер командирлері бөлімшелер полигонға шығар алдында әскери бөлім (бөлімше) полигонға келгенге дейін 3 жұмыс күні бұрын оқу-жаттығу объектілерінің мүлкін қабылдау, жоспарлау және әскерлерді орналастыруды үшін өз өкілін полигон бастығына жібереді.

228. Полигон бастығы келген әскери бөлім (бөлімше) өкіліне:

- 1) полигонның шекараларын және оқу-жаттығу объектілерінің орналасу схемасын;
- 2) әскери бөлімнің (бөлімшенің) полигон аумағы бойынша жүріп-тұру маршруттары мен уақытын;
- 3) далалық лагерьді жабдықтау орнын, әскери қызметшілерді орналастыру шарттарын;
- 4) қару мен оқ-дәрілерді сақтау орны мен тәртібін;
- 5) жауынгерлік және басқа да техниканы сақтау орны мен тәртібін;
- 6) сабақ өткізу үшін бөлінетін полигон оқу-жаттығу объектілерінің ауқымын;
- 7) сабақ өткізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен өрт қауіпсіздігін;
- 8) келетін бөлімге (бөлімшеге) бекітілген аумақ шекарасын көрсетеді.

229. Әскери бөлім (бөлімше) командирі полигонға келгеннен кейін қабылдау актісін ресімдей отырып, тұрғын үй қорын қабылдауды жүзеге асырады, ал далалық шығу аяқталғаннан кейін полигон бастығына барлық тұрғын және қосалқы үй-жайларды, мүлікті, құралдар мен оқу-жаттығу объектілерін жарамды жай-күйде береді.

230. Далалық шығу аяқталғаннан кейін әскери бөлім (бөлімше) командирі жол жүру , полигон аумағы ішінде және одан тыс жерлерде жүріп-тұру жүргізілген тас және топырақ жолдарын қалпына келтіруді және жөндеуді ұйымдастырады.

231. Далалық шығуға келген бөлімнің (бөлімшенің) полигонның оқу-жаттығу объектілерін жоспарлау және пайдалану тәртібі полигонда болудың барлық кезеңіне жиынтық сабақ кестесін және жауынгерлік және сандық құрам туралы мәліметті қосымша жолдай отырып, осы Қағидалардың 112 – 120-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Шектеу дәрежесі

полигонының (авиациялық полигонының) формуляры

Әскери бөлім		Оқу-жаттығу полигоны	
Полигон аумағы			
Полигон көлемі: маңдайшеп бойынша Тереңдікте			
Қ ұ қ ы қ белгілейтін құжаттар			
Полигон бастығы			
Полигон бастығының орынбасары			
Пошталық мекенжайы:			
Электрондық мекенжайы:			
Теміржол деректемелері			
Жабдықталған техниканы тиеу орындарының болуы (тік қойылған және бүйір рампаларының болуы, олардың жай-күйі)			
Жақын жерде азаматтық (әскери) әуеайлақтардың болуы			
Байланыс:			
	МТҚ нөмірі	ЖОБ нөмірі	ұялы байланыс нөмірі
Әскери бөлім командирі			

Командирдің жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары			
Әскери бөлім бойынша кезекші			
Полигон бастығы			
Полигон бойынша кезекші			

Полигон құрамы: (Құрлық әскерлерінің полигондары үшін)

Оқу-жаттығу объектілері					
штат бойынша		тиесілі		қолда бар	
Оқу-жаттығу тактикалық алаңы					
полигондық жабдық (жиынтық, шығарылған жылы, өндіруші, құрамы)					
Әскери оқ ату алаңы					
полигондық жабдық (жиынтық, шығарылған жылы, өндіруші)					
Танк директрисасы					
полигондық жабдық (жиынтық, шығарылған жылы, өндіруші)					
ЖӘЖМ (БТР) директрисасы					
полигондық жабдық (жиынтық, шығарылған жылы, өндіруші)					
басқа объектілер көрсетілген үлгіге ұқсас толтырылады					
кедергілер (түрлер саны)		Қолда бар кедергілер сипаттамасы			
Жеке құрам				ОЖМР техникасы	
Санаты	штат бойынша	тізім бойынша	атауы	штат бойынша	тізім бойынша
Офицерлер					
Сержанттар					
Сарбаздар					
Азаматтық персонал адамдары					
Барлығы			Арнайы техника		

Жиынтықт алмау(адам)				
Жиынтықт алмау(%)				
Рұқсаты бар (адам), оның ішінде:				
1-нысан бойынша рұқсат		Автомобильдер:		
2-нысан бойынша рұқсат				
3-нысан бойынша рұқсат				
Эл/станциялар (дизельді, бензинді агрегаттар)				
Полигонда қуаты көрсетілген трансформаторлық кіші станциялардың (бұдан әрі – ТКС) болуы, оның ішінде:		Барлығы		
		ТКС-100		
		ТКС-160		
Энергиямен жабдықтау				
Жылумен жабдықтау				
Сумен жабдықтау				
Полигондағы әскерлер қызметін ұйымдастыру Объектілердің күзеті саны _____ адам тәуліктік нарядпен ұйымдастырылған, оның ішінде:				
Тәуліктік нарядтың байланыс құралы				
Инфрақұрылым				
Объектататауы	Ғимарат атауы	Қолда бары	Параметрлері және салынған жылы	Жай-күйі
Әкімшілік - шаруашылық аймақ				
Әскери оқату алаңы				
Танк директрисасы				
Бақылау-өткізу пункті				
Барлығы ғимаратта				

Полигонның жалпы мүмкіндіктері:

- 1) бөлімшелердің (взводтардың) жауынгерлік оқ атуын, роталық (батальондық, бригадалық) тактикалық және арнайы оқу-жаттығуды жүргізу жөніндегі;
- 2) полигонда қолдануға рұқсат етілген қару-жарақ жүйелері және оқ-дәрілер түрлері бойынша;
- 3) майдан және армиялық авиацияны пайдалану бойынша;
- 4) десант түсіру бойынша;
- 5) басқа да мүмкіндіктері мен ерекшеліктері.

Полигон формулярына полигон схемасы қоса беріледі (полигон шекарасының конфигурациясы мен объектілердің орналасқан жері)

Қарамағында полигон бар әскери бөлімнің командирі _____
_____ (әскери атағы, қолы, тегі, инициалдары)

Күні
(авиациялық полигондар үшін)

Оқу-жаттығу объектілері					
		болуы қажет		қолда бары	
Командалық-бақылау пункті					
Координаттары (орналасқан жері)					
Бақылау пункті					
Координаттары (орналасқан жері)					
Қону алаңы					
Алаң ортасының координаттары (орналасқан жері), көлемі					
Бомбалайтын алаң					
Нысана нөмірі, координаттары, бұрыштық шағылысу түрі және саны, түнгі нысана шамдарының түрі, азимут және болжамды көздеу нүктесінің арақашықтығы					
Ату алаңы					
Нысана нөмірі, нысаналар саны					
Тактикалық алаң					
Нысана нөмірі және атауы, бірлік саны, нысана ортасының координаттары					
Жеке құрам			Техника		
Санаты	штат бойынша	тізім бойынша	Атауы	штат бойынша	тізім бойынша
Офицерлер					
Сержанттар					
Сарбаздар					

Азаматтық персонал адамдары					
Барлығы			Арнайы техника		
Жиынтықталмау (адам)					
Жиынтықталмау (%)					
Рұқсаты бар (адам), оның ішінде:					
1-нысан бойынша рұқсат			Автомобильдер:		
2-нысан бойынша рұқсат					
3-нысан бойынша рұқсат					
Эл/станциялар (дизель, бензинді агрегаттар)					
Полигонда қуаты көрсетілген трансформаторлық кіші станциялардың (бұдан әрі – ТКС) болуы, оның ішінде:			барлығы		
			ТКС-60		
			ТКС-100		
			ТКС-160		
Энергиямен жабдықтау					
Жылумен жабдықтау					
Сумен жабдықтау					
Полигондағы әскерлер қызметін ұйымдастыру Объектілердің күзеті саны ____ ____ адам тәуліктік нарядпен (вахталық әдіспен) ұйымдастырылған, оның ішінде:					
Тәуліктік нарядтың байланыс құралдары					
Инфрақұрылым					
Объектінің атауы	Ғимараттың атауы	Қолда бары	Параметрі және салынған жылы	Жай-күйі	
Әкімшілік-шаруашылық аймақ					
Барлығы ғимараттар					

Полигон формулярына полигон схемасы қоса беріледі (полигон шекарасының конфигурациясы және объектінің орналасқан жері).

Қарамағында полигон бар авиациялық әскери бөлім командирі _____
_____ (әскери атағы, қолы, тегі, инициалдары)

күні

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
2-қосымша

Полигонда жүргізілетін құжаттама кестесі

P/c№	Құжаттың атауы	ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің, арнайы әскерлерінің, әскери бөлімдері мен әскери-оқу орындары оқу-жаттығу орталықтарының полигондары	ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің авиациялық полигондары (жерүсті, теңіз, әуе және арнайы)
Полигон бастығының құжаттамасы			
1.	Полигонның бас жоспары (М1:25000)	+	-
2.	Полигон схемасы (А1 форматы)	-	+
3.	Жер пайдалану құқығына мемлекеттік акт	+	+
4.	Полигонның (авиациялық полигонның) формуляры	+	+
5.	Авиация қолданылатын полигондар үшін аэронавигациялық паспорт	+	+
6.	Полигонның қауіпсіздік шаралары жөніндегі картасы	+	-
7.	Полигондағы қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулық	+	-
8.	Полигонды қоршау схемасы	+	+
9.	Өртке қарсы іс-шаралар жоспары	+	+
10.	Су тасқынына қарсы іс-шаралар жоспары	+	-
11.	Полигонды қуаттандырудың кабельдік желісін салу схемасы	+	-

12.	Әкімшіліктің нұсқау беру журналы (оқ ату, оқу-жаттығу және көлік жүргізу)	+	-
13.	Полигон аумағында қауіпсіздік шараларын сақтау туралы жергілікті халықпен өткізілетін іс-шараларды есепке алу журналы	+	+
14.	Хабардар ету парақтары	+	+
15.	Полигонда өткізілген сабақты (оқ атуды, оқу-жаттығуды, жүргізуді) есепке алу журналы	+	-
16.	Полигонға келген әскерлерді (әскери бөлімдерді, бөлімшелерді) есепке алу журналы	+	+
17.	Полигонның жеке құрамына қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау беру журналы	+	+
18.	Полигондық жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жоспары	+	-
19.	Полигондық жабдықты (қысқы, жазғы) пайдалану режиміне ауыстыру жоспары	+	-
20.	Полигондық жабдықты есепке алу кітабы	+	-
21.	Полигондағы материалдық құралдарды есепке алу кітабы	+	-
22.	Полигондық жабдық жиынтығының формуляры (бұйымның паспорты)	+	-
23.	Полигон объектілерін бекіту туралы гарнизон бастығының бұйрығынан үзінді	+	-
24.	Полигондық жабдық пен материалдық құралдарды лауазымды адамдарға бекіту туралы әскери бөлім командирінің бұйрығынан үзінді	+	-

25.	Сабак әкімшілігінің лауазымды адамдарына нұсқаулықтар	+	-
26.	Оқу-жаттығу полигонының жарылыс қаупі бар заттардан тазартылған аумағын қабылдау-тапсыру актісі	+	+
27.	Лауазымды адамдардың полигонды (авиациялық полигонды) тексеруді есепке алу журналы	+	+
28.	Полигондағы ұшулар жетекшісінің журналы (авиация қолданылатын полигондар үшін)	+	+
29.	Авиациялық полигонның кезекші ауысымының журналы (авиация қолданылатын полигондар үшін)	+	+
Объект бастығының құжаттамасы			
30.	Жарылмаған оқ-дәрілерді , авиациялық бомбаларды , зымырандарды және басқа да жарылыс қаупі бар заттарды есепке алу журналы	+	+
31.	Оқу-жаттығу объектісінде кабельдерді салу схемасы	+	-
32.	Оқу-жаттығу объектісінде өткізілген сабақты (оқ атуды, оқу-жаттығуды, көлік жүргізуді) есепке алу журналы	+	-
33.	Объект формуляры	+	-

Ескертпе:

Оқу жылы аяқталғаннан кейін есепке алу кітаптарында, журналдарында тиісті белгілер мен қорытынды жазбалар жасалады. Құжаттар келесі жыл бойы сақталады, ол аяқталған соң белгіленген тәртіппен жойылады.

1. Әкімшілікке (оқ атудың, көлік жүргізудің, оқу-жаттығудың) нұсқау беру журналы.

Әскери бөлімнің нөмірі,	Нұсқау беруді өткізу туралы деректер			Полигон (оқу-жаттығу орталығы)
		Нұсқау берілетін адамның әскери		

нұсқаманы өткізу уақыты мен күні	Әкімшіліктің лауазымды адамы	атағы, тегі, инициалдары	Нұсқау берілетін адамның қолы	бастығының нұсқау беруді өткізу туралы қолы
----------------------------------	------------------------------	--------------------------	-------------------------------	---

2. Жергілікті тұрғындармен полигон аумағында қауіпсіздік шараларын сақтау туралы өткізілген іс-шараларды есепке алу журналы

Іс-шараларды өткізу күні	Іс-шараларды өткізген адамның лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары	Іс-шараның атауы, оны өткізу орны және қатысушылар саны	Мекеме жетекшісінің лауазымы, қолы, тегі, инициалдары және мөрі
--------------------------	---	---	---

3. Полигонда өткізілген сабақты (оқ атуды, оқу-жаттығуды, көлік жүргізуді) есепке алу журналы

Р/с №	Сабақты өткізу күні мен уақыты	Әскери бөлім нөмірі, бөлімше	Жаттығу нөмірі және техника түрі	Жеке құрамының жалпы саны	Баға				Орындау %	Көлік жүргізуді жалпы бағалау	Көлік жүргізу жетекшісінің әскери атағы, қолы және тегі
					өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз			
1.											

4. Полигонға келетін әскерлерді (бөлімдерді, бөлімшелерді) есепке алу журналы

Р/с №	Келу күні мен уақыты	Бөлімше және әскери бөлімнің нөмірі	Әскери қызметшілердің саны	Келу мақсаты	Әскери атағы, тегі және қолы
1.					

5. Полигонның жеке құрамына қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау беру журналы

Р/с №	Әскери атағы	Тегі, инициалдары	_____ айы															

6. Авиациялық бомбалардың, зымырандардың және полигондағы басқа да жарылу қаупі бар заттардың жарылмаған оқ-дәрілерін есепке алу журналы:

(Құрлық әскерлерінің полигондары үшін)

Р/с №	Оқ ату күні	Объект және учаске №	Оқ-дәрінің калибрі, маркасы және саны	Іздеу нәтижесі,	Оқ ату жетекшісінің және	Жою туралы актінің № және күні	Жарылу қаупі бар заттарды жою туралы
-------	-------------	----------------------	---------------------------------------	-----------------	--------------------------	--------------------------------	--------------------------------------

				белгілеу координатта ры	объект бастығының қолы		полигон бастығының қолы
1.							

[illegible]

Оқ ату жүргізілетін объектілерде:

Көлік жүргізу жүргізілетін объектілерде:

8. Лауазымды адамдардың полигонды (авиациялық полигонды) тексеруді есепке алу журналы

Р/с №	Тексеру уақыты мен күні	Тексеру нәтижесі тексерушінің әскери атағы және қолы тегі және аты-жөні	Әскери бөлім командирінің танысқаны туралы белгі	Қабылданған шаралар туралы белгі, полигон (объект) бастығының әскери атағы және қолы, тегі және аты-жөні.
1.				

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
3-қосымша

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін максималды қашықтыққа оқ атуды жүргізу кезінде ұшу кеңістігінің және бүйірлік қорғау аймағының минималды рұқсат етілген шамасы

Жүйе индексі	Калибр, (d) мм	Снаряд типі	X, max м	ΔX max м	5Вд м	X ұшу м	г,б м	Ұшу кеңістіг інің теренді гі Х, м	Дельта Z, max м	5В, б м	БҚА ені (S), м
жерүсті артиллериясы											
БС-3	100	ОФ-412	20650	5400	260	2000	500	28810	2973	65	3538
М-30	122	ОФ-462	11801	2961	240	2000	600	17602	1785	45	2430
Д-30	122	ОФ-462	15292	2944	135	2000	600	20971	2139	55	2794
2С1	122	ОФ-462	15230	2953	190	2000	600	20973	2139	50	2789
МЛ-20	152	ОФ-540	17410	4358	365	2000	700	24833	2534	60	3294
		ОФ-22	20460	4831	360	2000	700	28351	2903	110	3713
Д-20	152	ОФ-540	17410	4358	300	2000	700	24768	2527	55	3282
		ОФ-22	20460	4831	360	2000	700	28351	2903	110	3713
Д-1	152	ОФ-530	12542	3093	240	2000	700	18575	1877	46	2623
2А36, 2С5	152	ОФ-29	28532	8193	545	2000	700	39970	4123	85	4908
		ОФ-30	33307	9945	800	2000	700	46752	4835	125	5660
2А65, 2С19	152	ОФ-45	24598	6265	325	2000	700	33888	3485	60	4245
2С3	152	ОФ-540	17053	4297	365	2000	700	24415	2490	85	3275
		ОФ-22	20344	4798	370	2000	700	28212	2889	120	3709
Танк және танкіге қарсы артиллерия, ЖӘЖМ қару-жарағы											
2А42	30	ОФ3	4000	929	130	4000	400	9459	951	11	1362
2А72	30	ОФ-3	4000	935	234	4000	400	9569	963	18	1381
Т-12, МТ-12,	100	ОФ-15	8200	2040	195	5000	500	15935	1621		2154

[illegible]

РПО-А	93	-	1000	-	-	2000	400	2400	330	30	600
-------	----	---	------	---	---	------	-----	------	-----	----	-----

Ескертпе:

1) ұшу кеңістігінің және бүйірлік қорғау аймағының (бұдан әрі – БҚА) шамасы полигонда (орталықта) артиллериялық жүйеден, минаатқыштан, гранатаатқыштан және оқ ату қаруынан максималды қашықтыққа қалыпты жұмыс істейтін оқ-дәрімен ату қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

2) ұшу кеңістігі – бұл полигондағы (орталықтағы) негізгі оқ ату бағыты (бұдан әрі – НАБ) бойындағы, оның шегінде адам күші, қару-жарақ пен әскери техника зақымдануы мүмкін максималды қашықтық;

БҚА – бұл полигондағы (орталықтағы) НАБ-тың екі жағынан, оның шегінде адам күші, қару-жарақ пен әскери техника зақымдануы мүмкін максималды қашықтық;

3) жеке құрамның, қару-жарақ пен әскери техниканың ұшу кеңістігі мен БҚА шегінен тыс болуы олардың қауіпсіздігін дұрыс қамтамасыз етеді;

4) ұшу кеңістігі мен бүйірлік қорғау аймағының шамасы бір артиллериялық қарудан (бір жауынгерлік машинадан) және реактивті дүркін оқ ату жүйесінен (бұдан әрі – РДОЖ) атуға қатысты айқындалды;

5) танкіге қарсы қол гранатаатқышына арналған кесте бағандарындағы сызықша (бұдан әрі – ТҚГ) есептеуге қажетті бастапқы сипаттамалар көрсетілген кестеге сыймайтынын білдіреді. Снарядқа ұқсас ТҚГ үшін алынған ұшу қашықтығының мәні барынша байқалатын мәнді айтарлықтай шамада жабады. Ұшу кеңістігі мен бүйірлік қорғау аймағының (бұдан әрі – БҚА) ені 10^{-6} -ге ұлғайтылған 0,1 ұшу кеңістігіне тең деп қабылданды;

6) кестеде келтірілген көрсетілген снаряд үшін ұшу кеңістігінің тереңдігі мен БҚА енінің мәні максималды болып табылады және осы жүйенің басқа снарядтарымен ату кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

7) атыс қаруына (қосымша ұңғыға) арналған ұшу кеңістігінің тереңдігі оқтың (снарядтың) ең жоғары ұшу қашықтығымен айқындалады:

пистолет патроны оғының ұшу қашықтығы – 2500 метр;

1943 ж. үлгідегі калибрі 5,45 және 7,62 мм патроны оғының ұшу қашықтығы – 4 000 метр;

винтовкалық патрон оғының ұшу қашықтығы – 4 500 метр;

калибрі 12,7 патрон оғының ұшу қашықтығы – 7 000 метр;

калибрі 14,5 және 23,0 патрон оғының ұшу қашықтығы – 9 000 метр;

8) оқ ату қаруынан (қосалқы ұңғыдан) ату кезінде қорғау аймағының ені жарықшақпен зақымдау аймағы радиусының шамасына көбейтілген ұшу кеңістігінің 0,1-ге тең болып қабылданады. Калибрі 20-дан 23 мм-ге дейінгі оқ (снаряд) үшін зақымдау аймағының радиусы 400 м құрайды;

9) осы кестеге кірмеген, сондай-ақ қарулануға жаңадан қабылданған жүйелердің ұшу кеңістігі мен бүйірлік қорғау аймағы келтірілген есептерге ұқсас айқындалады;

10) оқ ату қаруының барлық түрі үшін ұшу кеңістігінің тереңдігі оқтың ең жоғары ұшу қашықтығымен айқындалады;

11) артиллериялық жүйе үшін ұшу кеңістігінің тереңдігі оқ ату кезінде пайдаланылатын зарядқа байланысты ("Толық айнымалы", "Азайтылған айнымалы"), ал реактивті дүркін оқ ату жүйесі үшін тежеу шығыршығын пайдалану көмегімен ("Үлкен тежеу шығыршығы", "Шағын тежеу шығыршығы") өзгертіледі. Бұл жағдайда әрбір зарядқа ұшу кеңістігі мен жүйенің бүйірлік қорғау аймағы келтірілген есептеуге ұқсас айқындалады;

12) ұшу кеңістігі оқ ату қауіпсіздігін толық қамтамасыз етпейтін полигонда қоршау бекеттерін қойған жағдайда жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша осы мұқтаждық үшін уақытша бөлінген жер учаскесін пайдалана алады;

13) 30 мм автоматты зеңбірекке арналған ұшу кеңістігінің тереңдігі көздеудің барлық қондырғысынан оқ атуға мүмкіндік бермейтін жауынгерлік машинаның директрисасында жаттығулар жауынгерлік машинаның көлденең қозғалысы жағдайында ғана жауынгерлік машина қару-жарағының көтерілу бұрышын шектейтін құралмен орындалуы мүмкін;

14) оқ ату бағытын таңдау кезінде табиғи тосқауыл жасау есебінен ату қашықтығын азайтуға мүмкіндік беретін жер бедерін (тау, төбе) ескеру қажет;

15) ұшу кеңістігі тереңдігінің шамасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$x = x_{\max} + \Delta x_{\max} + 5B_d + x_{\text{ұшу}} + x_{\text{б}} + x_{\text{оп}}$$

$x_{\max}$ – ұңғылы жүйелер үшін ең үлкен зарядта және РДОЖ үшін тежегіш сақинасыз максималды кестелік атыс қашықтығы (жазық жер жағдайында)

$\Delta x_{\max}$ – метеорологиялық және баллистикалық жағдайда кестеден максималды ауытқуымен туындаған снарядтың ұшу қашықтығының ауытқуы

$5B_d$ – шашырау салдарынан максималды (іс жүзінде мүмкін болатын) ауытқу

$x_{\text{ұшу}}$ – бірінші құлағаннан кейін толық тоқтағанға дейін жарылмаған оқ-дәрінің ұшуы мүмкін атыс секторындағы максималды қашықтық

$r_{\text{б}}$ – жарылу нүктесінен қауіпсіз қашықтық радиусы (жарықшақтың ұшу радиусы)

$x_{\text{оп}}$ – оқ атуды ашу шебі мен оқ атуды тоқтату шегі арасындағы қашықтық

Метеорологиялық және баллистикалық жағдайда кестеліктен максималды ықтимал ауытқу үшін (жазық жер жағдайында) $\Delta X_{\max}$ есептеу кезінде мынадай мәндер қабылданады:

$$\Delta W_{\text{Б max}} = 20 \text{ м / с}$$

– баллистикалық желдің жылдамдығы;

$$\Delta H_{\text{max}} = -50 \text{ мм сын. бағ.}$$

– атмосфералық қысымның ауытқуы;

$$\Delta T_{\text{max}} = + / - 35 \text{ C}^\circ$$

– ауа температурасының ауытқуы;

$$\Delta T_3 \max = +35^\circ \text{C}$$

– заряд температурасының ауытқуы;

$$\Delta V_k \max = +5\%$$

– бастапқы жылдамдықтың ауытқуы.

$\Delta X_{\max}$ қашықтығының ауытқу мәні есептеледі:

$$\Delta X_{\max} = 2 \Delta X_W + 5 \Delta X_H + 3,5 \Delta X_T + 3,5 \Delta X_{T_3} + 5 \Delta X_{V_0}$$

мұндағы ΔX – метеорологиялық және баллистикалық атыс жағдайының ауытқуын кестелік түзету.

$X_{\text{ұшу}}$ мен γ_0 мәндері тиісінше бастапқы жылдамдыққа (V_0), биіктік бұрышына және калибрге (d) байланысты анықталады.

ТҚЗК үшін ұшу кеңістігінің шамасы зымыранның орташа ұшу жылдамдығына және өзін-өзі жою қондырғысының іске қосылу уақытына байланысты.

Мысалы:

орташа ұшу жылдамдығы (V_{cp}) – 400 м/с;

өзі жойғыштың іске қосылу уақыты (t_l) – ұшыру сәтінен бастап 17 сек.;

оқ атуды ашу шебінен оқ атуды тоқтату шебіне дейінгі қашықтық (X_{op}) – 800 м.

$$X = V_{\text{орт}} \times T_l + X_{\text{оп}} = 400 \times 17 + 800 = 7680 \text{ м.}$$

Ұшу кеңістігінің тереңдігін есептеу нәтижесі осы Қосымшада келтірілген (осы Қосымшада ұшу кеңістігі тереңдігінің мәні хұшу хоп шамасын ескермей келтірілген).

16) БҚА мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \Delta Z_{\max} + 5B_0 + \gamma_0,$$

мұнда:

$\Delta Z_{\max}$ – оқ атудың метеорологиялық және баллистикалық жағдайының кестеліктен максималды ауытқуынан туындаған снарядтың құлау нүктесінен бүйірге ауытқуы (жазық жер жағдайында);

$5B_0$ – снарядтың шашырауы салдарынан бүйірдегі бағытта максималды (іс жүзінде ықтимал) ауытқу;

γ_0 – жарылу нүктесінен қауіпсіз қашықтық радиусы (жарықшақтың ұшу радиусы).


Ұңғылы артиллерия үшін $\Delta Z_{\max}$ шамасы бұрыш өлшегіштің 1-00 бөлінісіне тең қабылданады және метрмен көрсетіледі:

$$\Delta Z_{\max} = 0,105 \max(x + \Delta x_{\max} + 5B_D + X_{\text{ұшу}}).$$

ДОРЖ үшін $\Delta Z_{\max}$ шамасы тиісті кестелік түзетулерді пайдалана отырып есептеледі.

БҚА мәндерін есептеу нәтижесі осы Қосымшада келтірілген.


Ұшу кеңістігінің тереңдігі және бүйірдегі қорғау аймағының шегі



Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
4-қосымша


Сигнал беру және ескерту жалаушасының, белгісінің, көрсеткішінің, тақтасының үлгілері және олардың сипаттамасы

	Көзбен көретін сигналды беру үшін тутұғыр Оқ ату және тактикалық даярлық объектілерінің және ЖМ және автомобильді жүргізу объектілерінің командалық пункттері (басқару пункттерінің учаскелері) алдында орнатылады. Тутұғырдың бағаны диаметрі 50-150 мм металл құбырдан дайындалады. Оқу-жаттығу объектілерінің КП-дағы бағанның биіктігі белгінің төменгі кесіндісіне дейін жер деңгейінен кемінде 7 м (БПУ үшін кемінде 5
--	---



1-сурет

м) (жергілікті жер бедеріне байланысты белгі бағанының биіктігін 10-12 м дейін ұзартуға жол беріледі). Бағанның төмен жағында (жерден кемінде 1 м) және жоғары жағында (жоғарғы мачтаға дейін кемінде 5-20 см) роликтер бекітілген металл қазықтар дәнекерленеді. Роликтерге қызыл және ақ түсті сигналдық жалаушалар бекітілетін металл арқан тартылады (жалаушалар өлшемі 100X60 см). Тутұғырдың үстіңгі жағынан діңгекке түнде оқ атуды қамтамасыз ету үшін (қызыл және сары түсті) плафондармен 2 шам бекітілетін ұзындығы 40-60 см көлденең металл мачта дәнекерленеді. Көзбен көретін сигнал құрылғысымен жарақтандырылған командалық пункттерде (учаскелік басқару пункттерінде) тутұғыр жабдықталмайды. Тутұғыр сұр (қара сұр) түске боялады. Негізгі бағандар жерге бетондалады, қажет болған кезде металл арқаннан тартпалар орнатуға жол беріледі. Орнатылған тутұғырлардың биіктігі және сыртқы түрі бойынша ерекшеленбеуге тиіс. Орталық командалық пунктте тутұғыр полигонның әрбір оқу-жаттығу объектісінен тулардың жоғарғы жағы көрінетіндей орнатылады.



2-сурет





Бастапқы шепті көрсеткіш

Көрсеткіш диаметрі 300-350 мм металл құбырдан дайындалады. Көрсеткіштің биіктігі жер деңгейінен жоғарғы кесіндіге дейін 1,5 м. Баған әрқайсысы 30 см қара және ақ жолақпен кезектесіп боялады. Көрсеткіштің ең жоғарғы (қара) бөлігі ішіне орнатылған ақ түсті қолшамнан (төрт бағытқа) жарықтың шығуы үшін терезелермен жабдықталады.

Көрсеткішті орнату кезінде құбыр жерде бетондалады немесе тұғырда орнатылады (бұл ретте көрсеткіштің биіктігі өзгермейді – жер деңгейінен 1,5 м).

Оқ атуды бастау шебінің көрсеткіші

Көрсеткіш диаметрі 300-350 мм металл құбырдан дайындалады. Көрсеткіштің биіктігі жер деңгейінен кесіндінің жоғарғы бөлігіне

 3-сурет	дейін 1,5 м. Баған әрқайсысы 30 см қызыл және ақ жолақпен кезектесіп боялады. Көрсеткіштің ең жоғарғы (қызыл) бөлігі ішінде орнатылған қызыл түсті қолшамнан (төрт бағытқа) жарықтың шығуы үшін терезелермен жабдықталады. Көрсеткішті орнату кезінде құбыр жерде бетондалады немесе тұғырда орнатылады (бұл ретте көрсеткіштің биіктігі өзгермейді – жер деңгейінен 1,5 м). Көрсеткіштер оқ атуды бастау шебін белгілеу үшін, сондай-ақ негізгі, косалкы және уақытша оқ ату бекіністері үшін пайдаланылады.
 4-сурет	Оқ атуды тоқтату шебінің көрсеткіші Көрсеткіш диаметрі 300-350 мм металл құбырдан дайындалады. Көрсеткіштің биіктігі жер деңгейінен кесіндінің жоғарғы бөлігіне дейін 1,5 м. Баған әрқайсысы 30 см қызыл және ақ жолақпен кезектесіп боялады. Көрсеткіштің ең жоғарғы (көк) бөлігіне ішінде орнатылған көк түсті қолшамнан (төрт бағытқа) жарықтың шығуы үшін терезелермен жабдықталады. Көрсеткішті орнату кезінде құбыр жерде бетондалады немесе тұғырда орнатылады (бұл ретте көрсеткіштің биіктігі өзгермейді – жер деңгейінен 1,5 м).
 5-сурет	Шепті белгілеу жалауы Жалаудың сабы биіктігі 1,5 м 50х50 (50х40) мм ағаш кесіндісінен дайындалады және қара түске боялады. Кенеп өлшемі 1х1 м матадан дайындалады: - ақ түсті – бастапқы шепті (ауданды) көрсету үшін; - қызыл түсті – оқ атуды бастау шебін көрсету үшін; - көк түсті – оқ атуды тоқтату шебін көрсету үшін; - сары түсті – имитациялау шептерін (аудандарын) көрсету үшін. Көрсеткіштің төменгі бөлігі сүйірленеді немесе жауынгерлік оқ атуды немесе оқу-жаттығуды өткізу кезінде жерге сенімді бекіту үшін қадамен жабдықталады.
 6-сурет	Атыстың негізгі бағытының белгісі Белгі нысана алаңының тереңдігінде учаске осі бойымен орнатылады, ал тактикалық алаңдарда бірнеше белгілер жергілікті жер бедеріне байланысты әрбір 1,5 – 2 км сайын тактикалық алаң осі бойымен бірнеше белгілер орнатылады. Белгінің бағаны диаметрі кемінде 80-150 мм металл құбырдан дайындалады. Бағанның биіктігі жер деңгейінен белгінің төменгі кесіндісіне дейін кемінде 6 м (жергілікті жер бедеріне байланысты белгі бағанының биіктігін ұзартуға жол беріледі). Бояу немесе шамды ауыстыру кезінде қызмет көрсетуге қолайлы болу үшін бағанның артқы жағындағы белгіге міндетті түрде деңгей аралығында 40-50 см аралықпен металл саты жабдықталады. Белгінің бағаны жолақтың ені 50 см ақ және қара түспен кезектесіп боялады, бағанның негізі жерде бетондалады. Диаметрі 1,5 м белгінің шеңбері темір табактан дайындалады. Белгі ортасы сары түске, ені 10 см жиегі қызыл түске боялады. Белгінің ортасында түнде оқ атуды жүргізу кезінде бағытты белгілеу үшін плафоны бар лампочка (жасыл түсті) орнатылады.
	Бүйірдегі қорғау аймағы ішкі шекарасының белгісі




7-сурет

Оқ ату және тактикалық даярлық объектілерінде терендікке атыстың негізгі бағытының белгісімен бір сызықта нысана алаңының шетінде орнатылады.

Белгінің бағаны диаметрі кемінде 80-150 мм металл құбырдан дайындалады. Бағанның биіктігі жер деңгейінен белгінің төменгі кесіндісіне дейін кемінде 6 м (жергілікті жер бедеріне байланысты белгі бағанының биіктігін ұзартуға жол беріледі). Бояу немесе лампочкасын ауыстыру кезінде қызмет көрсету қолайлы болу үшін бағанның артқы жағындағы белгіге міндетті түрде деңгей аралығында 40-50 см аралықпен металл саты жабдықталады. Белгінің бағаны жолақтың ені 50 см ақ және қара түспен кезектесіп боялады, бағанның негізі жерде бетондалады.

Белгі тең қабырғалы үшбұрыш нысанында (қабырға ұзындығы 2 м) темір табақтан дайындалады. Белгі негізі қызыл түске, ені 10 см жиегі ақ түске боялады. Белгінің ортасында түнде оқ атуды жүргізу кезінде белгілеу үшін плафоны бар қызыл түсті лампочка орнатылады.




8-сурет

Қашықтық тақтайшалары

Қашықтық тақтайшалары нысана алаңында қашықтықты белгілеу үшін оқ атуды бастау шебінен бастап орнатылады:

әскери оқ ату алаңдарында, оқ ату қалашықтарында, директрисаларда (танк, жаяу әскер жауынгерлік машинасы, броньды транспортер, жауынгерлік дөңгелекті машина, танк пен жаяу әскер жауынгерлік машинасының біріктірілген директрисасы) – әрбір 100 м сайын; оқ ату тирлерінде әрбір 10 м сайын.

Тақтайшалар табак темірден немесе өлшемі 20X30 см фанерадан дайындалады және екі жағы да сары түске боялады. Нөмірлеу тақтайшаның беткі жағына қара бояумен салынады. Тақтайшаның бағаны қара түске боялады. Тақтайша жер деңгейінен төменгі шетіне дейін 0,5 м биіктікте орнатылады.



9-сурет

Жарылмай қалған оқ-дәрілерді белгілеу үшін көрсеткіш (полигонды тазартуды жүргізу үшін сызықтарды белгілеу)


Көрсеткіш 50X50 (50X40) мм ағаш кесіндісінен дайындалады, көрсеткіштерді басқа да материалдан дайындауға жол беріледі. Көрсеткіш бағанының биіктігі сүйір бөлігінсіз 1 м. Көрсеткіштер сары түске боялады. Көрсеткіштің жоғарғы бөлігінде өлшемі 20X60 см қызыл және ақ түсті жалаушалар бекітіледі. Көрсеткіштің төменгі бөлігі полигонға тазарту жүргізу кезінде жерге берік орнату үшін үшкірленеді немесе қадамен жабдықталады.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
5-қосымша

Полигонның нысана алаңындағы брустверлерді жабдықтаусхемасы

БОНҚ алдындағы бруствер схемасы


бүйірден түрі



алдыңғы жағынан түрі




үстінен түрі



ӨАНҚ алдындағы бруствер сызбасы


бүйірден түрі



алдыңғы жағынан түрі




үстінен түрі




Қапталдағы және маңдайшеп жолдары алдындағы бруствер схемасы

бүйірден түрі

Бруствердің биіктігі – көтерілген күйде
0,3 – 0,5 м көтергіш ұстағыштарынан
жоғары тұруға тиіс




**Шынжыр табанды техника үшін орын ауыстыру жабдығының
схемасы**



Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
7-қосымша


Барьерді орнату, полигондық жабдықты таңбалау үлгісі және олардың сипаттамасы

	Қауіпсіздік барьері Қауіпсіздік барьері механик-жүргізуші оқ ату жаттығуы аяқталғаннан кейін бастапқы орналасқан жерге қайтып келе жатқан кезде (жүріп келе жатып оқ ату жаттығуын орындауы кезінде) бағдарды жоғалтқан, сондай-ақ нашар көріну жағдайында оқу-жаттығу объектісінің тыл ауданына машина мен танкінің рұқсатсыз кіруін болдырмау үшін арналған. Ол ұзындығы 300-400 м (артығымен оң жақ жолдан сол жақ жолға) бетон немесе металл қоршауды
--	--



1-сурет

білдіреді және бетон блоктарынан (бетон бордюрлерден) немесе диаметрі кемінде 100 мм металл құбырлардан жасалады. Баған жер деңгейінен 1 м – 1,3 м. Барьер және оның бағандары ұзындығы 1 м қызыл және ақ жолақпен кезектесіп боялады.



2-сурет

Жабдықты нөмірлеу

Полигондық жабдықты нөмірлеу нысана қондырғыларына және тарату құдықтарына салынады.

Нысана қондырғысын нөмірлеу кезінде мынадай кодтау белгіленеді.

Нөмірдің алдындағы екі әріп – нысана қондырғысының оқу-жаттығу объектісіне тиесілігін білдіреді (ӨА – әскери оқ ату алаңы, ТД – танк директрисасы, ЖМ – ЖӘЖМ директрисасы, БТ – БТР директрисасы, БД – біріккен директриса, АД – артиллериялық директриса, ОҚ – ЖӘЖМ атыс қалашығы, ТҚ – танк ату қалашығы, ТА – тактикалық алаң)

Бірінші цифр – оқу-жаттығу объектісінің учаскесінің нөмірін білдіреді (объектіде бар болған кезде – 1 цифр қойылады).

Екінші, үшінші, төртінші және бесінші цифрлар – көтергішті орнату шебін білдіреді.

Алтыншы цифр – шептегі нысана қондырғысының реттік нөмірін білдіреді (егер КП-дан далаға қарағанда оңнан солға 1-ден 8-ге дейін).

Тарату құдықтары мынадай тәртіппен нөмірленеді:

Нөмірдің алдындағы екі әріп – оқу-жаттығу объектісіне тиесілігін білдіреді.

Бірінші цифр – оқу-жаттығу объектісі учаскесінің нөмірін білдіреді.

Екінші цифр – АОШ-дан бастап учаскедегі тарату құдығының реттік нөмірі.

Нөмірлеу нысана қондырғысының немесе тарату құдығының қақпағына трафарет арқылы ақ бояумен салынады. Трафарет өлшемі ені 40 см, биіктігі 8 см аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
8-қосымша

Нысан

____ әскери бөлімінің
командиріне

Өтінім

_____ әскери бөлімінің қолбасшылығы Сізден 2019 жылғы _____ бастап _____ дейінгі кезеңде оқу-жаттығу полигонында саны _____ адамнан тұратын _____ әскери қызметшілермен оқ ату даярлығы (жауынгерлік машинаны жүргізу) бойынша практикалық сабақты өткізуде жәрдем көрсетуіңізді сұрайды.

_____ әскери бөлімінің командирі

2022 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
9-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

_____ әскери бөлімінің
командирі
20__ жылғы " ____ " _____


20__ жылғы _____ бастап _____ дейін _____ гарнизоны әскери бөлімдерінің _____ оқу-жаттығу полигонындағы сабақ кестесі

Полигон объектілері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Әскери оқ ату алаңы					
Т а н к директрисасы					
Ж Ә Ж М директрисасы					
ТҚБЗ және А директрисасы					
Танк айлағы					

Командирдің орынбасары – жауынгерлік даярлық бөлімінің бастығы _____

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
10-қосымша

Авиациялық полигон шекараларын айқындау схемасы



m

—

елді мекендерден, кеме жүзетін өзендерден және басқа да объектілерден жұмыс аймағының шекарасын алыстату ($m \geq 2 \text{ км} + R_{\text{оск}}$)

n

—

авиациялық полигон шекарасынан жұмыс аймағының шекарасынан алыстату ($m \geq 200 \text{ м} + R_{\text{оск}}$)


ℓ

—

ауыл типіндегі елді
мекендерден,
жолдардан, кеме
жүзетін өзендерден,
т е ң і з
коммуникациялары
нан және балық
аулайтын
аудандардан
полигон
шекараларын
алыстату ($\ell \geq 200$ м
+ Роск)

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
11-қосымша

Авиациялық полигонда жабдықты орналастыру схемасы






- а - кемінде 2 км + Роск
б - кемінде 1 км
в - кемінде 1 км
R - кемінде 5σ + Роск






Авиациялық полигондарда нысаналар мен арнайы объектілер тізбесі және олардың шартты белгісі

P/c №	Нысаналар, объектілер атауы	Шартты белгілері
1. Тактикалық нысаналар – нысана (көк түспен белгіленеді)		
Ұрыс алаңы объектілері		
1.	Қорғаныстағы мотожаяу әскер ротасы	
2.	Оқ ату бекінісінде кіші калибрлі зениттік артиллерия батареясы	
3.	Оқ ату бекінісіндегі гаубицалар батареясы	
4.	Оқ ату бекінісіндегі атом қаруы	
5.	Шабуылдау кезінде жауынгерлік реттіліктегі орташа танкілер ротасы	
6.	Оқ ату бекінісіндегі далалық құралдар батареясы	
7.	Старттық бекіністе кіші қашықтықтағы зениттік-зымыран кешенінің батареясы	
8.	Жауынгерлік жай-күйде жылжымалы зениттік-зымыран кешенінің есептобы	
9.	Қорғаныстағы орташа танкілер ротасы	
Тактикалық тереңдіктегі объектілер		
10.	Марштағы мотожаяу әскер ротасы	
11.	Марштағы орташа танкілер ротасы	

12.	Маршта аз қашықтыққа зениттік-зымыран кешенінің батареясы	
13.	Шоғырландыру ауданындағы мотожаю әскер ротасы	
14.	Маршта орташа қашықтыққа зениттік-зымыран кешенінің батареясы	
15.	Старттық бекіністе орташа қашықтыққа зениттік-зымыран кешенінің батареясы	
16.	Басқару және хабардар ету бекеті	
17.	Жылжымалы оқ-дәрілер қоймасы	
18.	Басқарылатын зымырандарды жинау базасы (техникалық қамтамасыз ету пункті)	
19.	Армиялық корпустың командалық пункті	
20.	Маршта жедел-тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
21.	Старттық бекіністе жедел-тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
22.	Барлау-соққы беру кешенінің жерүсті құралдары	
Жедел тереңдіктегі объектілер		
23.	Оқ-дәрілердің, ЖЖМ армиялық қоймасы	 
24.	Басқару және хабардар ету орталығы	
25.	Старттық бекіністегі қанатты зымырандар жасағы	


26.	Тактикалық авиация әуеайлағы	
27.	Теміржол станциясы	
28.	Теміржол (тас жол) көпірі	 
Тыл объектілері		
29.	Электрстанциялары	
30.	Өнеркәсіптік кәсіпорын	
31.	Авиациялық база – ӘШҚҚ құралдарымен әуеайлақ кешені	
2. Жылжымалы полигондардағы нысаналар жабдығы (көк түспен белгіленеді)		
32.	Басқару және хабардар ету орталығы	
33.	Маршта тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
34.	Старттық бекіністегі тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
35.	Маршта жедел-тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
36.	Старттық бекіністегі жедел-тактикалық мақсаттағы басқарылатын зымырандар батареясы	
37.	Маршта орташа қашықтықтағы зениттік-зымыран кешенінің батареясы	





38.	Старттық бекіністе орташа қашықтықтағы зениттік-зымыран кешенінің батареясы	
39.	Маршта далалық артиллерия батареясы	
3. Оқ-жаттығу нысаналары (қара түспен белгіленеді)		
Оқ атуға және зымырандарды ұшыруға арналған нысаналар		
40.	Жеке ату үшін әскери техниканың жеке макеттер (мүсіндер) кешенімен оқ-жаттығу оқ ату нысана алаңы	<i>Условные знаки макетов (силуэтов)</i>
Бомба лақтыруға және зымырандарды ұшыруға арналған нысаналар (бомбалау нысаналары)		
Көзбен шолу нысаналары		
41.	Кресті бар диаметрі 100 м шеңбер, күндізгі	
42.	Кресті бар диаметрі 200 м шеңбер, күндізгі	
43.	Кресті бар диаметрі 100 м шеңбер, түнгі	
44.	Кресті бар диаметрі 100 м шеңбер, шүйілумен жұмыс үшін түнгі	
45.	Тікұшақтардан қараңғыда және түнде бомба лақтыру және оқ ату үшін олардың арасында 2 м арақашықтықпен бір жағы 20 м шаршы және орталықта екі оқ ату	
46.	Кресті бар диаметрі 200 м шеңбер, түнгі	
Радиолокациялық нысаналар		
47.	Бәсең радиолокациялық нысана, нүктелі	
48.	Бәсең радиолокациялық нысана, сызықты	


49.	Бәсең радиолокациялық нысана, алаңды	
50.	Белсенді радиолокациялық нысана – сериялы қолданыстағы жерүсті РЛС	
51.	"Кукушка" типіндегі белсенді радиолокациялық нысана	
52.	Көздеудің радиотехникалық жүйелері мен қосалқы нүктелерін пайдалана отырып, бомба лақтыруға арналған репер-нысана	
53.	Қосалқы көздеу нүктелері (жасанды)	
54.	Қосалқы көздеу нүктелері (табиғи)	
Жылжымалы және алуан түрлі жылу нысаналары		
55.	Механикалық тарту күшіндегі жылжымалы нысана	
56.	Өздігінен жүретін, телебасқарылатын нысана	
57.	Жылжымалы нысана имитаторы, радиотехникалық	
58.	Жасанды алуан түрлі жылу нысанасы	
59.	Нақты алуан түрлі жылу нысанасы (жұмыс жасайтын әскери техника)	
4. Теңіз авиациялық полигондардағы нысаналар (көк түспен белгіленеді)		
60.	Өздігінен жүретін, телебасқарылатын нысана-катер	
61.	Бұрыштық шағылыстырғыштармен белгіленген кеме-нысана, өздігінен жүрмейтін	

62.	Өздігінен жүрмейтін кеме-нысана	
63.	Үлкен корабль қалқаны (65 x 13 м)	
64.	Кіші корабль қалқаны (38 x 13 м)	
65.	Нысана – сүңгуір қайық (аналог)	
66.	Сүңгуір қайықтың нысана-елестеткіші	

Полигондарды арнайы жабдықтау (а – қызыл түспен белгіленеді)

Р/с №	Нысаналар, объектілер атауы	Шартты белгілер
67.	Оқу-жаттығу авиациялық орталық (полигон) қалашығы	
68.	Басшылықтың бақылау пункті	
69.	Полигонның командалық-бақылау пункті (басқару пункті)	
70.	Жеңіл түрдегі (ағаш) бақылау пункті (мұнара)	
71.	Күрделі түрдегі (металл, кірпіш және т.б.) бақылау пункті (мұнара)	
72.	Жеке құрамды тасалауға арналған блиндаж	

73.	Отырғызу алаңы (көлемі/отырғызу курсы)	
74.	Қоршау бекеті, жылжымалы шолғын	
75.	Түгін (түнде пиротехникалық) бекеті	
76.	Сыммен қоршау	
77.	Шлагбаум	
78.	Межелер белгісі	
79.	Ескерту белгісі б – қара түспен белгіленеді	
80.	Радиолокациялық бөлімше	
81.	Радиолокациялық станция	
82.	Радиолокациялық қашықтық өлшегіш	
83.	Радиолокациялық биіктік өлшегіш станциясы	
84.	Радиопеленгаторлық бекет	
85.	Жарық маяғы (белгінің оң жағында шақыру белгісі мен жұмыс тәртібі көрсетіледі)	
86.	Бәсең радиолокациялық нысана маркері	


87.	Жетекті радиостанция (шақыру белгілері көрсетіледі)	
88.	Метеостанция (метебекет)	
89.	Радиокедергілер станциясы	
90.	Байланыс радиостанциясы	
91.	Тұрақты сымды байланыс желісі	
92.	Уақытша сымды байланыс желісі	
93.	Радиорелейлік байланыс желісі	

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
13-қосымша


Жерүсті нысаналары бойынша оқ ату кезінде серіппелі снарядтың жан-жаққа ұшыру схемасы




Полигонда оқ ату үшін кіру секторын айқындау схемасы



Қараңғы уақытта және түнде бомба лақтыру және оқ ату үшін полигонды жабдықтау схемасы (майдандық авиация үшін)



Қараңғы түсерде және түнде бомба лақтыру және оқ ату үшін полигонды жабдықтау сызбасы (тікұшақтар үшін)



Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және

Нысан

" ____ " авиациялық полигонында ұшу жетекшісінің журналы

(Журналдың сол жағы)

_____ ұшу күні _____ тәулік уақыты

Ұшуды қамтамасыз етуге нысананы жабдықтау _____
(дайын, дайын емес)

Басшылық жасау және қоршау тобына нұсқау берілді _____
(қолы, тегі)

Ұшудың басталуы

Ұшу жетекшісінің ескертулері	Себептері мен кінәлілер
------------------------------	-------------------------

Полигондағы ұшу жетекшісі _____
(әскери атағы, қолы, тегі)
(Журналдың оң жағы)

Метеожағдай _____ ұшу нұсқасы _____
Байланыс құралдары және РТҚ ұшуы _____
(дайын, дайын емес)

—
(қолы, тегі)

Ұшудың аяқталуы _____

Әскери бөлім командирінің нұсқауы, қолы, күні	Әскери бөлім командирінің нұсқауларын орындау және кемшіліктерді жою туралы баяндау, күні, орындаушының қолы
---	--

_____ әскери бөлімінің командирі
(әскери атағы, қолы, тегі)

Жеке парақта тексерушінің ескертулері

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
17-қосымша

Нысан

(Беткі жағы)

Авиациялық полигон кезекші нарядының журналы

(Журналдың сол жағы)

_____ әскери бөлімінің ұшу күні (жылы, күні, айы), _____
әуеайлағы

Ұшуды бастау (№ өтінім бойынша) 00 с. 00 мин. (нақты уақыт), ұшуды аяқтау 00 с
.00 мин.

_____ өтінім бойынша
нысаналар

1. Ұшуға басшылық жасау тобы:

Ұшу жетекшісі _____

_____ (әскери атағы, тегі, аты-жөні)

Ұшу жетекшісінің көмекшісі (жауынгерлік басқару офицері) _____

_____ (әскери атағы, тегі, аты-жөні)

2. КП есептобы:

Взвод (бөлімше) командирі _____

РЛС планшетшісі _____

Кезекші байланысшы _____

Есептеу бөлімшесінің планшетшісі (операторы) _____

Хронометражшы _____

Белгілеушілер _____

2. БП байқаушылары:

№1 _____

№2 _____

№3 _____

№4 _____

4. Полигонды қоршау:

№ 1 бекет _____

№ 2 бекет _____

№ 3 бекет _____

(Журналдың оң жағы)

5. Байланыс және РТҚ мамандары:

РЛС _____

РС _____

АРП _____

6. Ұшу басындағы метеожағдай және оның кейіннен өзгеруі

7. Экипаждардың ұшу тапсырмаларын орындау жөніндегі ұшу жетекшісінің ескертулері (нұсқаулықты, жаттығуды орындау әдістемесін, белгіленген қауіпсіздік шараларын, ұшу режимін, радиоалмасуды бұзу).

8. Полигонды ұшуға дайындау жөніндегі ұшу жетекшісінің ескертулері:

9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі полигон жұмысын бағалау:

Полигонның КП _____

РЛГ _____

полигон взводы (бөлімшесі) _____

Радио торап _____

АРП _____

Ұшуды қамтамасыз етуді жалпы бағалау _____

Авиациялық полигон бастығы _____ Ұшу жетекшісі _____

(әскери атағы, тегі, аты-жөні)

Тексерушінің ескертуі (жеке парақта)

(әскери атағы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
18-қосымша

Нысан

Жергілікті тұрғындармен полигон аумағында қауіпсіздік шараларын сақтау туралы жүргізілетін іс-шараларды есепке алу ЖУРНАЛЫ

--	--	--	--

Іс-шараны жүргізу күні	Іс-шараны жүргізген адамның лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні	Іс-шара атауы, жүргізу орны және қатысушылар саны	Мекеме жетекшісінің лауазымы, қолы, тегі және аты-жөні және мөрі

Ескертпе:

Жүргізілген іс-шараларды есепке алу журналы толтырғанға дейін жүргізіледі, одан кейін жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
19-қосымша

Нысан

Полигонда оқу-жаттығу мен оқ атуды жүргізу туралы хабардар ету парағы 2022 жылғы " ____
"

Хабардар ету күні мен уақыты	Оқ атуды (оқу-жаттығуды) өткізу күні мен уақыты		Хабардар етуді қабылдаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні және мекеменің мөрі
	Оқ атуды (оқу-жаттығуды) бастау	Оқ-атуды (оқу-жаттығуды) аяқтау	

(хабардар етуді жүргізген адамның лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Ескертпе:

- 1) толтырылғаннан кейін хабардар ету парағы жыл бойы сақталады.
- 2) хабардар ету парағы 2 данада пысықталады (1-ші данасы хабардар етілген адамға беріледі, хабардар ету парағының 2-ші данасы өкілдің қолымен және мөрімен (болған кезде) полигон бастығында қалады).
- 3) анықтау және прокуратура органдарының талабы бойынша парақтың көшірмесі жасалады, одан кейін парақ тиісті органның рұқсатын алғанға дейін сақталады.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
20-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

____ әскери бөлімінің
командирі
2022 жылғы " ____ " ____

Полигон аумағының шекараларын бұзушысын анықтау АКТІСІ

Комиссия мынадай құрамда: _____ ә/б полигонының бастығы, _____ ә/б полигоны танк директрисасының бастығы _____ және _____ ә/б полигоны бойынша кезекші 20__ жылғы _____ сағатта _____ полигонның танк директрисасы аумағында жекеменшік фирманың жұмыскері болып табылатын _____ азаматтық адамды анықтады _____

(тегі, аты-жөні, жеке куәлігінің № немесе болмаса атап көрсету қажет)

_____ полигонының аумағында болу мақсаты.

Полигон аумағында болуға тыйым салу туралы ескертілген болатын (немесе ескертілмеген).

Бұзушымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Актімен таныстым: _____;

(бұзушының қолы, тегі, аты-жөні)

Бұзушы 20__ _____ сағатта _____ гарнизоны

_____ әскери полиция бөлімінің өкіліне _____ тапсырылды.

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Полигон бастығы _____


Объект бастығы _____

Полигон бойынша кезекші _____

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
21-қосымша

полигонның оқшау СЫЗБАСЫ



Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
22-қосымша

Ескерту белгілері, көрсеткіштері және олардың сипаттамасы

1-сурет


Ескерту белгісі

Ескерту белгілері жабдықталған траншеялардың ішкі жағы бойынша олардың бір бірінен 200 м аспайтын қашықтықта тура көрінетін полигон шекаралары периметрінің бойында орнатылады. Белгінің тірегі диаметрі кемінде 60 – 80 мм металл құбырынан әзірленеді. Тіректің биіктігі жер деңгейінен белгінің төменгі жиегіне дейін кемінде 1,5 м. Тірек биіктігі 15 см қызыл және ақ түсті жолақпен кезек-кезекпен боялады. Ең жоғары ақ жолақта қара бояумен белгінің реттік нөмірі жазылады. Белгілерді нөмірлеу полигонға басты кіреберіс жолдың сол жағынан басталады (полигон БӨП-інен сол жақта) және сағат тілінің жүрісі бойынша полигон периметрінің бойында жалғасады.

Белгі болат табағынан немесе 0,5X0,6м мөлшердегі фанерадан дайындалады. Белгіден кейін екі жағынан ақ-сары (ашық-сары) түске боялады. Белгінің бет жағына ашық-қызыл түсті жиек жағылады (қалыңдығы 5 см) және мемлекеттік және

	орыс тілдерінде "Токта! Оо ату жүргізілуде! Жүруге және өтуге тыйым салынады!" деген ескерту жазбасы жазылады...
2-сурет	"Тыйым салынған аймақ" белгісі "Тыйым салынған аймақ" деген белгілер тазарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін жүріп өтуі киын (ақсортаң учаскелері, батпақ, қалың орман, қалың бұтақ учаскелері) полигонның қауіпті учаскелері шекараларының бойында орнатылады. Қауіпті учаскелер (тыйым салынған аймақтар) қауіпсіздік шаралары жөніндегі полигонның карта-схемасына түсіріледі. Белгінің тірегі диаметрі кемінде 60 – 80 мм металл құбырынан әзірленеді. Тіректің биіктігі жер деңгейінен белгінің төменгі жиегіне дейін кемінде 1,5 м. Тіректің биіктігі 15 см қызыл және ақ жолақпен кезек-кезекпен боялады. Белгі болат табағынан немесе мөлшері 0,5X0,6м фанерадан әзірленеді. Белгіден кейін екі жағынан ақ-сары (ашық-сары) түске боялады. Белгінің бет жағына ашық-қызыл түсті жиек жағылады (қалыңдығы 5 см) және мемлекеттік және орыс тілдерінде "Тыйым салынған аймақ!" (қара бояумен) ескерту жазбасы жазылады...
3-сурет	"Жол бер" жол белгісі "Жол бер" деген жол белгісі басшылық жасау жолдарында және шынжыр табанды техника үшін өткелмен қиылысатын жерлерде аланды басқару жолдарында орнатылады. Белгі өткелден 40 – 50 м кейін жол бойында орнатылады. Сонымен қатар белгі полигонның барлық аумағындағы автомобиль қозғалысын реттеу үшін пайдаланылады. Белгінің тіректері диаметрі 60 – 80 мм металл құбырынан әзірленеді. Тіректің биіктігі жер деңгейінен белгінің төменгі жиегіне дейін кемінде 1,5 м. Тірек сұр түске боялады. Белгі қабырғаның мөлшері 0,7 м тең қабырғалы үшбұрыш түріндегі болат табағынан немесе фанерадан әзірленеді. Белгінің ауданы екі жағынан ақ түске боялады. Белгінің бет жағына ашық-қызыл түсті жиек жағылады (қалыңдығы 5 см).
	Жол бағаналары Жол діңгектері полигонының топырақ жолдарының бойында (жолдың жиегінде) орнатылады (әрбір 100 – 150 м сайын). Жол діңгектері автомобиль (шынжыр табанды) техникасы үшін (әрбір 2 м сайын) тұрақ шекараларын белгілеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Жолдың діңгектері бетоннан немесе болат құбырлардан (диаметрі кемінде 10 мм) әзірленуі мүмкін. Ақ (жоғарғы және төменгі секциялар) және қызыл (ортаңғы секция) түске боялады.

Нысан



Нысан

_____ оқу-жаттығу полигонының жарылу қаупі бар заттардан тазартылған аумағын
қабылдау-тапсыру актісі

мынадай құрамдағы комиссия: _____

_____ (лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары)
бір тараптан және _____

_____ (лауазымы, тегі және инициалдары)
жалпы ауданы _____ шаршы километр болатын жарылу қаупі бар заттардан
тазартылған

_____ ауданды (объектіні)
(координаталары мен орналасқан орны)

қабылдау-тапсыру туралы осы актіні жасады.

Тазартылған жергілікті жерді (объектілерді) бақылап тексеру кезінде жарылу қаупі бар заттар табылды/табылған жоқ.

Полигонның тазартылған аумағын:

Тапсырды: _____

(атағы, қолы, тегі)

Қабылдады _____

(атағы, қолы, тегі)

Комиссия мүшелері: _____

—

(лауазымы, қолы, тегі)

(лауазымы, қолы, тегі)

_____ көшірмесі және фотосуреттер қоса беріледі. жергілікті жер (объект)

Ескертпе:

1. Картаның көшірмесінде жарылу қаупі бар заттардың табылған және жойылған орындары көрсетіледі.

2. Жарылу қаупі бар заттардың жойылғанға дейінгі фотосуреттері және жарылу қаупі бар заттар жойылған орынның фотосуреті қоса беріледі.

3. Актіге жойылған жарылу қаупі бар заттар (маркалар бойынша, егер партия нөмірлері болса) санын көрсетумен ведомость қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
25-қосымша

Оқ атуды өткізу және көлік жүргізу үшін әскери бөлім бойынша бұйрықпен тағайындалатын әкімшілік лауазымды адамдарының тізбесі Оқ ату даярлығы:

- 1) оқ атудың аға жетекшісі;
- 2) учаскедегі оқ ату жетекшісі (учаскелер саны бойынша);
- 3) оқ ату жетекшісі (оқ атуды жүргізу кезінде);
- 4) қоршау бастығы;
- 5) қоршау(әрбір әскери қызметшіні);
- 6) кезекші байланысшы;
- 7) кезекші фельдшер (дәрігер);
- 8) бақылаушы (учаскелер саны бойынша);
- 9) жауынгерлік тамақтандыру пунктiнiң бастығы;
- 10) оқ-дәрілерді таратушы;

- 11) кезекші автомобиль жүргізушісі;
 - 12) санитариялық автомобиль жүргізушісі;
 - 13) өрт автомобилінің жүргізушісі (өрт қауіпті кезеңде);
- Танкден оқ ату кезінде ЖЖМ, БТР, ЖДМ қосымша тағайындалады:
- 14) метеобекет бастығы;
 - 15) артиллериялық шебер.

артиллериялық жүйелерден оқ ату кезінде қосымша:

16) батареяның әрбір атыс позициясына (жеке взвод, дербес оқ ату міндетін орындайтын зеңбірек) атыс делдалы);

17) артиллериялық техник (шебер).

Артиллерия бір учаскеде оқ атқан кезде учаскедегі оқ ату жетекшісінің міндеттері оқ атудың аға жетекшісіне жүктеледі.

Жауынгерлік машина мен автомобильді жүргізу:

- 18) жүргізу жетекшісі;
- 19) учаскеде көлік жүргізу жетекшісі (учаскелер саны бойынша);
- 20) танк айлағы (автоайлақ, машина айлағы) бойынша кезекші);
- 21) қоршау бастығы;
- 22) қоршау (әрбір әскери қызметшіге);
- 23) кезекші байланысшы;
- 24) сигнал беруші;
- 25) кезекші фельдшер;
- 26) жөндеу-эвакуациялау құралының жүргізушісі;
- 27) реттеуші;
- 28) есепке алушы (әр кедергіден 1-2 адамнан);
- 29) нұсқаушы (машина саны бойынша);
- 30) кезекші автомобильдің жүргізушісі;
- 31) санитариялық автомобиль жүргізушісі.

Жеңдегі таңғыштар өлшемі 12 см х 21 см, ақ негізде қара түсті әріппен жазылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері полигондарының және
оқу-жаттығу орталықтарының
қызметі қағидаларына
26-қосымша

Оқ ату (оқу-жаттығу, жүргізу) әкімшілігінде полигон бастығы тексеретін мәселелер тізбесі

Полигон бастығы әкімшіліктің лауазымды адамдарына оқ атуды (оқу-жаттығу, жүргізу) жүргізу кезінде міндеттерді, орындалатын жаттығу шартын және қауіпсіздік шарасын білуіне сауалнама жүргізгеннен кейін керек-жарағын тексереді:

- 1) қоршау нарядының жарамды байланыс құралымен және сигналдық зымырандармен қамтамасыз етілуі;
- 2) бақылаушылардың оптикалық аспаппен қамтамасыз етілуі (дүрбі, визир);
- 3) кезекші фельдшердің (дәрігердің) санитариялық сөмкесінің жиынтықталуы;
- 4) метеопост жабдығы жиынтығының болуы (штаттық атысқа);
- 5) есептеуіштердің ақаусыз байланыс құралымен, сигнал шамымен, жалаушамен және секунд өлшегішпен қамтамасыз етілуі (жүргізу үшін);
- 6) лауазымды адамдарда жеңдегі таңғыштың болуы;
- 7) жарық шағылыстырғыш лентасы бар сигналдық кеудешенің болуы (сары немесе қызғылт сары түсті);
- 8) басшыларда және ататын ауысымдар үшін түнде оқ атуды ұйымдастыруға арналған сигнал беру шамының болуы.